



Страсбург, 2026 жылғы 5 маусым

CDL-AD(2025)002

Ағылш. түпнұсқа

ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚ АРҚЫЛЫ ДЕМОКРАТИЯ ҮШІН
ЕУРОПАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ
(ВЕНЕЦИЯ КОМИССИЯСЫ)

**ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІНІҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУҒА
АРНАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН
БАҚЫЛАУ ТІЗІМІ**

**Венеция комиссиясының 145-ші
пленарлық отырысында қабылданды
(Венеция, 2025 ж. 12-13 желтоқсан)**

**Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті 135-ші сессиясында мақұлдаған
(Кишинев, 2026 ж. 15 мамыр)**

**Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясы 2026 ж. 22 мамырда мақұлдаған
(2655 (2026) қарар)**

Translation funded
by the European Union



МАЗМҰНЫ

I.	КІРІСПЕ.....	3
A.	Құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған мәселелердің бақылау тізімін жаңарту3	
B.	Соңғы өзгерістер.....	4
C.	Мәселелердің бақылау тізімінің мақсаты	5
D.	Құқық үстемдігі, адам құқықтары және демократия	5
E.	Көп деңгейлі тәсіл.....	6
II.	ӨЛШЕМШАРТТАР	7
A.	Заңдылық.....	7
1.	Заңның басымдылығы	7
2.	Мемлекеттік билік органдарының заңнаманы сақтауы	7
3.	Жеке субъектілердің іс-әрекеттеріне қатысты құқық үстемдігінің кепілдіктері.....	8
4.	Халықаралық құқық пен ішкі құқық арасындағы өзара байланыс	9
5.	Атқарушы биліктің заң шығарушылық өкілеттіктері	10
6.	Заң шығару рәсімдері.....	11
7.	Төтенше жағдайлардағы ерекшеліктер	13
8.	Заңды орындау міндеті	14
9.	Заңнаманың сақталуы және жаңа технологиялар.....	15
B.	Құқықтық анықтылық	17
1.	Заңның қолжетімділігі және болжамдығы	17
2.	Заңның тұрақтылығы мен жүйелілігі.....	18
3.	Сот шешімдерінің құқықтық анықтылығы	19
4.	Құқықтық анықтылықтың негізгі қағидаттары: заң болжалдары, бейретроактивтілік қағидаты, «заң жоқ жерде қылмыс пен жаза болмайды» қағидаты, «сот шешімінің заңды күші» қағидаты және «бір іс үшін қайта жазаланбау» қағидаты 20	
5.	Құқықтық анықтылық және жаңа технологиялар	22
C.	Билікті асыра пайдаланудың алдын алу	24
1.	Ортақ қорғану құралдары	24
2.	Процестік кепілдіктер	25
3.	Сыбайлас жемқорлық және мүдделер қақтығысы	26
D.	Тежемелер мен теңестірімелер жүйесі.....	28
1.	Институционалдық тежемелер мен теңестірімелер	28
2.	Азаматтық кеңістік үшін құқықтық шеңберді қамтамасыз ету.....	30
E.	Теңдік және кемсітушіліктің болмауы	32
1.	Кемсітушілікке жол бермеу.....	32
2.	Заң алдындағы теңдік	33
3.	Заң алдындағы теңдік	33
4.	Оң іс-әрекеттер	34
5.	Теңдік, кемсітпеушілік және жаңа технологиялар	35
F.	Сот төрелігіне қол жеткізу.....	37
1.	Сот билігінің тәуелсіздігі мен бейтараптығы.....	37
2.	Сот процесінің басқа қатысушыларының тәуелсіздігі мен бейтараптығы	40
3.	Әділ сот	42
4.	Сот жүйесіндегі цифрлық технологиялар.....	44
G.	Конституциялық бақылау	46
1.	Конституциялық бақылау	46
2.	Құрамы мен мақсаты	47
3.	Конституциялық сот төрелігіне қол жеткізу	49
4.	Шешімдердің салдары	51
H.	Құқық үстемдігі үшін ерекше сын-қатерлер.....	52
1.	Құқық үстемдігін қалпына келтіру.....	52
2.	Құқықтық және азаматтық білім беру.....	54
a.	Құқықтық білім беру.....	54
b.	Азаматтық білім беру	56

I. КІРІСПЕ

A. Құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған мәселелердің бақылау тізімін жаңарту

1. Венеция комиссиясы өзінің 86-шы пленарлық отырысында (2011 жылдың наурызында) Құқық үстемдігі туралы мәселелер жөніндегі баяндаманы (CDL-AD(2011)003rev) мақұлдады. Баяндамаға қосымшада жекелеген мемлекетте құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған мәселелердің бақылау тізімінің бірінші нұсқасы болды.

2. Осы жұмыстың нәтижелері негізінде Венеция комиссиясы өзінің 106-шы пленарлық отырысында (2016 жылдың наурызында) Құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған бақылау тізімін (CDL-AD(2016)007) мақұлдады. Бұл бақылау тізімін Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті № 1263 кеңесте (2016 жылдың қыркүйегінде), Еуропа Кеңесінің Жергілікті және өңірлік билік конгресі 31-ші пленарлық сессиясында (2016 жылғы 19–21 қазан) және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы 2017 жылғы 4-ші сессиясында (2017 жылғы 11 қазан) мақұлдады.

3. Еуропа Кеңесі мемлекет және үкімет басшыларының 4-ші саммитінде (2023 жылдың мамыры) қабылданған Рейкьявик декларациясында *«атап айтқанда, Венеция комиссиясының Құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған бақылау тізіміне көбірек көрінімділік пен мәртебе беру арқылы, сондай-ақ Ұйымның оны іске асыруға неғұрлым тиімдірек ықпал етуіне көмектесетін мүмкіндіктерді зерделеу арқылы оның маңыздылығы арттырылсын және ұстанымдары нығайтылсын»* деген үндеу бар. Рейкьявик декларациясын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті жүргізу қажеттілігі Құқық үстемдігінің сақталуын бағалауға арналған бақылау тізімінің өзінде белгілі бір кезеңділікпен белгіленген рәсім — Венеция комиссиясының Бақылау тізімін жаңартуға шақырды.

4. Каарло Туори мырза бақылау тізімін жаңарту процесінің жетекшісі болып тағайындалды. Комиссия шеңберінде жұмыс тобы құрылды. Мүдделі тараптар мен Бақылау тізімін пайдаланушылардың кең тобының қатысуымен, оның ішінде Министрлер комитетімен және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясымен (ЕКПА), Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сотпен (АҚЕС), Жергілікті және өңірлік билік конгресімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобымен (ГРЕКО), Еуропалық судьялардың консультативтік кеңесімен (ЕСКК), № 108 Конвенция Комитетімен (Т-PD), Жастар ісі жөніндегі консультативтік кеңеспен (ЖКК) және «Access Info» тобымен жан-жақты консультациялар процесі өткізілді. Еуропа Кеңесінің құрылымына кіретін ұйымдардан басқа, консультациялар процесіне, сондай-ақ Еуропалық комиссия мен Еуропалық одақтың негізгі құқықтар жөніндегі агенттігі, Біріккен Ұлттар Ұйымының судьялар мен адвокаттардың тәуелсіздігі мәселелері жөніндегі Арнайы баяндамашысы, өңірлік омбудсмен ұйымдар, ұлттық конституциялық соттар, ғылыми топтар мен азаматтық қоғам өкілдері де қатысты.

5. Венеция комиссиясы мен оның әріптестері төрт мынадай ғылыми семинар ұйымдастырды: жеке өкілеттіктер мәселелері бойынша (Мадрид, 2024 ж. қараша); Конституциялық соттардың шешімдерін сақтау мәселелері бойынша (Ереван, 2024 ж. қараша); трансұлттық конституциялық стандарттар мәселелері бойынша (Венеция, 2025 ж. наурыз); және Венеция комиссиясының 1990–2025 жылдар аралығындағы қызметі мәселелері бойынша – Құқық арқылы демократия игілігі жолындағы 35 жылдық жұмыстың қорытындысын шығару (Милан, 2025 ж. мамыр). 2025 жылдың шілдесінде Венеция комиссиясы Лондонда Біріккен Корольдік үкіметімен және Бингхэм Орталығымен бірлесіп құқық үстемдігі мәселелері бойынша конференция ұйымдастырды.

6. Бұл жаңартылған құжат Туори мырза, сондай-ақ Барретт мырза, Бернусси ханым, Билкова ханым, Бустос Гисберт мырза, Кэмерон мырза, Картабия ханым, Головата мырза, Хант мырза, Нуссбергер ханым, Отти мырза және Сухоцкая ханым ұсынған материалдар негізінде, консультациялар барысында келіп түскен барлық ескертулерді ескере отырып, дайындалды.

7. Жаңартылған бақылау тізімінде Венеция комиссиясы негізінен бастапқы құрылымын сақтап қалды. Комиссия құқық үстемдігінің стандарттарын әртүрлі тәсілдермен топтастыруға болатындығын түсінеді. Дегенмен, Комиссия өлшемшарттардың негізгі бөлінісіне салыстырмалы түрде шамалы өзгерістер ғана енгізуді орынды деп тапты, өйткені көпшілік мақұлдағандай бұл негізгі құрылым «заң үстемдігі» құқықтық ұғымының дәлме-дәл анықтамасын береді. Алайда, 2016 жылдан бері орын алған бірқатар маңызды оқиғалар

тежемелер мен теңестірімдердің тиімді тетіктерінің, сондай-ақ заң үстемдігі мен демократияның діңгегі болатын және осы салалардағы регрессиядан қорғайтын конституциялық бақылаудың тиімді тетіктерінің ерекше маңыздылығын көрсетті. Осы себепті тежемелер мен теңестірімдер жүйесі және конституциялық бақылау қазіргі кезде заң үстемдігінің нақты өлшемшарттары деңгейіне шығарылды.

8. Жаңартылған бақылау тізімі 2025 жылғы 9 қазанда және 11 желтоқсанда Венеция құқық үстемдігі және сот жүйесі мәселелері жөніндегі комиссиясының кіші комиссияларының бірлескен отырыстарында қаралды. Оны Венеция комиссиясы 145-ші пленарлық отырысында (Венеция, 2025 жылғы 12-13 желтоқсан) қабылдады.

В. Соңғы өзгерістер

9. 2011 жылғы Құқық үстемдігі мәселелері жөніндегі баяндама және 2016 жылғы Бақылау тізімі Венеция комиссиясының қорытындылары мен баяндамаларында ғана емес, сонымен қатар АҚЕС шешімдері мен ЕКПА қарарларында, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен Еуропалық Одақ Соты (ЕОС) жүзеге асыратын құқық үстемдігінің мониторингі шеңберінде басшылыққа алынды. Осы тізімдегі өлшемшарттар заң үстемдігі қағидатының заңдық мазмұнының анықтамасы ретінде кеңінен танылды. Тізім сонымен қатар заң үстемдігі қағидатын құқықтық тұжырымдама ретінде нығайтуға және жалпы құқық жүйесіндегі заң үстемдігі тұжырымдамасы және *Rechtsstaat*, *l'État de droit* немесе *la prééminence du droit* құрылықтық-еуропалық тұжырымдамалары сияқты заңдық және мәдени тұрғыдан ерекшеленетін ұғымдардың ортақ өзегін анықтауға ықпал етті.

10. Алайда, 2016 жылғы Бақылау тізімі қабылданған кезден бастап Еуропадағы және оның аумағынан тыс бірқатар елдерде, сондай-ақ халықаралық деңгейде құқық үстемдігі саласында кері серпіліс байқалады. Еуропа Кеңесінде де, Еуропалық одақта да, соның ішінде АҚЕС және ЕОС тарапынан бұл кері серпіліске реакция заң үстемдігі саласындағы, атап айтқанда сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты талаптарды айқындауға және нақтылауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты АҚЕС және ЕОС шешімдерін орындауға байланысты мынадай жаңа сұрақ туындады: құқық үстемдігіне құрметпен қарай отырып, құқық үстемдігін қалай тиімді және жедел қалпына келтіруге болады?

11. Венеция комиссиясы өзінің жекелеген елдер бойынша қорытындыларында құқық үстемдігі қағидатын бұзу көбінесе «жеңімпазға бәрі тиесілі» деген тәсілді және мажоритарлық демократия туралы ығшамдалған түсінікті көрсетеді деп атап өтеді. Жоғарыда айтылғандай, Комиссияның пікірінше, құқық үстемдігі мен демократия қағидаттарынан ауытқу тежемелер мен теңестірімдердің тиімді тетіктерінің, сондай-ақ конституциялық соттар, омбудсмендер немесе адам құқықтары жөніндегі басқа тәуелсіз ұлттық институттар мен сайлау комиссиялары сияқты көпшілік қағидатына негізделмеген тәуелсіз институттардың маңыздылығын көрсетті.

12. Заң шығарушы және атқарушы биліктің жүзеге асырылуы тәуелсіз және бейтарап сот билігі тарапынан оның конституцияға сай болуы мен заңдылығы тұрғысынан тексерілуге жатады. Шешімдері толық көлемде орындалатын тиімді жұмыс істейтін және тәуелсіз сот жүйесі құқық үстемдігінің сақталуы мен нығаюы үшін аса маңызды.

13. 2016 жылдан бастап құқық үстемдігінің кейбір негізге алынатын қағидаттарына (мысалы, жеке шешім қабылдаушы тұлғалардың есеп берушілігі немесе сот билігінің тәуелсіздігі) қатысты технологиялардың қарқынды дамуы байқалады. Сондай-ақ, цифрландыруға және құқық үстемдігі шеңберінде шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты жеке субъектілердің, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей платформалардың рөлі артты. Технологиялық жетістіктер мен жеке субъектілердің, әсіресе осы саладағы ықпалының күшеюі көбінесе трансшекаралық салдарға әкеп соқтыратыны оларды құқық үстемдігі құралдарының көмегімен реттеуді одан әрі қиындатады.

14. Осы өзгерістердің барлығы Құқық үстемдігінің сақталуы жөніндегі бақылау тізімінің жаңартылған нұсқасында - не тікелей бақылау көрсеткіштерінің өзінде не құқық үстемдігі саласындағы нақты сын-қатерлерге арналған жеке бөлімде ескерілді.

С. Мәселелердің бақылау тізімінің мақсаты

15. Осы бақылау тізімі нақты елдегі құқық үстемдігінің жай-күйін оның конституциялық және құқықтық құрылымдары, қолданыстағы заңнама және қолданылатын сот практикасы тұрғысынан бағалауға арналған. Бұл бақылау тізімі объективті, мұқият, ашық және әділ бағалауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл бақылау тізімінде жалпы құқық жүйесіндегі құқық үстемдігі тұжырымдамасы (Rule of Law) мен *Rechtsstaat, estado de derecho, stato di diritto* және *l'État de droit (la prééminence du droit)* сияқты құрылықтық Еуропа тұжырымдамалары арасындағы айырмашылықтар ескеріледі, бірақ оның мақсаты - осы ұғымдардың ортақ нормативтік элементтерін бөліп көрсету. Бұдан өзге, бұл бағдарлар барлық қатынастарда және кез келген мән-жайларда қолданылатын міндетті талаптардың жиынтығы емес, құқық үстемдігі қағидаттарының сақталуын нақты жалпы бағалауға мүмкіндік беретін кешенді нұсқаулық ретінде пайдалануға арналған.

16. Мәселелердің осы бақылау тізімі осындай бағалауды жүргізу туралы шешім қабылдай алатын әртүрлі субъектілердің құрал ретінде пайдалануына арналған: оларға парламенттер, үкіметтер және басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ заң шығару реформасының қажеттілігі мен мазмұны туралы мәселелерді қарау кезінде жергілікті және өңірлік билік органдары, азаматтық қоғам ұйымдары және халықаралық ұйымдар, оның ішінде өңірлік ұйымдар - атап айтқанда, Еуропа Кеңесі мен Еуропалық одақ жатады.

17. Өз бастамасы бойынша белгілі бір елдегі құқық үстемдігінің жай-күйін бағалау Венеция комиссиясының өкілеттігіне кірмейді. Алайда, Комиссия нақты ел бойынша қорытынды дайындау шеңберінде құқықтың үстемдігіне қатысты мәселелерді сұрау салу бойынша қарайтын жағдайларда, ол өзінің талдауын өз құзыреті шегінде бақылау тізімінің өлшемшарттарына негіздейтін болады.

18. Алдыңғы тізім сияқты бұл тізім де толық не түпкілікті емес. Оның мақсаты - заң үстемдігінің негізгі элементтерін қамту. Уақыт өте келе олар өзгеруі мүмкін, сондықтан жаңа аспектілерді қосу немесе белгілі бір өлшемшарттарды егжей-тегжейлі сипаттау мақсатында бақылау тізімін пысықтау қажет. Құқық үстемдігіне байланысты жаңа мәселелер туындауы мүмкін және осы құжатты қайта қарауды талап ететін жаңа стандарттар әзірленуі мүмкін. Венеция комиссиясы алдағы уақытта да осы бақылау тізімін үнемі қайта қарап, жаңартып отырады.

19. Бұл бақылау тізімінде құқықтық кепілдіктерге баса назар аударылады. Алайда, құқық үстемдігі шешім қабылдаушы тұлғалар мен тұтастай алғанда бүкіл халық оның сақталуы үшін ұжымдық жауапкершілікті сезінетін, оны өздерінің құқықтық және саяси мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыратын елде ғана өркендей алады.¹ Формалды нормалар формалды емес нормалармен толықтырылуға тиіс. Дегенмен, Венеция комиссиясы құқық үстемдігін мәдени және қоғамдық қолдау формалды кепілдіктердің қажеттілігін жоймайтынын атап өткісі келді. Құқық үстемдігі саласындағы соңғы үрдістер құқықтық және саяси мәдениеттің тұрақты емес екенін және тез өзгеруі мүмкін екенін көрсетті.

20. Қолайлы және қолдаушы құқықтық және саяси мәдениеттен, еркін бұқаралық ақпарат құралдарынан және қырағы азаматтық қоғамнан өзге, Венеция комиссиясы құқықтық және азаматтық білім берудің маңыздылығын атап көрсетеді. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету негізінен құқық үстемдігін ілгерілетуде құзыреттілігі мен адалдығы шешуші рөл атқаратын заң мамандығы өкілдеріне жүктеледі. Дегенмен, құқық саласындағы мамандардың заңгерлік білімі қалың жұртшылықты адам құқықтарын, демократияны және құқықтың үстемдігін құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған азаматтық білім берумен толықтырылуға тиіс.

D. Құқық үстемдігі, адам құқықтары және демократия

21. Құқық үстемдігі демократиямен және адам құқықтарымен, *яғни* Еуропа Кеңесінің басқа да негіз болатын құндылықтарымен тығыз байланысты. Құқық үстемдігі, адам құқықтары және демократия өзара байланысты. Демократия халықтың қоғамдағы шешімдер қабылдау және қоғамдық талқылау процестеріне қатысуымен байланысты, бұл мемлекеттік шешімдерді заңдастыруға ықпал етеді. Адам құқықтары адамдарды олардың бостандықтары мен құқықтарына негізсіз және шамадан тыс қол сұғушылықтан қорғауға, сондай-ақ адамның қадір-

¹ Құқық үстемдігі қағидатын толық сақтаудың шарты - аумақты тиімді және үздіксіз бақылауды жүзеге асыратын үкіметтің болуы.

қасиетін қамтамасыз етуге арналған, ал құқық үстемдігі мемлекеттік билікті жүзеге асыруды шектеуге және оның тәуелсіз бақылауына бағытталған. Басқаша айтқанда, қоғамдық мүдделерді көпшілік айқындағанымен, құқық үстемдігі мен адам құқықтары көпшілік жасай алатын әрекеттерге процестік және материалдық шектеулерді белгілейді. Демократия, адам құқықтары және құқық үстемдігі ортақ мақсатты көздейді: биліктің бір қолға шоғырлануының және жосықсыз пайдаланылуының алдын алу.

22. Егер адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етпесе, құқық үстемдігі мәнсіз болар еді. Сол сияқты, адам құқықтары құқық үстемдігі қағидаты сақталған жағдайда ғана қорғалуы және көтермеленуі мүмкін. Құқық үстемдігі адам құқықтарын қорғау мен құрметтеуді болжайтынын мойындай отырып, бұл бақылау тізімінде адам құқықтары құқық үстемдігінің нақты аспектілерімен байланысты болған жағдайларда ғана тікелей қарастырылады.

23. Құқық үстемдігі билікке шектеулер қою, мемлекеттік билікке ие тұлғалардың есеп берушілігін қамтамасыз ету және адам құқықтарын, атап айтқанда азшылық топтарды көпшілік топтардың озбырлығынан қорғайтын, сондай-ақ азаматтық қоғам мен еркін бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптастыратын және қорғайтын құқықтарды қорғау арқылы демократияның дамуына ықпал етеді. Адам құқықтары сияқты, бұл бақылау тізімінде демократиялық жүйенің құқық үстемдігімен байланысты компоненттері қарастырылады.

Е. Көп деңгейлі тәсіл

24. Құқық үстемдігі - әмбебап сипатқа ие тұжырымдама. Құқық үстемдігін Біріккен Ұлттар Ұйымы, ал өңірлік деңгейде Еуропа Кеңесі, Еуропалық одақ, Америка мемлекеттерінің ұйымы және Африка одағы негізге алынатын қағидаттардың бірі ретінде жариялады. Құқық үстемдігі қағидатына сілтемелерді Араб мемлекеттері лигасының бірқатар құжаттарынан табуға болады.

25. Тарихи тұрғыдан демократияға, адам құқықтарына және құқық үстемдігіне қатысты қағидаттар бастапқыда мемлекеттік (үкіметтік) билікті бақылау және реттеу үшін әзірленгенімен, қазіргі әлемде көпшілік билігі тек мемлекетте ғана емес, сонымен қатар мемлекеттен тыс және субмемлекеттік деңгейлерде жүзеге асырылады. Бұдан өзге, жеке субъектілер мемлекеттік органдардың ықпалымен салыстыруға келетін, кейде одан да асып түсетін ықпалға жиірек ие бола бастады. Негізінде, құқық үстемдігі биліктің жинақталуы мен жүзеге асырылуын бақылауға алуды және билік қайда болса да, мемлекеттік немесе жеке субъектілерде болсын, барлық деңгейлерде оны асыра пайдаланудың алдын алуды талап етеді.

26. Конституциялық құрылым шеңберінде демократиялық жүйедегі жергілікті және өңірлік билік органдарының тәуелсіздігі мен тиімділігі де құқық үстемдігі үшін ерекше маңызға ие. Мұндай органдар өзімен өзі тежемелер мен теңестірімдердің тиімді жүйесін құруға ықпал ете алады, ал құқық үстемдігі, әсіресе мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда олардың тәуелсіздігі мен тиімділігінің маңызды көпірі бола алады. Жекелеген мемлекеттер шегінде құқық үстемдігі қағидаттары ұлттық, өңірлік және жергілікті билік органдарын жеке субъектілермен қарым-қатынастарда оларды сақтауға міндеттейді. Мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде құқық үстемдігі қамтамасыз етілуі тиіс.

II. ӨЛШЕМШАРТТАР

А. Заңдылық²

1. Заңның басымдылығы

Заңның басымдылығы таныла ма?

- i. Адам құқықтарын, биліктің бөлінуін және демократиялық қағидаттарды бекітетін жазбаша конституция бар ма?
- ii. Құқықтық актілердің айқын иерархиясы жасақталған ба және нормативтік актілер арасындағы қайшылықтарды реттеудің айқын қағидалары бар ма?
- iii. Заңнаманың конституцияға сәйкестігі қамтамасыз етілген бе?³
- iv. Конституция немесе заң талап еткен жағдайда заңнама кідіріссіз қабылдана ма?

27. Конституционализм қағидаты Конституция ең жоғары орында тұратын заңнамалық актілер иерархиясының болуын болжайды⁴. Конституцияда халықаралық стандарттарға сәйкес негізгі құқықтар мен бостандықтар бекітілуге тиіс. «Құқық» ұғымы тек конституцияларды, халықаралық құқықты, заңдарды және заңға тәуелді актілердің әртүрлі нысандарын ғана емес, сонымен қатар тиісті жағдайларда міндетті күші бар сот шешімдерін де қамтиды.⁵ Конституция мен кәдімгі заңдардың үстемдігі төменгі сатыдағы тәртіп нормаларының неғұрлым жоғары сатыдағы тәртіп нормаларына сәйкестігі тұрғысынан тексерілуге жататынын білдіреді.

2. Мемлекеттік билік органдарының заңнаманы сақтауы

Мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнама негізінде және соған сәйкес әрекет ете ме?⁶

- i. Мемлекеттік органдардың өкілеттіктері заңмен айқындалған ба және олардың аражігі анық ажыратылған ба?⁷
- ii. Мемлекеттік органдардың өздерінің заңды өкілеттіктерінің шегін міндетті түрде сақтауын қамтамасыз ететін тетік бар ма?
- iii. Мемлекеттік органдар тарапынан адам құқықтарының тиімді жүзеге асырылуын және қорғалуын қамтамасыз ететін тетіктер бар ма?

² Заңдылық қағидатын Еуропалық одақ Соты құқық үстемдігі аспектілерінің бір ретінде тікелей мойындады (2004 ж. 29 сәуірдегі «Комиссия CAS Succhi di Frutta-ға қарсы» [C-496/99](#) Р ісі бойынша ЕОС шешімінің 63-т. қараңыз).

³ Конституциялық бақылауға қатысты төмендегі G өлшемшартын қараңыз.

⁴ Біріккен Корольдік сияқты жазбаша конституциясы жоқ елдерде де негізге алынатын конституциялық қағидаттар танылады. Біріккен Корольдік жағдайында Конституциялық реформа туралы заңда мынадай екі негізге алынатын конституциялық қағидат туралы айтылады: құқық үстемдігі және сот билігінің тәуелсіздігі. Негізгі құқықтарды қорғау сонымен қатар бастапқы заңнамамен және жалпы құқықпен соттар қалыптастырған сот практикасы нысанында қамтамасыз етіледі.

⁵ «Нормативтік актілер де, сот практикасы да «құқық» ұғымы деп түсініледі», АҚЕС, 2006 ж. 29 наурыздағы № [67335/01](#) «Ашур Францияға қарсы» ісі, 42-т.; 2010 ж. 17 мамырдағы № [36376/04](#) «Кононов Латвияға қарсы» ісі [ГК], 185-т.

⁶ Адам құқықтарын қозғайтын іс-әрекеттер мен шешімдерге қатысты «заңға» сілтеме Адам құқықтары туралы еуропалық конвенцияның бірқатар ережелерінде, оның ішінде 6.1, 7-баптарда, сондай-ақ негізгі бостандықтардың шектелуіне қатысты 8.2, 9.2, 10.2 және 11.2-баптарда қамтылған. Атап айтқанда, АҚЕС-тің 2000 жылғы 16 ақпандағы № [27798/95](#) «Аманн Швейцарияға қарсы» ісі, 50-т.; 2014 жылғы 12 наурыздағы № [26828/06](#) «Курич және басқалар Словенияға қарсы» ісі [ГК], 341-т. бойынша шешімдерін қараңыз.

⁷ Дискрециялық өкілеттіктер, әрине, қолайлы, бірақ бақылауда болуға тиіс. Төмендегі II.C.1 бөлімін қараңыз.

- iv. Мемлекеттік органдардың Конституцияға сәйкессіздік туралы сот шешімдерін орындауын қамтамасыз ететін тетік бар ма?
- v. Атқарушы биліктің іс-әрекеттері Конституцияға және басқа заңдарға сәйкес келе ме?
- vi. Атқарушы биліктің актілері мен шешімдерінің заңдарға сәйкестігіне тиімді сот бақылауы бар ма?

28. Құқық үстемдігінің негізгі қағидаттарының бірі - мемлекеттік органдар өкілеттіктерінің заңмен айқыналуы. Заңдылық мемлекеттік лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне қатысты болғандықтан, ол сондай-ақ олар мұндай іс-әрекеттерді жасауға өкілеттіктерге ие болуға, оларға берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етуге және процестік және материалдық құқықты сақтауға тиіс деп болжайды.

3. Жеке субъектілердің іс-әрекеттеріне қатысты құқық үстемдігінің кепілдіктері

Қоғамдық міндеттерді орындайтын немесе белгілі бір саладағы өзінің үстем жағдайына байланысты қарапайым азаматтарға мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері сияқты ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға және шешімдер қабылдауға қабілетті жеке субъектілердің қызметі жеткілікті түрде реттеле ме?

- i. Жеке субъектілер жария функцияларды орындайтын және (немесе) қарапайым азаматтарға мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері сияқты ықпал ететін іс-әрекеттер жасап, шешімдер қабылдай алатын жағдайларда, заң осы жеке субъектілерге мемлекеттік органдарға қолданылғандай құқық үстемдігі мен адам құқықтарына қатысты талаптардың қолданылуына кепілдік бере ме?
- ii. Мұндай жеке субъектілер құқық үстемдігінің талаптарына қолданыс аясына түсе ме және мемлекеттік органдармен бірдей шамада жауапты бола ма? Мұндай жеке субъектілердің іс-әрекеттері мен шешімдеріне қатысты тиімді сотта қайта қарау мүмкіндігі бар ма?
- iii. Заңнама мемлекеттік шешімдер қабылдау және сайлау процестерін ықпалды жеке субъектілердің заңсыз ықпалынан қорғау тетіктерін көздей ме?
- iv. Жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің жеке жеткізушілері жағдайында:
 - a. Атап айтқанда, тәуекелдер мен салдарларға бағалау жүргізуді көздейтін ЖИ жүйелерін реттеу жүйесі бар ма?
 - b. Тиісті жағдайларда ЖИ жүйелерінің ақаулықтары үшін жеке субъектілердің жауапкершілігі қамтамасыз етілген бе?
 - c. ЖИ пайдалану саласында бақылау мен есеп берушілікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тетік бар ма?

29. Бірқатар салаларда мемлекет гибриді (мемлекеттік-жекешелік) субъектілерге немесе жеке ұйымдарға дәстүрлі түрде мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін, соның ішінде пенитенциарлық жүйені басқару, қадағалау, терроризмге қарсы күрес, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету мен бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу сияқты салалардағы өкілеттіктерді берді. Сондай-ақ, жеке субъектілер белгілі бір секторларда үстем жағдайға ие болғаны соншалықты, олардың өкілеттіктерінің ауқымын әдетте егемен мемлекеттер жүзеге асыратын өкілеттіктермен салыстыруға болатын салалар бар. Құқық үстемдігі қағидаты осындай жағдайларда да қажетті түзетулермен қолданылуға тиіс. Құқық үстемдігі биліктің шығу тегіне қарамастан айтарлықтай шоғырлануын реттеуге негізделген және осылайша ол мемлекет жеке субъектілерге нақты берген өкілеттіктерді реттеу қажеттілігі шеңберінен шығады. Құқық үстемдігі әрқашан көлденең аспектіге ие болды, бұл сотқа жүгіну және сотта істің әділ қаралуы құқығы туралы талаптармен көрнекі түрде көрсетіледі.⁸ Барлық дерлік елдердің құқықтық жүйелерінде жария және жеке құқық арасындағы айырмашылық бұрыннан

⁸ Сот төрелігіне қол жеткізу туралы төмендегі F өлшемшартын қараңыз.

танылғанымен, құқық сонымен қатар жеке саланы, мысалы, монополияға қарсы құқық және бәсекелестік құқығы, Интернеттегі қауіпсіздікті реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және еңбек құқығы сияқты салаларда әртүрлі тәсілдермен реттейді. Егер жеке субъектілер мемлекеттің өкілеттіктеріне ұқсас өкілеттіктерді жүзеге асыра отырып немесе мұндай жүзеге асыру демократияның, адам құқықтарының немесе құқық үстемдігінің негізге алынатын қағидаттарына қауіп төндіретін дәрежеде қоғамдық міндеттерді орындаса (соның ішінде қоғамдық қызметтерді көрсетсе), онда бұл жеке билік тек «шарт бостандығының» немесе нарықтық күштердің бақылауында қалмай, сонымен қатар демократиялық жолмен сайланған заң шығарушы органның тарапынан тиісінше реттелуге және тиімді сот қадағалауынан өткізілуге тиіс.⁹ Жеке субъектілердің қызметін реттеу, атап айтқанда, мемлекеттің адам құқықтарының жүзеге асырылуын және тиімді қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық оң міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуге тиіс.¹⁰ Бұл әсіресе сөз бостандығы мен қоғамдық пікірталас мәнісінде, сондай-ақ онлайн платформаларға қол жеткізу, оларды пайдалану және реттеу тұрғысынан маңызды.

30. Жасанды интеллект (ЖИ) мұқият және сарапталған тәсілді қажет ететін қарама-қайшы мәселелерді көтереді, өйткені олар әртүрлі міндеттемелер мен мүдделі тараптарды қозғайды. Біріншіден, ЖИ жүйелерін әзірлеу және енгізу құқық үстемдігіне, адам құқықтарына және демократияға қалай әсер етеді деген сұрақ туындайды. Бұл жағдайда жаңа міндеттемелер қолданылатын негізгі субъектілер негізінен жеке субъектілер болып табылады. ЖИ жүйелерінің өміршеңдік кезеңі шеңберіндегі барлық іс-әрекеттердің құқық үстемдігі, адам құқықтары және демократия қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін оларға арнайы қағидалар қолданылуға тиіс. Екіншіден, мемлекеттік органдар ЖИ жүйелерін құқық үстемдігі, адам құқықтары және демократия қағидаттарынан туындайтын талаптарға толық сәйкестікте пайдалана алатын жағдайларды анықтайтын жаңа нақты міндеттемелерді ұсыну керек. ЖИ жүйелерінің жеке жеткізушілеріне келетін болсақ, ЖИ жүйелерін коммерциялық пайдалануға рұқсат беретін және оларға қадағалауды жүзеге асыратын реттеу жүйесін әзірлеу қажет, өйткені мұндай жүйелер құқық үстемдігінің негізге алынатын қағидаттарына нұқсан келтіруі мүмкін. Мұндай басқару жүйесі, атап айтқанда, адам құқықтарына, құқық үстемдігі мен демократияға қатысты тәуекелдер мен салдарларға алдын ала бағалау жүргізуді көздейтін еді. Бұл басқару жүйесі жеткілікті ресурстарға, соның ішінде тергеу жүргізу жөніндегі өкілеттіктерге, сондай-ақ кадрлық және қаржылық қолдауға ие тәуелсіз қадағалау және есеп беру органын қамтуға тиіс.

4. Халықаралық құқық пен ішкі құқық арасындағы өзара байланыс

Ұлттық құқықтық жүйе мемлекеттің халықаралық құқық бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ете ме?

- i. Ортақ құқықтық база мемлекеттің халықаралық құқық нормаларын сақтау және халықаралық соттардың шешімдерін орындау міндетін көздей ме?
- ii. Халықаралық және ішкі құқық арасындағы өзара қатынастарды, сондай-ақ халықаралық міндеттемелерді ішкі құқыққа ауыстыру тәртібін реттейтін айқын құқықтық нормалар бар ма?¹¹

⁹ Олардың шеңберінде мемлекет әртүрлі салалардағы (пошта қызметтері, банк қызметтері, көлік, денсаулық сақтау, қарттарға күтім жасау, мүгедектерге көмек көрсету, әлеуметтік тұрғын үй және т.б.) азаматтар үшін қолайлы бағамен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайтын әмбебап көрсетілетін қызметтер/ортақ мүддедегі көрсетілетін қызметтер туралы ЕО тұжырымдамаларын қараңыз. Сондай-ақ, [2011 жылғы БҰҰ Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызмет жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарын](#) («Рагги қағидаттары») және Еуропа Кеңесінің адам құқықтары мен бизнес туралы [CM/Rec\(2016\)3](#) ұсынымын қараңыз.

¹⁰ Мемлекеттің жеке субъектілермен қатынастарда жеке тұлғалардың негізгі құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі оң міндеттемелері туралы соңғы ескертулерді 2024 ж. 12 желтоқсандағы № [11829/16](#) «Хасмик Хачатрян Арменияға қарсы», 148-155 және 167-204-тармақтар (АҚЕК 3-бабына қатысты); 2024 ж. 3 желтоқсандағы № [28935/21](#) «M.S.D. Румынияға қарсы», 118-158-тармақтар (АҚЕК 8-бабына қатысты); 2023 ж. 28 қарашадағы № [18269/18](#) «Крачунова Болгарияға қарсы», 158-177-тармақтар (АҚЕК 4-бабына қатысты); және 2016 ж. 12 қаңтардағы № [61496/08](#) «Барбулеску Румынияға қарсы» [ГК] істері, 108-141-тармақтар (АҚЕК 8-бабына қатысты) бойынша АҚЕС шешімдерінен қараңыз.

¹¹ 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 26-бабын («*Pacta sunt servanda*») және 27-бабы («Ішкі құқық және шарттарды орындау»); Венеция комиссиясы, [CDL-](#)

- | | |
|------|--|
| iii. | Халықаралық соттар мен халықаралық құқық қорғау органдарының шешімдерін, пікірлерін, ұсынымдары мен қорытындыларын тиісті түрде ескерудің айқын міндеттемесі бар ма? |
| iv. | Заңнаманың халықаралық міндеттемелерге сәйкестігі қамтамасыз етілген бе? ¹² |

31. Мемлекеттер халықаралық құқық бойынша өз міндеттемелерін адал орындауы тиіс деген қағидат халықаралық құқықтың заңдылық қағидатын білдіретін тәсілі болып табылады. Халықаралық құқық кәдімгі халықаралық құқық немесе шарттық құқық нормаларын ішкі құқықтық жүйеге енгізудің қандай да болсын нақты тәртібін белгілемейді. Алайда, мемлекеттің «шарттың орындалмауын»¹³ немесе кәдімгі халықаралық құқық нормасының немесе халықаралық құқықтың өзге де міндетті қайнар көзінің сақталмауын ақтайтын дәлел ретінде өзінің ішкі құқық ережелеріне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Мемлекеттер халықаралық сот органдарының орындалуы міндетті шешімдерін тиісінше орындауға тиіс. Олар сондай-ақ Халықаралық Соттың консультативтік қорытындылары, Адам құқықтары жөніндегі еуропалық соттың консультативтік қорытындылары, сондай-ақ, мысалы, Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінің немесе БҰҰ келісімшарт органдарының пікірлері, жалпы ескертулері немесе ұсынымдары сияқты міндетті күші жоқ шешімдерді тиісінше ескеруге тиіс.

32. Құқық үстемдігі қағидаты монизм мен дуализм арасында немесе халықаралық құқықты ішкі құқықтық жүйеге тікелей және жанама түрде қосу арасында таңдау қоймайды, алайда «*pacta sunt servanda*» («шарттар орындалуға тиіс») қағидаты ұлттық тәсілге қарамастан халықаралық және ішкі құқық арасындағы өзара қатынастарға қолданылады. Қалай болғанда да, халықаралық құқық тұрғысынан халықаралық құқықтың міндетті нормаларын ұлттық деңгейде толық жүзеге асыру өте маңызды. Халықаралық құқық ішкі құқықтың бөлігі болған кезде ол құқықтың үстемдігіне қатысты жоғарыда көрсетілген тармақтың мағынасында міндетті күшке ие болады.¹⁴ Алайда, бұл ішкі құқық шеңберінде ол әрқашан конституциядан немесе әдеттегі заңнамадан басым болуы керек дегенді білдірмейді.

5. Атқарушы биліктің заң шығарушылық өкілеттіктері

Заң шығарушы органның заң шығарушы ретіндегі негізгі рөлі қамтамасыз етілген бе?

- | | |
|------|--|
| i. | Негізінен, жекелеген азаматтар мен қоғамға айтарлықтай ықпал ететін мәселелер бойынша жалпы және абстрактілі нормаларды атқарушы билік емес, заң шығарушы билік белгілеуі үшін ортақ заңнамалық база талап ете ме? |
| ii. | Жоғарыда көрсетілген қағидаттан тыс жайттарға жол беріле ме? Бұл ерекшеліктер уақыт жағынан шектеулі ме және оларды заң шығарушы және сот билігі бақылай ма? Теріс пайдаланушылыққа қарсы тиімді құрал бар ма? |
| iii. | Заң шығарушылық өкілеттіктерді беру кезінде орынды болса, субсидиарлық қағидаты қолданыла ма? |
| iv. | Заң шығарушы орган заң қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді атқарушы билікке берген кезде заңнамалық актіде осындай өкілеттіктердің мақсаттары, мазмұны, қолданылу аясы және қажет болған жағдайда қолданылу мерзімдері айқын және нақты анықтала ма? |

33. Атқарушы биліктің шектеусіз өкілеттіктері, *de jure* немесе *de facto*, абсолютизм мен диктаторлық жүйелердің басты ерекшелігі болып табылады. Қазіргі заманғы конституционализм осындай жүйелерден қорғау үшін әзірленген, сондықтан заң шығарушы

[STD\(1993\)006](#), «Халықаралық және ішкі құқық арасындағы өзара қатынастар», 3.6 («Шарттар»), 4.9 («Халықаралық әдет-ғұрып»), 5.5 («Халықаралық ұйымдардың шешімдері»), 6.4-тармақтарын («Халықаралық сот шешімдері мен қаулылары»); [CDL-AD\(2014\)036](#), Ішкі құқықта адам құқықтары жөніндегі шарттардың жүзеге асырылуы және соттардың рөлі туралы баяндаманың 50-тармағын қараңыз.

¹² Халықаралық стандарттардың орындалуына қатысты төменде келтірілген конституциялық бақылауға қатысты G өлшемшартын қараңыз.

¹³ Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 27-бабы, сондай-ақ 46-бапты («Халықаралық шарттар жасасу өкілеттіктеріне қатысты ішкі құқықтың ережелері») қараңыз.

¹⁴ Құқық үстемдігіне арналған жоғарыдағы II.A.1. бөлімін қараңыз.

билікке атқарушы биліктің өкілеттіктерін бақылау мүмкіндігін бере отырып, конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді. Демократия қоғам үшін маңызды деп есептелетін мәселелерді реттеу, әдетте, халық өкілдері - заң шығарушы орган қабылдаған заң негізінде жүзеге асырылуға тиіс деп болжайды. Алайда, заң шығарушы органның ұлттық деңгейде күрделі қазіргі заманғы қоғамды реттеу үшін қажетті барлық нормаларды қабылдауы мүмкін емес. Сараптамалық біліммен, заңдарды қабылдаудың жеделдігімен, жергілікті жағдайларды білумен (және т.б.) байланысты дәлелді себептер заңнаманың қайталама нысандарын пайдалануды негіздей алады. Осындай негіздеме негізінде конституция үкіметке, атқарушы органдарға немесе жергілікті және өңірлік билік органдарына нормаларды белгілеу құқығын бекіте алады не заң шығарушы орган мұндай өкілеттіктерді бере алады. Алайда, мұндай өкілеттіктерді беру, атап айтқанда, үкіметке және басқа атқарушы немесе заң шығарушы органдарға заң қабылдау жөніндегі тым кең өкілеттіктерді берудің алдын алу үшін айқын түрде тұжырымдалып, нақтылануға тиіс. Өртүрлі конституциялық жүйелер бұл тұрғыда демократия мен тиімділік арасындағы әралуан теңгерімді қамтамасыз етуі мүмкін.¹⁵

6. Заң шығару рәсімдері

Заң қабылдау процесі тиімді, ашық, барлық тараптардың қатысуын көздейтін және демократиялық болып табыла ма?

- i. Заң шығару процесін реттейтін айқын конституциялық нормалар бар ма?¹⁶
- ii. Парламенттің заңның мазмұны туралы шешім қабылдауға құқығы бар ма?
- iii. Ұсынылатын заң жобалары парламентте ашық режимде талқыланып жатыр ма және олар түсіндірме жазбаларда тиісті түрде негізделме ме? Заң шығару процесінің барлық кезеңдерінде, соның ішінде саяси оппозиция үшін талқылауға жеткілікті уақыт бөліне ме?¹⁷ Оппозиция парламенттік пікірталастардың күн тәртібін қалыптастыруға және парламенттік комитеттердің жұмысына қатыса ма?¹⁸ Заң шығару рәсімі шеңберінде ЖИ жүйелері қолданылса да, заңды қабылдау кезінде демократиялық талқылау процесі жеткілікті түрде қамтамасыз етілген деп санауға бола ма?
- iv. Жеделдетілген немесе шұғыл рәсімдер тек ерекше жағдайларда немесе мән-жайларда қолданыла ма? Жеделдетілген рәсімдер, сондай-ақ ерекшеліктерді, ескертпелерді немесе кеш түзетулерді енгізу шектеулі жағдайларда және ашық түрде ғана қолданыла ма және әдеттегі заң шығару нормаларын орағытып өтуге қарсы кепілдіктер бар ма? Ірі реформалар мен Конституцияларға түзетулер жеделдетілген рәсімдерден анық алынып тасталған ба?
- v. Заң шығару процесінің тиімділігі мен саяси көпшіліктің бір жағынан қандай да бір мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы және екінші жағынан заң жобаларын тиісінше талқылау қажеттілігі мен саяси азшылықтың өз қауіптерін айту құқығы арасындағы теңгерімін қамтамасыз етуге арналған қағидаттар бар ма?
- vi. Ерекше конституциялық немесе қоғамдық маңызы бар мәселелерге (мысалы,

¹⁵ АҚЕС, 1979 ж. 26 сәуірдегі № [6538/74](#) «*Sunday Times*» Біріккен Корольдікке қарсы ісі (№1), 46-т. және одан әрі. Сондай-ақ төтенше өкілеттіктерге қатысты төмендегі II.A.7 бөлімін де қараңыз.

¹⁶ Заң шығару рәсімдерін нақтылау және оңтайландыру қажеттілігі туралы, мысалы, Венеция комиссиясының [CDL-AD\(2012\)026](#), Румыния үкіметі мен парламентінің басқа мемлекеттік институттарға қатысты қабылдаған іс-әрекеттерінің конституциялық қағидаттармен және заң үстемдігімен үйлесімділігі туралы, сондай-ақ Конституциялық сотты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы № 47/1992 Заңға өзгерістер енгізу туралы үкіметтің төтенше қаулысы және Румынияда референдум ұйымдастыру туралы № 3/2000 Заңға түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы үкіметтің төтенше қаулысы туралы қорытындысын, 79-т. қараңыз; [CDL-AD\(2002\)012](#), Румыния Конституциясына түзетулер жобасы бойынша қорытындының 38-тармағын және одан әрі қараңыз.

¹⁷ Заңда көзделген ауытқуларды қоспағанда, атқарушы биліктің заң шығарушылық өкілеттіктеріне қатысты жоғарыдағы A.5.II бөлімін қараңыз.

¹⁸ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2010\)025](#), Демократиялық парламенттегі оппозицияның рөлі туралы баяндама, 108 және 114-тармақтар.

- конституциялық реформалар, сайлау заңнамасы) қатысты реформалар мен заңнамалық актілер бойынша кең қоғамдық консультациялар жүргізуді, сондай-ақ мүдделі тараптармен олардың мүдделерін қозғайтын заңнамалық актілер бойынша нысаналы консультацияларды белгілейтін нормалар бар ма? Жалпы бұл қағидалар сақтала ма, осы консультациялардың нәтижелері жариялана ма және қажет болған жағдайда олар бойынша тиісті шаралар қабылдана ма? Тиісті жағдайларда ықпалды бағалау міндеті бар ма? Жұртшылық әзірлеу кезеңінде оларға сындарлы ұсыныстар енгізуге жеткілікті уақыты болуы үшін немесе, қалай болғанда да, олар парламенттің қарауына енгізілген кезде заң жобаларын қол жеткізе ала ма?
- vii. Қандай жағдайларда заң шығарушы органның бекіту, ратификациялау, орындау және халықаралық шарттардан шығу процесіне қатысуы міндетті болатынын анықтайтын айқын қағидалар бар ма?¹⁹ Ішкі заңнамаға сәйкес заң шығарушы органның құзыретіне жататын мәселелерді, сондай-ақ ерекше маңызы бар басқа да мәселелерді қозғайтын халықаралық шарттарға қатысты мұндай қатысу міндетті болып табыла ма? Заң жобаларының Конституцияға және халықаралық міндеттемелерге сәйкестігін, оның ішінде оларды әзірлеу процесінде сәйкестігі тұрғысынан тексерудің айқын рәсімдері бар ма? Заң жобалары Конституцияға және (немесе) халықаралық міндеттемелерге сәйкес келмейді деп танылған жағдайда, қандай да бір құқықтық салдарлар немесе жағдайды түзету тетіктері көзделген бе?

34. Құқық үстемдігі демократиямен тығыз байланысты, өйткені ол есеп берушілікке ықпал етеді және қоғамдық мүдделерді қорғайды, сонымен бірге барлық адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, бұл сөзсіз көпшіліктің өкілеттіктерін шектейді. Заңның сапасы көбінесе заң шығару процесінің сапасына байланысты. Бұл рәсім тиімді, ашық, барлық мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ететін және демократиялық болуға тиіс. Заңнамалық акт жобасының мәтіні түсінікті болуы және қажет болған жағдайда оның егжей-тегжейлі түсіндірме материалдары және ықпалды бағалау туралы ілеспе құжаттары болуы керек. Заң шығарушы орган стандартты заң шығару рәсімін ұстануға және құқықтық актілерді қабылдаудың жеделдетілген рәсімін ұдайы қолданудан аулақ болуға тиіс.²⁰ Заң шығару рәсімдерінде оппозицияның рөлін ескеріліп, қарастырылып отырған заң жобасы қатысты болатын мүдделі тараптармен, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдерімен, талдау орталықтарымен және орынды болған жағдайда қалың жұртшылықпен мақсатты және ашық консультациялар өткізу көзделуге тиіс.²¹ Азаматтарға қоғамдық мәселелерді шешуге қатысуға және олардың нәтижесіне ықпал етуге мүмкіндік беретін сындарлы қоғамдық пікірталас - демократиялық қоғамның аса маңызды аспектісі.²² Заң жобалары қоғамдық талқылау мен ұсыныстар енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін заң шығарушы органға ұсынылғанға дейін немесе қалай болғанда да, онымен бір мезгілде жұртшылыққа

¹⁹ Әрине, әртүрлі мемлекеттерде халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеу жұмысына қатысты заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы өкілеттіктердің әралуан теңгерімі көзделуі мүмкін. Парламент, әдетте, шарттарды әзірлеуде рөлге ие болмауы керек болса да, әзірлеу процесіне қатысатын мемлекеттік делегацияның құрамына парламент өкілдерін қандай да бір түрде немесе басқа нысанда қосу белгілі бір жағдайларда, атап айтқанда, шарт әдетте заңмен реттелуі тиіс «негізгі» мәселелерге қатысты болған кезде орынды болуы мүмкін (сондай-ақ жоғарыдағы II.A.5.i бөлімін қараңыз).

²⁰ Сондай-ақ төтенше жағдайлардағы ерекшеліктерге арналған төмендегі II.A.7 бөлімін де қараңыз.

²¹ Заңнамада адам құқықтары қозғалатын жағдайларда ерекше мүдделі болатын топтарды, яғни ұлттық құқық қорғау мекемелері, заңгерлер қауымдастығы сияқты топтарды, сондай-ақ балалардың құқықтары, азшылық топтардың құқықтары, гендерлік құқықтар және т.б. сияқты нақты құқықтарға қатысты мәселелерді қарау кезінде басқа мамандандырылған топтарды қатыстыру өте маңызды. Заңнаманы әзірлеу процесіне жұртшылықты тартудың әртүрлі, мысалы консультативтік ассамблеялар сияқты тетіктері бар.

²² Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2023\)044](#), Грузия — «Арнайы тергеу қызметі туралы» Заң бойынша және Дербес деректерді қорғау қызметіне қатысты «Дербес деректерді қорғау туралы» Заңның ережелері бойынша қорытынды, 28–30-тармақтар. Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті, [№ 25 жалпы тәртіп туралы ескерту](#) (1996 ж.), 25-бап («Қоғамдық істерге қатысу және дауыс беру құқығы») — «Қоғамдық істерге қатысу құқығы, сайлау құқығы және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығы», онда «азаматтар жария пікірталастар арқылы ықпал ете отырып, қоғамдық істерді жүргізуге де қатысады» делінген (8-тармақ).

қолжетімді болуы керек.

35. Парламенттерде ЖИ жүйелерін пайдалануды кеңейту заң шығару процесінің демократиялық рәсімдеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Атап айтқанда, техникалық талаптар мен қадағалау саласындағы талаптардың орындалуына жеткілікті кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, жұртшылықты ЖИ жүйелерін пайдалану туралы хабардар ету қажет.²³ Екінші жағынан, ЖИ жүйелерінің ешбір жағдайда демократиялық талқылауды таза технологиялық пікірлермен алмастырмағаны өте маңызды.

7. Төтенше жағдайлардағы ерекшеліктер

Құқықтық жүйе төтенше жағдайларда билікті жедел жүзеге асыруға және оны бақылауға мүмкіндік беретін тетікті көздей ме?

- i. Төтенше ахуалдарға (мысалы, төтенше жағдай немесе әскери жағдай) қолданылатын нақты конституциялық немесе заңнамалық ережелер бар ма? Төтенше жағдайдың анықтамасы анық және дәлме-дәл ме?
- ii. Адам құқықтарынан ауытқудың қатаң шарттары белгіленген бе? Құқықтардан ауытқуды енгізу үшін қандай шарттар мен өлшемшарттар сақталуға тиіс? Ұлттық заңнама төтенше жағдайларда да белгілі бір құқықтардан ауытқуға тыйым сала ма? Адам құқықтарынан ауытқуды әрдайым негіздеу қажет пе?
- iii. Нормалардан ауытқулар және олардан туындайтын кез келген шаралар қажетті, уақытша және шамалас, яғни ұзақтығы, мән-жайлар және қолданылу аясы бойынша жағдайдың талаптарына байланысты қатар түрде қажет болатын шамада шектелген бе?
- iv. Төтенше жағдайды анықтау тәртібі қандай? Төтенше жағдайдың туындау фактісі мен ұзақтығына, сондай-ақ төтенше жағдай орын алған кезеңде қабылданған жекелеген шаралардың қажеттілігіне, шамаластығына және уақытша сипатына қатысты парламенттік бақылау мен сот қадағалауының тетіктері бар ма?
- v. Осындай жағдайларда қадағалауды жүзеге асыруға қабілетті басқа тәуелсіз тетіктер (соның ішінде омбудсмендер мен ұлттық құқық қорғау мекемелері) бар ма?
- vi. Кез келген төтенше жағдайда азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарын тиісінше қорғау қамтамасыз етіле ме?²⁴

36. Мемлекеттің және оның демократиялық институттарының қауіпсіздігі, сондай-ақ оның халқының қауіпсіздігі қорғауға лайық және кейбір адам құқықтарын уақытша шектеуге, сондай-ақ өкілеттіктерді бөлудің төтенше тәртібін енгізуге әкеп соғуы мүмкін өмірлік маңызы бар қоғамдық және жеке мүдделерді білдіреді. Алайда үкіметтер билікті сақтап қалу, оппозицияны үнсіз қалуға мәжбүр ету және жалпы адам құқықтарын шектеу үшін төтенше өкілеттіктерді асыра пайдалануы мүмкін. Сондықтан төтенше өкілеттіктер қажеттілік дәрежесіне тікелей сәйкес келуге тиіс.²⁵ Сондықтан мұндай өкілеттіктердің қолданылу мерзіміне, қолданылу шарттарына

²³ Парламентаралық одақ, «[Парламенттерде ЖИ пайдалану жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарды](#)» қараңыз, 2024 ж. желтоқсан.

²⁴ Еуропа Кеңесі, Дағдарыс жағдайында адам құқықтарын тиімді қорғау туралы [CM/Rec\(2024\)7](#) ұсыным.

²⁵ Венеция комиссиясы, [CDL-PI\(2020\)005rev](#), Баяндама - «Төтенше жағдай кезінде демократия, адам құқықтары және құқық үстемдігі қағидаттарын сақтау-ойлар», 10.²⁶-т. Өз баяндамасында бұл да сонда, 6-16-тармақтар, Венеция комиссиясы төтенше жағдайды реттейтін қағидаттарды (атап айтқанда: құқық үстемдігінің жан-жақты қамтылған қағидаты, қажеттілік, шамаластық, уақытша сипат, тиімді (парламенттік және сот) бақылау, төтенше жағдайлар туралы заңнаманың болжамдылығы және мемлекеттік мекемелер арасындағы бейілді ынтымақтастық) санамалап көрсетті. Уақытша жағдайға келетін болсақ, АҚЕС шамаластық талабы шаралардың ұзақтығы төтенше жағдайдың ұзақтығымен байланысты болуы керектігін болжайды деп есептеді, алайда төтенше жағдайдың өзі уақытша болуын талап етпеді (АҚЕС, 2009 ж. 19 ақпандағы № [3455/05](#) «А. Біріккен Корольдікке қарсы» ісі, 178-т.).

және қолданылу аясына қатысты қатаң шектеулер қою өте маңызды.²⁶ Төтенше жағдай кезінде де құқық үстемдігінің негізге алынатын қағидаты сақталуға тиіс. Мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық қауіпсіздік өмірлік маңызы бар қоғамдық мүдделер болып табылады, алайда оларды ерекше мән-жайларды ескере отырып, құқық үстемдігінің басқа қағидаттарын толық құрметтейтін демократия жағдайында ғана тиімді қамтамасыз етуге болады. Теріс пайдаланушылықтың алдын алу үшін жарияланған төтенше жағдайдың болу фактісі мен ұзақтығына, сондай-ақ төтенше жағдайдың бүкіл қолданылу кезеңінде төтенше өкілеттіктер шеңберінде қабылданатын шараларға парламенттік бақылауды және сот тексеруін қамтамасыз ету қажет. Қажеттілік, шамаластық және уақытшалық қағидаттарының Конституциядағы және тиісті заңдағы өкілеттіктерді айқындауға, сондай-ақ осы өкілеттіктерді қолданысқа енгізуге және жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар төтенше жағдай кезеңінде қолданылатын жекелеген шараларға да қолданылуы өте маңызды.²⁷

37. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде (АСҚХП), Адам құқықтарын қорғау туралы еуропалық конвенцияда (АҚЕК) және Адам құқықтары туралы американдық конвенцияда (АҚАК)²⁸ қарапайым шектеулерден айырмашылығы, кемсітпеу қағидатын сақтаған жағдайда төтенше жағдайларда ғана кепілдендірілген құқықтарға қатысты ауытқу мүмкіндігі көзделеді. Абсолютті деп саналатын құқықтардан ауытқуға жол берілмейді: бұл, атап айтқанда, өмір сүру құқығы²⁹, азаптауға және адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынасқа немесе жазалауға тыйым салу, құлдыққа тыйым салу, қылмыстық заңның кері күшіне тыйым салу, сондай-ақ «*nullum crimen, nulla poena sine lege*» («заң жоқ жерде қылмыс пен жаза болмайды») қағидаты.³⁰

8. Заңды орындау міндеті

Мемлекеттік органдардың, оның ішінде қажет болған жағдайда жеке субъектілерге қатысты заңды тиімді орындауын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылады?

- i. Заң қабылданғанға дейін және одан кейін оны іске асырудағы ықтимал кедергілерге талдау жүргізіле ме?
- ii. Заңның орындалмауына қарсы тиімді іс-қимыл шаралары бар ма?
- iii. Заңда заңды сақтамағаны үшін айқын және нақты санкциялар көзделе ме?
- iv. Мемлекеттік органдарда осы санкциялардың орындалуын қамтамасыз ететін сенімді және жүйелі құқық қолдану жүйесі бар ма? Бұл санкциялар жүйелі түрде қолданыла ма?
- v. Мемлекеттік органдар құқық қолдану туралы деректерді жариялай ма? Заң шығару процесі аясында заңдар қабылданғанға дейін және одан кейін оларды бағалау көзделген бе?

38. Заңды толық ұстану сирек жағдайда мүмкін болса да, құқық үстемдігінің негізгі талаптарының бірі - оны сақтау қажеттілігі. Атап айтқанда, бұл мемлекеттік органдар заңдардың тиімді орындалуын қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді. Егер заңдар тиісті түрде

²⁶ Өз баяндамасында (бұл да сонда, 6-16-тармақтар) Венеция комиссиясы төтенше жағдай енгізуді реттейтін қағидаттарды (атап айтқанда: құқық үстемдігінің жан-жақты қамтылған қағидаты, қажеттілік қағидаты, шамаластық қағидаты, уақытшалық қағидаты, тиімді (парламенттік және сот) бақылау қағидаты, төтенше жағдай туралы заңнаманың болжамдылығы қағидаты, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер арасындағы бейілді ынтымақтастық қағидаты) санамапа өтті. Уақытша жағдайға келетін болсақ, АҚЕС шамаластық талабы шаралардың ұзақтығы төтенше жағдайдың ұзақтығымен байланысты болуы керектігін болжайды деп есептеді, алайда төтенше жағдайдың өзі уақытша болуын талап етпеді (АҚЕС, 2009 ж. 19 ақпандағы № [3455/05](#) «А. Біріккен Корольдікке қарсы» ісі, 178-т.).

²⁷ Бұл да сонда, 6-т.

²⁸ АҚЕК 15-бабы; АСҚХП 4-бабы; АҚАК 27-бабы.

²⁹ Заңды соғыс қимылдарын қоспағанда.

³⁰ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2006\)015](#), Төтенше жағдайларда адам құқықтарын қорғау туралы қорытынды, 9-тармақ, сондай-ақ АҚЕК 15-бабына сәйкес құқықтардан ауытқу мәселелері бойынша келтірілген сот практикасы.

қолданылмаса және сақталмаса, құқық үстемдігінің мәніне қауіп төнер еді.³¹ Заңды сақтау міндеті мынадай үш бөліктен тұрады: (i) азаматтар заңды сақтауға тиіс; (ii) мемлекет орынды құралдармен оның орындалуын қамтамасыз етуге тиіс; және (iii) мемлекеттік қызметшілер қатаң түрде өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етуге тиіс.

39. Заңды тиімді қолдану жолындағы кедергілер билік органдарының заңсыз немесе немқұрайлы іс-әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар заңнаманың сапасының оны қолдануды қиындатуынан да туындауы мүмкін. Сондықтан, заң қабылданғанға дейін оның іс жүзінде қаншалықты жүзеге асырылатындығын бағалау ғана емес, сонымен қатар оның шын мәнісінде тиімді қолданыла алатындығын тексеру өте маңызды. Бұл құқық үстемдігіне қатысты мәселелерді шешкен кезде заңнамаға *алдын ала* және *кейінгі* бағалауды жүргізу қажет дегенді білдіреді. Бұрын қабылданған заңдардың күшті және әлсіз жақтарын талдау заң шығару процесінің қалыпты бөлігі болуға тиіс.

40. Заңның тиісінше қолданылуына онда санкциялардың жеткілікті түрде нақтыланбауы, сондай-ақ тиісті санкциялардың жеткіліксіз немесе іріктемелі қолданылуы да кедергі келтіруі мүмкін.

9. Заңнаманың сақталуы және жаңа технологиялар

Мемлекеттік органдар жаңа технологияларды енгізу кезінде заңнаманы сақтай ма?

- i. Мемлекеттік және жеке субъектілер оларды жинауға, сақтауға және өңдеуге қатысты автоматты түрде өңделетін дербес деректерді жеткілікті түрде қорғауды қамтамасыз ете ме?
- ii. Деректер субъектісіне ең кемінде дербес деректердің автоматтандырылған файлының болуы, оның негізгі мақсаттары туралы ақпарат, сондай-ақ деректер субъектісіне қатысты деректерді әділ өңдеуді қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша мәліметтер³² беріле ме?
- iii. Заңнамада мемлекеттік органдар тарапынан ЖИ және жаппай және нысаналы ұстап алу жүйелерін пайдалануға рұқсат беру рәсімдері бекітілген бе?
- iv. Заңнама мемлекеттік органдардың ЖИ жүйелерін енгізуі кезінде, атап айтқанда ашықтыққа, адамның ЖИ-ді бақылауына, сондай-ақ ақпаратты жаппай және нысаналы ұстап алу жөніндегі операцияларға қатысты құқық үстемдігі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін кепілдіктерді, сондай-ақ адам құқықтарының, құқық үстемдігі мен демократия қағидаттары бұзылуының алдын алуға бағытталған тәуекелдер мен салдарларды басқару тетігін көздей ме?
- v. Жеке тұлғалар мен дербес деректерді қорғауға, ЖИ жүйелерін қадағалауға және енгізуге қатысты халықаралық қағидаттар мен талаптарды іске асыратын ұлттық заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстарға ие тәуелсіз органдар бар ма?
- vi. Мемлекеттік органдардың дербес деректер мен ЖИ жүйелерін пайдалануына байланысты адам құқықтары бұзылған жағдайда қолжетімді және тиімді құқықтық қорғау құралдары бар ма? Атап айтқанда, қадағалау мақсатында пайдаланған кезде?

41. Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету - құқық үстемдігінің негізгі талаптарының

³¹ Венеция комиссиясы заңнаманың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін жиі атап өтеді: мысалы, [CDL-AD\(2014\)003](#). Молдованың сайлау заңнамасына өзгерістер енгізу туралы заң жобасы бойынша бірлескен қорытындының «Шынайы демократиялық сайлауды өткізудің негізгі міндеті бұрынғысынша барлық мүдделі тараптардың заңның бір әрпін деп бұлжытпай орындауға, сондай-ақ оны толық және тиімді орындауға бағытталған саяси ерік-жігерін білдіруі болып қала береді» деген 11-тармағын; [CDL-AD\(2014\)001](#), Болгария Сайлау кодексінің жобасы бойынша бірлескен қорытындының 85-тармағын қараңыз.

³² Оның ішінде деректерді қорғау үшін жауапты бақылаушы мен қызметкер, деректерді өңдеу мақсаттары, дербес деректерді сақтау мерзімі, деректерге қол жеткізу, оларды түзету және жою құқығы, дербес деректерді өңдеу нысанасы, сондай-ақ шағым беру құқығы туралы деректер.

бірі. Осы мәселе бойынша Еуропа Кеңесінің ережелері көптеген еуропалық емес мемлекеттер ратификациялаған № 108 + конвенциясында бекітілген. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот та осы мәселе бойынша кең сот тәжірибесін жинақтады.³³ Дербес деректерді қорғау і-іі сұқақтарында қысқаша баяндалған материалдық-құқықтық және процестік талаптарды қамтиды.

42. Ақпараттық технологияларды пайдалануды кеңейту деректерді бұрын түсініксіз болған көлемде жинауға мүмкіндік берді. Бұл дербес деректерді автоматтандырылған өңдеуге байланысты жеке тұлғаларды ұлттық және халықаралық құқықтық қорғау шараларын әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Мемлекеттің де, жеке субъектілердің де деректерді жинауы, сақтауы және өңдеуі заңдылық, әділдік, ашықтық, мақсаттарды шектеу, деректерді барынша азайту, дәлдік, сақтау мерзімін шектеу, тұтастық пен құпиялылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылатынына кепілдік беретін қауіпсіздік шаралары қолданылуға тиіс.

43. Түсінікті себептермен азаматтардың құқық қорғау қызметі және ұлттық қауіпсіздік саласындағы барлық деректер банктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін процестік қағидаттар мен талаптарды толық көлемде қолдану мүмкін емес. Бұл салаларда жеке тұлғалар өз мүдделерін тиімді қорғай алмайтындықтан, осы салалардағы деректерді қорғауды жалпы қадағалау органына осы қағидаттар мен талаптардың сақталуын өз бетінше бақылау және жеке тұлғалар құқықтарының тиімді кепілі ретінде әрекет ету үшін жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстар берілуіне тиіс. Балама ретінде тиісті өкілеттіктер мен ресурстарға ие мамандандырылған қадағалау органын құруға болады.

44. Нысаналы және жаппай ізге түсудің барлық нысандары бастапқы заңнамада толық реттеліп, қажеттілік және шамаластық қағидаттарымен шектелуге тиіс.³⁴ Қадағалау саласындағы теріс пайдаланудан, оның ішінде көпшілікке қолжетімді орындарды бейнебақылауға қатысты қорғау шаралары мен кепілдіктерді көздеу қажет.³⁵

45. Жаппай ұстап алу алгоритмдер арқылы интернет деректері мен хабарламаларын сканерлеуді, жинауды және талдауды көздейді. Бұл жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығына елеулі қол сұғуға, сондай-ақ сөз бостандығы, ақпарат бостандығы және қауымдастық бостандығы сияқты басқа құқықтардың шектелуіне әкеп соғады.³⁶ Осы себепті

³³ Сондай-ақ, Венеция комиссиясының [CDL-AD\(2024\)043](#) «Құқық үстемдігі және адам құқықтары қағидаттарын сақтай отырып, тыңшылық БЖ реттеу туралы баяндама» құжатын, сондай-ақ онда келтірілген АҚЕС сот практикасын қараңыз. Еуропалық одақ деңгейінде Жеке тұлғаларды дербес деректерді өңдеуге қатысты қорғау туралы және мұндай деректердің еркін айналымы туралы (ЕО) [2016/679](#) регламентін (Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламент) және Жеке тұлғаларды қылмысты істерге немесе қылмыстық жазаларды орындауға байланысты дербес деректерді өңдеуге қатысты қорғау туралы және мұндай деректердің еркін айналымы туралы, сондай-ақ Кеңестің 2008/977/JHA негіздемелік шешімінің (Құқық қорғау қызметі туралы директива) күшін жою туралы (ЕО) [2016/680](#) директивасын қараңыз.

³⁴ Атап айтқанда, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа қол сұғу қаупінің едәуір артуына байланысты, сондай-ақ оған арнайы қорғау шараларын қолдану қажеттілігіне байланысты мемлекеттік және жеке субъектілердің компьютерлік желілерді (тыңшылық бағдарламаларды) бұзуға арналған бағдарламалық жасақтаманы пайдалануына немесе экспорттауына рұқсат беретін арнайы заңнама қабылдануға тиіс, [CDL-AD\(2024\)043](#), 16-тармағын және V.K бөлімін, атап айтқанда 131-тармағын қараңыз.

³⁵ Жасанды интеллект туралы ЕО Заңы, сирек жағдайларды қоспағанда, құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсатында көпшілікке қолжетімді орындарда нақты уақыт режимінде қашықтан биометриялық сәйкестендіру жүйелерін пайдалануға тыйым салады (5-бап) және «тәуекелі жоғары» ЖИ жүйелерінің санатына, атап айтқанда, егер олар эмоцияны тануға арналған болса, биометриялық деректерді пайдаланатын жүйелерді жатқызады. Келесі құжатты қараңыз: Жасанды интеллект саласындағы үйлестірілген қағидаларды белгілейтін (ЕО) № [2024/1689](#) регламенті (Жасанды интеллект туралы заң).

³⁶ Атап айтқанда, 2021 ж. 25 мамырдағы № [35252/08](#) «Centrum för Rättvisa» Швецияға қарсы [ГК], және 2021 ж. 25 мамырдағы №№ [58170/13](#), [62322/14](#), [24960/15](#) «Big Brother Watch» және басқалар Біріккен Корольдікке қарсы ісін [ГК] қараңыз. Сондай-ақ, келесі [C-203 және 698/15](#) бірлескен істері жөніндегі ЕОС шешімін қараңыз: «Tele2 Sverige AB Post- och telestyrelsen-ге қарсы» және «İşki істер министрі Том Уотсонға, Питер Брайсқа және Джеффри Льюиске

деректерді жаппай ұстап алу үшін қосымша қауіпсіздік шаралары талап етіледі.³⁷

46. Жасанды интеллект жүйелерінің өміршеңдік кезеңінің барлық сатыларындағы қызметке қатысты Еуропа Кеңесінің қағидалары Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияда (Еуропа Кеңесінің № 225 шарттар сериясы) баяндалған, оған Еуропа Кеңесіне мүше болып табылмайтын бірнеше мемлекет қол қойған.³⁸ Мемлекеттік органдардың ЖИ жүйелерін кез келген пайдалануы заңмен реттелуге тиіс. Заңнама жасанды интеллект жүйесінің өміршеңдік кезеңінің барлық сатыларындағы іс-әрекеттердің адам құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемелерге сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік органдардың ЖИ жүйелерін енгізуі құқық үстемдігі, демократия және адам құқықтары қағидаттарын сақтауға қатысты нақты талаптарды орындай отырып жүзеге асырылуға тиіс, бұл ЖИ жүйелерін енгізу рәсімдерінің болуын, осы жүйелерді пайдалануға байланысты тәуекелдерді бағалауды³⁹, нақты техникалық талаптарды (атап айтқанда, ЖИ жүйелерінің ашықтығы мен сенімділігін), құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын, оларды пайдалануды қадағалау тетіктерін, сондай-ақ есеп берушілік пен ЖИ жүйелерін пайдаланғаны үшін жауапкершілікке қатысты қағидаларды білдіреді.⁴⁰ Осыған байланысты, адам құқықтары, демократия және құқық үстемдігі үшін елеулі тәуекелдер туралы сөз болғанда, ЖИ жүйелерін олар жаппай енгізілгенге дейін қауіпсіз нормативтік орталарда (реттеуші «құмсалғыштарда») алдын ала тестілеуді жүргізу орынды болып көрінеді.⁴¹ Сот жүйесінде ЖИ жүйелерін пайдалану белгілі бір кепілдіктердің болуын талап етеді (төмендегі II.F.4 бөлімін қараңыз).

В. Құқықтық анықтылық

қарсы», 2016 ж. 21 желтоқсан, ECLI:EU:C:2016:970; [C-623/17 ісі](#), «Privacy International» Сыртқы істер және Достастық істері министріне, Ішкі істер министріне, Үкіметтік байланыс басқармасына, Қауіпсіздік қызметіне, Құпия барлау қызметіне қарсы, 2020 ж. 6 қазан, ECLI:EU:C:2020:790; [C-511/18](#), [C-512/18 және C-520/18 Біріккен істері](#), «La Quadrature du Net» және басқалар премьер-министрге және басқаларға қарсы, 2020 ж. 6 қазан, ECLI:EU:C:2020:791.

³⁷ Мысалы, АҚЕС деректерді жаппай ұстап алу жүйесін тәуелсіз және тиімді қадағалау және сенімді сот жүйесі озбырлық пен теріс пайдалану қаупіне қарсы барабар және тиімді кепілдіктер бере алатын жеткілікті «кешенді» қорғау шараларын қамтамасыз етпеді деген тұжырымға келді. Ол тәуелсіз рұқсаттың жоқтығын (ордер беруге өтініште селекторлар немесе сәйкестендіргіштер деп аталатын санаттар көрсетілмегендігімен, сондай-ақ нақты тұлғамен байланысты бұл селекторлардың алдын ала ішкі рұқсат беруге жатпайтындығымен қатар) жаппай ұстап алу режимінің елеулі кемшілігі деп санады. Келесі құжатты қараңыз: АҚЕС, 2021 ж. 25 мамырдағы №№ [58170/13](#), [62322/14 және 24960/15](#) «Big Brother Watch және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі [ГК], 425-т.

³⁸ [Жасанды интеллект, адам құқықтары, демократия және заңның үстемдігі туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясы](#) (Еуропа Кеңесінің № 225 шарттар сериясы). Қол қою (және ратификациялау) шолуын Еуропа Кеңесінің [Шарттар жөніндегі басқармасының](#) сайтынан қараңыз.

³⁹ Бұл да сонда, 16-бап. Жасанды интеллект туралы ЕО Заңы (ЕО) [2024/1689](#) регламенті) негізгі құқықтарға және жалпы тәуекелі жоғары ЖИ жүйелеріне қатысты ЖИ жөніндегі үйлестірілген қағидаларды белгілейді. Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға [түсіндірме баяндама](#), 105-тармақ және одан әрі. Еуропа Кеңесінің Жасанды интеллект жөніндегі комитеті [Адам құқықтары, демократия және заң үстемдігі тұрғысынан жасанды интеллект жүйелерінің тәуекелдері мен салдарларын бағалаудың арнайы әдістемесін \(HUDERIA әдістемесі\)](#) бекітті. Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: «[Әкімшілік және сіз — анықтамалық](#)», 3-ші басылым (Құқықтық ынтымақтастық жөніндегі еуропалық комитет 2024 жылы шығарған), онда жасанды интеллект жүйелерін кеңінен пайдаланудың және мемлекеттік органдардың азаматтармен қарым-қатынастарында автоматтандырылған шешім қабылдауының әсері ескеріледі.

⁴⁰ [Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға түсіндірме жазба](#), 95-102-тармақтар.

⁴¹ ЭЫДҰ, [Кеңестің жасанды интеллект бойынша ұсынымы](#), V.2.3.а бөлімі; [Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенция](#), 13-бап. Реттеуші «құмсалғыштар» «инновацияларға жәрдемдесуге, құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге және реттеу саласында тәжірибе жинақтауға жәрдемдесуге бағытталған» адам құқықтарына, демократияға және құқық үстемдігіне теріс ықпалдың алдын алуға мүмкіндік беретін ұсынымдық тәсілді білдіреді ([Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға түсіндірме жазба](#), 92-тармақ). Бұл құралды пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар ([Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға түсіндірме жазбаның](#) 93-тармағын қараңыз).

1. Заңның қолжетімділігі және болжамдығы

Заңдар қолжетімді және болжамды ма?⁴²

- i. Барлық заңнамалық актілер күшіне енгенге дейін жариялана ма?
- ii. Оларға қол жеткізу оңай ма?
- iii. Заңнамалық актілер мен басқа да құқық дереккөздері түсінікті тілде жазылған ба? Қажет болған жағдайда түсіндірме материалдар беріле ме?
- iv. Жаңа заңнамалық актіде көрсетілген бе, алдыңғы заңнамалық актілердің күші жойыла ма (және нақты қайсысы) немесе оларға өзгерістер енгізіліп жатыр ма?
- v. Заңның жиынтық, жалпыға қолжетімді редакциясына түзетулер енгізілген бе? Жаңа түзетулер немесе заңдар күшіне енгенге дейін орынды мерзім ішінде жариялана ма?
- vi. Нормативтік-құқықтық актіні жариялау кезінде белгіленген талаптарды орындамау оған сотқа шағым түсіру үшін заңды негіз бола ма?

47. Құқықтық анықтылық - азаматтарға құқықтық нормалардың болжамдылығы мен тұрақтылығына кепілдік беретін құқықтың негізге алынатын қағидаты. Құқықтық анықтылық бірнеше функцияларды орындайды: ол қоғамдағы тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және адамдардың заңды сақтауға мүмкіндігі болуы үшін олардың заң туралы жеткілікті білімге ие болуына мүмкіндік бере отырып құқықтың тиімділігіне ықпал етеді. Бұдан өзге, бұл азаматтарға мемлекеттік билікті жүзеге асыру кезінде озбырлық жағдайлары болған-болмағанын бағалауға мүмкіндік береді.

48. Жалпы заңдар мен нормативтік актілер Интернет арқылы және ресми жаршыда оңай қолжетімді болуы керек. Тиісті заңнамалық актінің қолданыстағы мәтінін табу салыстырмалы түрде оңай болуға тиіс. Ол қарапайым, анық және түсінікті тілде жазылуы керек.⁴³

49. Болжамдылық заң күшіне енгенге дейін жариялануы керек және мүмкіндігінше оның құқықтық және нақты салдары тұрғысынан болжамды болуы керек дегенді ғана емес, сонымен қатар құқық субъектілері өз іс-әрекеттерін соған сәйкес реттей алатындай жеткілікті дәлдікпен және айқындықпен тұжырымдалуға тиіс дегенді білдіреді.⁴⁴

50. Алайда, бұл жағдайда талап етілетін болжамдылық дәрежесі заңның сипатына байланысты. Атап айтқанда, қылмыстық заңнамада болжамдылықтың жоғары деңгейі өте маңызды. Реттеуді талап ететін салаларды анықтау қарқынды технологиялық өзгерістер дәуірінде ерекше қиындық тудырады, алайда кез келген мемлекеттік араласудың (қажет болған жағдайда сарапшыларды тарта отырып) және әдеттегі заңды құқықтарды шектеудің

⁴² АҚЕС, 1979 ж. 26 сәуірдегі № [6538/74](#) «*The Sunday Times Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі (№ 1), 46-т. және одан әрі; 1999 ж. 20 мамырдағы № [25390/94](#) «*Реквени Венгрияға қарсы*» ісі, § 34. Қолжетімділік пен болжамдылық шарттарына қатысты, мысалы, АҚЕС, 2012 ж. 26 маусымдағы № [26828/06](#) «*Курич және басқалар Словенияға қарсы*» ісінің [ГК] 341–349-тармақтарын; 2000 ж. 16 ақпандағы № [27798/95](#) «*Аманн Швейцарияға қарсы*» ісінің 50-тармағын қараңыз. Еуропалық Одақ соты «құқықтық анықтылық қағидаты, бір жағынан, құқықтық нормалардың анық және дәлме-дәл болуын, ал екінші жағынан, олардың қолданылуы, атап айтқанда, қолайсыз салдарларға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда құқық субъектілері үшін болжамды болуын талап етеді» деп қаулы етті. «Бұл қағидат, атап айтқанда, заңнаманың мүдделі тұлғаларға оларға жүктелетін міндеттемелердің көлемін дәл білуге мүмкіндік беруін, сондай-ақ бұл тұлғалардың өздерінің құқықтары мен міндеттерін бірмағыналы анықтап, тиісті шаралар қабылдай алуын талап етеді» (ЕОС, [C-156/21](#) ісі, *Венгрия Еуропалық Парламент пен Кеңеске қарсы*, 2022 ж. 16 ақпан, 223-т.; Әрі қарай келесі құжатты қараңыз: [C-504/19](#), *Banco de Portugal және басқалар*, 51-т., және [C-623/22](#), *Бельгия салық заңгерлерінің қауымдастығы және басқалар*, 2024 ж. 29 шілде, 36–45-тармақтар).

⁴³ Мысалы, заңнамалық актілер парламенттің веб-сайтында немесе басқа ресми сайтта іздеу мүмкіндіктері оңайлатылып, мысалы, заң жобасының нөмірін немесе оны әзірлеу процесінің кезеңін білу қажеттілігінсіз оңай қолжетімді болуы керек.

⁴⁴ АҚЕС, 1979 ж. 26 сәуірдегі № [6538/74](#) «*Sunday Times*» Біріккен Корольдікке қарсы ісі (№1), 49-т. Сондай-ақ заңнамалық актілердің жобаларына қол жеткізуге қатысты жоғарыдағы II.A.6.vi бөлімін қараңыз.

болжамдылығы бұрынғысынша негізге алынатын талап болып қала береді. Оның негізгі мақсаты - құқық субъектілеріне іс-әрекеттерін өз бетінше реттеуге және өз істерін тиісті түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беру, сондай-ақ мемлекеттің араласуы қажетті, шамаласы және заңды болуын қамтамасыз ету.

2. Заңның тұрақтылығы мен жүйелілігі

Заңдар тұрақты және дәйекті ме?

- i. Заңдар жиі немесе кенеттен дәлелді негіздерсіз өзгермейтін мағынада тұрақты ма?
- ii. Заң шығарушы органдардың ағымдағы сот талқылауларына араласуына жол берілетін мән-жайлар дәлелді қоғамдық мүдде пікірлерімен байланысты нақты анықталған және шектеулі жағдайлар болып табыла ма?⁴⁵
- iii. Заңдар жүйелі түрде қолданыла ма?

51. Заңнаманың немесе атқарушы билік іс-әрекеттерінің тұрақсыздығы мен тиянақсыздығы адамның өз іс-әрекеттерін жоспарлау қабілетіне әсер етуі мүмкін. Алайда, тұрақтылық аясы тар мақсат емес: құқық өзгермелі жағдайларға бейімделе алуы керек.

52. Заң оның мәніне қатысты және оның салдарларына қатысты заңнамалық актілерді қабылдау арқылы (тиісті қоғамдық талқылау мен хабарлау жүргізілген жағдайда, сондай-ақ заңдық болжалдарға нұқсан келтірместен - төмендегі II.B.4 бөлімін қараңыз) немесе кейбір құқықтық дәстүрлерде апелляциялық соттардың танылған қағидаттарға сәйкес сот практикасын дамытуы арқылы өзгертілуі, күшін жоюы және (немесе) жетілдірілуі мүмкін. Заң шығарушы билік қағидаты бойынша кері күші бар жаңа заңдар арқылы реттеуге ештеңе кедергі келтірмесе де, бұрын қолданыста болған заңдардан туындайтын құқықтар, кері күші бар кез келген заңдар ерекше мұқият талдауды қажет етеді, бұл ретте заңның үстемдігі қағидаты мен әділ сот талқылауы ұғымы бұл үшін қоғамдық мүдделерге байланысты дәлелді негіздер болған жағдайларды қоспағанда, дауды сотта шешуге ықпал етуге бағытталған заң шығарушы биліктің сот төрелігін жүзеге асыруға кез келген араласуын болдырмайды.⁴⁶ Кері күші бар заңдарды қолдану мемлекет тарапы болып табылатын дауды сотта шешуді қозғайтын ерекше қауіптермен ұштасады, соның ішінде сотта істі қараудың талапкер үшін ешбір мәні қалмауына әкеп соғуы мүмкін.⁴⁷ Құқық үстемдігі қағидатын және әділ сот талқылауы ұғымын сақтау мұндай шараларды негіздеу үшін келтірілетін кез келген дәлелдерге барынша сақтықпен қарауды талап етеді. Бұл қағидаттар - құқықтық анықтылық және сот процесі тараптарының заңдық болжалдарын қорғау тұжырымдамаларының ажырамас элементтері.⁴⁸ Қаралып жатқан нақты жеке іске бағытталған заңнама (*lex singularis*) биліктің бөліну қағидатын бұзады және оған жол берілмеуге тиіс.

53. Құқықтың белгілі бір салалары ерекше тұрақтылықпен ерекшеленуге тиіс. Атап айтқанда, сайлау заңнамасына қатысты заң сайлау жүйесін жетілдіруден басқа қандай да бір мақсатпен өзгертіледі деген пікірден аулақ болу қажет. Бастапқы немесе қайталама сайлау заңнамасындағы кеш және жиі өзгерістер сайлау процесінің беделіне және соның салдарынан демократияға деген сенімге нұқсан келтіреді.⁴⁹

⁴⁵ АҚЕС, 2022 ж. 3 қарашадағы №[49812/09](#), «*Vegotex International SA Бельгияға қарсы*» ісі [ГК], 92–94-тармақтар.

⁴⁶ АҚЕС, 1994 ж. 9 желтоқсандағы № [13427/87](#) «*Stran Greek Refineries және Stratis Andreadis*» ісі, 49-т.

⁴⁷ АҚЕС, «*The National & Provincial Building Society*», «*Leeds Permanent Building Society*» және «*Yorkshire Building Society*» Біріккен Корольдікке қарсы, 1997 ж. 23 қазандағы №№ [21319/93](#), [21449/93](#) және [21675/93](#) істер, 112-т.

⁴⁸ АҚЕС, 2022 ж. 3 қарашадағы №[49812/09](#), «*Vegotex International SA Бельгияға қарсы*» ісі [ГК], 92–94-тармақтар.

⁴⁹ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2002\)023rev2-cor](#), Сайлау мәселелері бойынша ұсынымдар

3. Сот шешімдерінің құқықтық анықтылығы

Сот шешімдері қолжетімді ме?

- i. Сот шешімдері жариялана ма және олар жұртшылыққа, ⁵⁰соның ішінде сенімді онлайн дереккөздер арқылы қолжетімді ме?
- ii. Сот шешімдері қалың жұртшылық пен сотта істі қарауға қатысушы тараптар түсінетіндей етіп жазылған ба? Олар айқын және түсінікті етіліп жазылған ба?
- iii. Соттардың құқықты түсіндіріп, дамытуына мүмкіндік беретін қағидаттар жеткілікті түрде айқын ба?
- iv. Бүкіл сот жүйесі шеңберінде сот практикасының біркелкілігі толық қамтамасыз етілген бе? Сотта істі қарауға қатысушы тараптар үшін сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құқықтық қорғаудың қандай да болсын сот құралдары бар ма?
- v. Қолжетімділік талаптарынан тыс жайттар жеткілікті түрде негізделген бе және жариялауға кез келген шектеулер (анонимдеу арқылы немесе басқа жолмен) орынды қажетті шектерден тысқары емес пе?

54. Кейбір құқықтық дәстүрлердегі сот шешімдері заңдарды белгілей алатындықтан, ал басқаларында заңдарды түсіндіре алатындықтан, олардың қолжетімділігі құқықтық анықтылықтың құрамдас бөлігі болады. Жеке адамның құқықтарын, мысалы, қылмыстық істердегі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында шектеулерді ақтайтын негіздер болуы мүмкін. Сондықтан сот шешімдері анық және түсінікті тілде жазылуға және осы мәселе бойынша сот практикасына сәйкес келуге тиіс.⁵¹ Бұдан өзге, олар көпшіліктің назарына жұртшылыққа оңай қолжетімді және заманауи коммуникация стандарттарына сәйкес келетін құралдарды пайдалана отырып, түсінікті түрде жеткізілуіне тиіс.

55. Заңдардың біркелкі қолданылуы қоғамда әділеттілікті сезінуді және сот төрелігі жүйесіне деген сенімді нығайтады. Сот практикасының үлгі болатын жағдайлары құқықтың қайнар көзі болып санала ма, жоқ па, сондай-ақ олардың міндетті күші бар ма, оған қарамастан, алдыңғы шешімдерге сілтеме ортақ құқық елдерінде де, құрылыстық құқық елдерінде де судьялар үшін күшті құрал болады.⁵² Соттардың құқықты түсіндіріп, дамытуына мүмкіндік беретін қағидаттар жеткілікті түрде айқын болуға тиіс.

4. Құқықтық анықтылықтың негізгі қағидаттары: заң болжалдары, бейретроактивтілік қағидаты, «заң жоқ жерде қылмыс пен жаза болмайды» қағидаты, «сот шешімінің заңды күші» қағидаты және «бір іс үшін қайта жазаланбау» қағидаты

жинағы, II.2. Сондықтан, бұл халықаралық стандарттарға қайшы келетін жағдайды түзету үшін қажет болатын, жан-жақты қоғамдық консультациялардан кейін үкімет пен оппозиция арасындағы консенсус негізінде немесе ұлттық конституциялық соттардың немесе тең дәрежелі юрисдикциясы бар жоғарғы соттардың, халықаралық соттардың шешімдерін немесе халықаралық ұйымдардың ұсынымдарының орындау үшін осы стандарттарға сәйкес түзетулер енгізілетін жағдайларды қоспағанда, сайлау заңнамасының негізгі элементтері, атап айтқанда сайлау жүйесінің өзі, сайлау комиссияларының құрамы және сайлау округтерінің шекараларын анықтау сайлауға бір жылдан аз уақыт қалғанда өзгертілмеуі керек немесе конституцияда не әдеттегі заңнамадан жоғары деңгейде бекітілуі керек ([CDL-AD\(2024\)027](#), Сайлау заңнамасының тұрақтылығы туралы қайта қаралған түсіндіру мәлімдемесін қараңыз).

⁵⁰ АҚЕС, 2013 ж. 16 сәуірдегі № [40908/05](#) «*Фазлиский Болгарияға қарсы*» ісі, 64–70-тармақтар, атап айтқанда 65-тармақ; 2008 ж. 17 қаңтардағы № [14810/02](#) «*Рякиб Бирюков Ресейге қарсы*» ісі, 30-т. және әрі қарай; 2010 ж. 17 мамырдағы № [36376/04](#) «*Кононов Латвияға қарсы*» ісі, 185-т.

⁵¹ Әрине, сот шешімдерінің дәйектілігі мен анықтығын қамтамасыз ету қажеттілігін, атап айтқанда, қайта қарау немесе шағым түсіру мақсатында соттың уәждемесін түсіну қажеттілігін анықтайтын басқа да себептер бар.

⁵² ЕСКК, Соттардың заңның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етудегі рөлі туралы [№ 20 \(2017\) қорытынды](#),

(А) және (Б) негізгі тұжырымдары мен ұсынымдары.

Құқықтық анықтылықтың негізгі қағидаттары сақтала ма?

- i. Негізді болжалдар қағидатын сақтау қамтамасыз етілген бе?
- ii. «*Res judicata*» (сот шешімдерінің тұжырымдылығы) қағидаты қамтамасыз етіле ме?⁵³
- iii. Түпкілікті сот шешімдері қайта қаралуы мүмкін бе? Түпкілікті сот шешімдері қайта қаралуы мүмкін жағдайлар нақты және қатаң түрде анықталған ба?
- iv. Жалпы тыйым салу заңдардың кері күшіне (қылмыстық заңнаманы қоспағанда) қаншалықты дәрежеде әсер етеді? Ерекшеліктер бар ма, егер болса, қандай жағдайларда?
- v. Атап айтқанда, қылмыстық заңнамаға қатысты: қылмыстық заңнаманың кері күшіне тыйым салына ма? «*Nullum crimen sine lege*» (заң жоқ жерде қылмыс болмайды) және «*nulla poena sine lege*» (заң жоқ жерде жаза болмайды) қағидаттары қолданыла ма? Жазалар мен санкциялардың шамаластық қағидаты танылып, сақтала ма? «*Ne bis in idem*» қағидатының (жасалған бір қылмыс үшін қайта жауапқа тартуға тыйым салу) сақталуы қамтамасыз етіле ме?

56. Негізді болжалдар қағидаты жалпы құқықтық анықтылық қағидатының бір бөлігін құрайды. Онда мемлекеттік органдар, оның ішінде сот органдары тек заңды ғана емес, сонымен бірге өздерінің уәделерін де орындауға, сонымен қатар өздеріне жүктелген сенімді ақтауға тиіс деген идея көрсетілген. Заңдық болжалдар доктринасына сәйкес, қолданыстағы заңнаманы басшылыққа ала отырып, адал әрекет ететіндердің заңдық болжалдары бұзылмауға тиіс. Бұл доктрина тек заңнамаға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың жекелеген шешімдеріне, сондай-ақ сот шешімдеріне де қолданылады. Бұл соңғы талап судьялардың өнегелі құқықтың күшін жою құқығына нұқсан келтірмеуге тиіс, дегенмен мұндай күшін жою болжамды болуы керек.⁵⁴ Алайда, заңдық болжалдар қағидаты абсолютті емес және мысалы, күтпеген мән-жайлар туындайтын және өмірлік маңызы бар қоғамдық мүдделерді қозғайтын барлық жағдайларда қолданылмауы мүмкін екенін атап өту керек. Бұдан өзге, құқықтық мүдделердің кейбір санаттары сипаты жағынан өзгерістерге ұшырайды (мысалы, әлеуметтік жәрдемақы алу құқығы, салық саясаты).

57. Құқықтық анықтылық және заңдық болжалдарды қорғау қағидаты заң шығарушыға ерекше жағдайларды қоспағанда, заңның ресми жариялануы мен оның күшіне енуі арасындағы орынды уақыт кезеңін (*vacatio legis*) көздеу міндетін жүктейді. Бұл әсіресе қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында (мысалы, кәсіпкерлік қызмет, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және

⁵³ АҚЕК № 7 хаттамасының 4-бабы, АСКХП 14.7-бабы, Адам құқықтары туралы (қылмыстық-құқықтық саладағы) американдық конвенцияның 8.4-бабы; *сот шешімінің заңды күші қағидатын* сақтау туралы, *мысалы*, АҚЕС, 1999 ж. 28 қазандағы № [28342/95](#) «*Брумареску Румынияға қарсы*» ісінің 62-т. қараңыз; 2009 ж. 8 қаңтардағы №№ [25114/03](#), [11512/03](#), [9794/05](#), [37403/05](#), [13110/06](#), [19469/06](#), [42608/06](#), [44928/06](#), [44972/06](#) және [45022/06](#) «*Кулков және басқалар Ресейге қарсы*» ісінің 27-т.; 2009 ж. 3 наурыздағы № [75/07](#) «*Дука Молдоваға қарсы*» ісінің 32-т. қараңыз. Сот шешімінің заңды күші қағидатын («*res judicata*») сақтауды сот құқықтық анықтылықтың бір аспектісі ретінде қарастырады. 1979 ж. 13 маусымдағы № [6833/74](#) «*Маркс Бельгияға қарсы*» ісінің 58-т. қараңыз.

⁵⁴ Еуропалық Одақ Соты «заңдық болжалдарды қорғау қағидатына сену құқығы Еуропалық Одақтың құзыретті органдарының мүдделі тұлғаға беделді және сенімді дереккөздерден алынатын нақты, сөзсіз және дәйекті растау беруін болжайды» деп қаулы етті (ЕОС, [C-349/17](#), *Eesti Pagar A.S.*, 1997 ж. 5 наурыз, 97-т.; сондай-ақ ЕОС, 2025 ж. 9 қазандағы [C-416/24](#) және [C-417/24](#) «*Телерадио хабарларын тарату саласындағы кәсіби мамандар туралы*» ісінің 60–67-тармақтарын қараңыз). АҚЕС практикасында заңдық болжалдар доктринасы негізінен Адам құқықтары туралы еуропалық конвенцияға Бірінші қосымша хаттаманың 1-бабында кепілдік берілген меншік құқығын қорғауға қолданылады: *мысалы*, АҚЕС, 2007 ж. 11 қаңтардағы № [73049/01](#) «*Anhaeuser-Busch Inc. Португалияға қарсы*» ісінің [ГК] 65-т.; 2002 ж. 10 шілдедегі № [39794/98](#) «*Гратцингер мен Гратцингерова Чехияға қарсы*» ісінің [ГК] (шеш.) 68-т. және одан әрі; 1997 ж. 23 қазандағы №№ [21319/93](#), [21449/93](#) және [21675/93](#) «*The National & Provincial Building Society, the Leeds Permanent Building Society және the Yorkshire Building Society Біріккен Корольдікке қарсы*» ісінің, 62-т. және одан әрі қараңыз.

денсаулық сақтау, салық салу саласында) елеулі реформалар жүргізілген жағдайда қажет.

58. «*Res judicata*» (сот шешімдерінің тұжырымдылығы) қағидаты апелляциялық бойынша түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін одан әрі апелляция беру мүмкін емес екенін білдіреді. Түпкілікті сот шешімдері, егер оларды қайта қарауға дәлелді негіз болмаса, орындалуға тиіс.⁵⁵ Негізінде, «*res judicata*» қағидатынан ауытқу, егер бұл елеулі және еңсерілмейтін сипаттағы мән-жайлардан туындаған жағдайда ғана негізді болады.⁵⁶ АҚЕС те, ЕО Соты да ұлттық соттардың түпкілікті шешімдері олардың шешімдерін орындау мақсатында қайта қаралуға тиіс екендігі туралы талап қоймайды.⁵⁷ Дегенмен, белгілі бір жағдайларда, мысалы, заңның үстемдігін қалпына келтіру мәнмәтінінде, халықаралық соттардың шешімдерін орындау міндеті «*res judicata*» қағидатынан ауытқуды ақтайтын дәлелі болуы мүмкін. Алайда, қамтылған қағидаттар (атап айтқанда: тәуелсіз сотта әділ сот талқылауы құқығы мен құқықтық анықтылық құқығының ажырамас бөлігі ретінде «*res judicata*» қағидаты) арасындағы тиісті теңгерімді қамтамасыз ететін кепілдіктердің болуын қамтамасыз ету өте маңызды. (Құқықтың үстемдігін қалпына келтіру туралы төмендегі II.Н.1 бөлімін қараңыз).⁵⁸

59. Адамдарға олардың іс-әрекеттерінің салдары туралы алдын ала хабарлануға тиіс. Бұл, атап айтқанда, қылмыстық заңнамаға қатысты болжамдылықты⁵⁹ және кері күштің жоқтығын білдіреді.⁶⁰ Бейретроактивтілік қағидаты қылмыстық сипаттағы барлық санкцияларға қолданылады (төмендегі «Процестік кепілдіктер» деген II.С.2 бөлімін қараңыз).⁶¹ Азаматтық және әкімшілік құқықта заңның кері күші құқықтар мен заңды мүдделерге теріс әсер етуі мүмкін. Алайда, қылмыстық құқықтан тыс, кері күші бар жеке тұлғалардың құқықтарын шектеуге немесе жаңа міндеттерді енгізуге, бұл қоғамдық мүдделерге қайшы келмейтін және шамаластық қағидатына сәйкес келетін (оның ішінде уақыт жағынан) жағдайда ғана жол берілуі мүмкін.⁶² Заң шығарушының соттардың қаралатын істер шеңберінде қолданыстағы заңнаманы қолдануына араласуға мүмкіндігі болмауға тиіс.

60. «*Nullum crimen, nulla poena sine lege*» қағидаты (заң жоқ жерде қылмыс пен жаза болмайды) келесі ережелерді көрсетеді: тек заң ғана қылмыстың құрамын анықтап, уақыты өтіп кеткен соң қолдануға болмайтын жазаны белгілей алады, ал қылмыстық құқық айыпталушыға зиян келтіріп түсіндірілмеуге тиіс. Негізсіз қудалаудан, соттаудан және жазалаудан қорғаудың тиімді кепілдіктерін қамтамасыз ету қажет.⁶³ Санкцияларды қолдану шамаластық қағидатына ерекше

⁵⁵ Келесі құжатты қараңыз: «Еуропа Кеңесі және құқық үстемдігі - шолу», [CM\(2008\)170](#), 2008 ж. 21 қараша, 48-т.

⁵⁶ АҚЕС, 2017 ж. 11 шілдедегі № [19867/12](#) «*Морейра Феррейра Португалияға қарсы (№ 2)*» ісі [ГК], 62-т.

⁵⁷ Бұл да сонда, 91-т.; сондай-ақ, Еуропалық Одақ Сотының [C-620/17](#), «*Hochtief Solutions AG Magyarországi Fióktelepe*» ісі бойынша шешімін, 55–56-тармақтарды қараңыз.

⁵⁸ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)029](#), Польша - Судьялардың мәртебесін реттейтін еуропалық стандарттар туралы Венеция комиссиясы мен Адам құқықтары және заңның үстемдігі жөніндегі бас директораттың бірлескен қорытындысы, 41–45-тармақтар; [CDL-AD\(2024\)035](#), Польша - Конституциялық трибуналға қатысты Конституцияға және Конституциялық трибунал туралы екі заңға түзетулердің жобасы бойынша қорытынды, 39-т. және одан әрі.

⁵⁹ Заңның қолжетімділігі мен болжамдылығына арналған жоғарыдағы II.В.1 бөлімін қараңыз.

⁶⁰ Егер жаңа заңнама азаматтар үшін неғұрлым қолайлы жағдай тудырса, кері күш қағидаты қолданылмайды. АҚЕС АҚЕК 7-бабы неғұрлым жеңіл қылмыстық заңның «ретроспективтілік» (кері күш) қағидатын қамтиды деп санайды: 2009 ж. 17 қыркүйектегі № [10249/03](#) «*Скоппола Италияға қарсы (№ 2)*» ісінің [ГК] 109-т. қараңыз.

⁶¹ АҚЕС, 1976 ж. 8 маусымдағы №№ [5100/71](#), [5101/71](#), [5102/71](#), [5354/72](#) және [5370/72](#) «*Энгель және басқалар Нидерландыға қарсы*» ісі, 82-83-тармақтар. Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: «*Николета Георге Румынияға қарсы*» ісі, № [23470/05](#), 2012 ж. 3 сәуір, 25–26-тармақтар; «*Балсите-Лидейкене Литваға қарсы*» ісі, № [72596/01](#), 2008 ж. 4 қараша, 56–61-тармақтар; «*Лутц Германияға қарсы*» ісі, № [9912/82](#), 1987 ж. 25 тамыз, 54–55-тармақтар; «*Өзтүрік Германияға қарсы*» ісі, № [8544/79](#), 1984 ж. 21 ақпан, 49-т.

⁶² Қоғамдық мүдделер туралы сөз болғанда қаржы және салық саласында бейретроактивтілік қағидатынан тыс жайттарға жол берілуі мүмкін (сондай-ақ жоғарыдағы II.В.2.ii бөлімін қараңыз).

⁶³ АҚЕС, «*S.W. Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі, № [20166/92](#), 1995 ж. 22 қараша, 34-т.; «*C.R. Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі, № [20190/92](#), 1995 ж. 22 қараша, 32-т.; «*Рио Прада Испанияға қарсы*» ісі [ГК], № [42750/09](#), 2013 ж. 21 қазан, 77-т.; «*Василиаускаса Литваға қарсы*» ісі [ГК], № [35343/05](#), 2015 ж. 20 қазан, 153-т. Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2020\)005](#), Армения - Қылмыстық кодекстің 300.1-бабына қатысты Армения Конституциялық

мән береді. Бұл қағидат әкімшілік және азаматтық-құқықтық санкцияларға да қатысты.⁶⁴

61. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот өтініш берушілерді бірдей фактілерге, көбінесе салықтық құқық бұзушылықтарға байланысты екі түрлі бап бойынша жауапқа тартуға қатысты бірқатар істерді қарады. Атап айтқанда, онда егер істі қараудың екі түрі - әкімшілік және қылмыстық істі қарау - мәні бойынша және уақыты жағынан бір-бірімен жеткілікті тығыз байланысты болса, қайталану туындамайды, олар бірыңғай тұтастықты құрайды деген тұжырым жасалды. Алайда, «*non bis in idem*» қағидаты (жасалған бір қылмыс үшін қайта жауапқа тартуға тыйым салу), бұл екі сот талқылауы уақыты жағынан бөлініп, дәлелдемелерді жинау мен бағалаудың екі дербес процесі болған жағдайда бұзылады.⁶⁵

5. Құқықтық анықтылық және жаңа технологиялар

Мемлекеттік органдар пайдаланатын ЖИ жүйелерінің құқықтық анықтылық қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін тетіктер бар ма?

- i. Мемлекеттік органдар ЖИ жүйесін пайдаланған жағдайда ақпарат алу құқығына толық кепілдік берілген бе?
- ii. ЖИ жүйесіне қойылатын ең төмен техникалық талаптардың толық орындалуы қамтамасыз етілген бе? Атап айтқанда, мемлекеттік органдар пайдаланатын жасанды интеллект жүйелері сенімділікке⁶⁶, киберқауіпсіздікке және ашықтыққа⁶⁷ қатысты ең төмен талаптарға сәйкес келуге тиіс пе?
- iii. Алгоритмдердің аудиті және сертификаттау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жүйелері бар ма?
- iv. Заңнамада ЖИ жүйелерінің құқықтық анықтылық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ететін басқа тетіктер көзделген бе?

62. Құқықтық анықтылық азаматтар өз іс-әрекеттерінің салдарын алдын ала бағалай алуы және олардың заңдық болжалдары негізсіз бұзылмайтынына сенімді болуы үшін заңның қалай қолданылатынын алдын ала болжау мүмкіндігіне ие болуға тиіс деп болжайды. Мемлекеттік орган ЖИ жүйесін енгізген кезде оны пайдалану жүйе жұмысы нәтижелерінің мынадай нақты талаптарға, атап айтқанда: (1) шешімнің ЖИ құралымен қабылданатыны туралы хабардар болуға;⁶⁸ (2) нәтиженің заңнамаға сәйкес келетініне сенімді болуға; (3)

сотына *amicus curiae* ретінде мәлімдеме, 46–47-т.

⁶⁴ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2025\)037](#), Армения - Қылмыстық кодекстің 236-бабының еуропалық құқықтық анықтылық стандарттарына сәйкестігі туралы *amicus curiae* ретінде мәлімдеме, 16-тармақ. Құқықтық анықтылық қағидатынан басқа, «*nullum crimen*» және жазаның шамаластығы қағидаттарының, сондай-ақ, сөзсіз, қылмыстық құқықтың басқа да маңызды қағидаттарының (мысалы, қылмыстық құқықты төтенше шара ретінде қарастыру керектігін білдіретін «*ultima ratio*» сияқты) пайдасына басқа да негіздемелер бар, олар құқықтық анықтылықтан басқа себептермен сақталуға тиіс.

⁶⁵ АҚЕС, «А және Б Норвегияға қарсы» ісі [ГК], [№ № 24130/11 және 29758/11](#), 2016 ж. 15 қараша, 117-134-тармақтар, жақында 2017 ж. 18 мамырдағы [№ 22007/11 «Йоханнессон және басқалар Исландияға қарсы» ісінің](#) 49-56-тармақтарында қолданылғандай.

⁶⁶ Сенімділік деп «жасанды интеллект жүйелерінің сенімділігін бағалау мен тексеруде, сондай-ақ ашық құжаттау мен осы процесті растайтын дәлелдемелерді ұсынуда стандарттар, техникалық ерекшеліктер, сапаны қамтамасыз ету әдістері мен сәйкестікті бақылау тетіктері атқаруы тиіс рөл» түсініледі ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің Негіздемелік конвенциясына түсіндірме жазба](#), 84-т.).

⁶⁷ «Алгоритмдердің ашықтығы» термині алгоритмдермен басқарылатын жүйенің мақсаттарына, құрылымына және негізгі әрекеттеріне қатысты ашықтықты белгілеу үшін жиі қолданылады ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясына түсіндірме баяндама](#), 58-т.); ЭЫДҰ, Еуропа Кеңесінің [ЖИ бойынша ұсынымы](#), ашықтық пен түсініктілікке арналған IV.1.3 бөлімі.

⁶⁸ Мысалы, [Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясының](#) 15-бабының 2-тармағында тараптар «нақты мән-жайларды ескере отырып, жасанды интеллект

ЖИ құралы беруі мүмкін ықтимал нәтижелерді алдын алау болжау мүмкіндігіне қатысты сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ЖИ жүйелеріне оларды мемлекеттік органдар пайдаланбас бұрын белгілі бір нақты техникалық талаптар, мысалы, (ii) сұрағында санамаланған талаптар қойылуы керек дегенді білдіреді.

63. Құқықтық анықтылықты қамтамасыз ететін техникалық қағидаттар - сенімділік (тұрақтылықты, дәлдікті, өнімділікті және деректерге қатысты басқа талаптарды қамтиды⁶⁹), киберқауіпсіздік (қауіпсіздік және қорғалғандық)⁷⁰ және ашықтық (түсініктілікті⁷¹ және түсіндірілуді қамтиды⁷²).

64. Техникалық талаптар тікелей мемлекеттік органдардың не осы техникалық талаптарға сәйкестікті растай алатын сенімді үшінші тараптардың (агенттіктердің, тізілімдердің, сертификаттау органдарының) көмегімен жасанды интеллект жүйелерінің аудиті мен сертификатталу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тетіктермен толықтырылуы қажет.

С. Билікті асыра пайдаланудың алдын алу⁷³

жүйелерімен өзара әрекеттесетін тұлғалардың адаммен емес, дәл осындай жүйелермен өзара әрекеттесетіні туралы хабарлама алуын қамтамасыз етуге тырысуға тиіс» делінген.

⁶⁹ Бұл талаптар ЖИ жүйесінің, тіпті шулы деректер, күтпеген сценарийлер немесе шатастыру әрекеттері болса да, әртүрлі жағдайларда тұрақты және дәл жұмыс істеу қабілетіне қатысты. Басқа функционалдық талаптар - «деректердің сапасы мен дәлдігі, деректердің тұтастығы, деректердің қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік. Тиісті стандарттар, талаптар, сапа мен сәйкестікті қамтамасыз ету жүйелері жұртшылықтың жасанды интеллект технологияларына негізді сенімін нәтижелі қалыптастырудың алғышарты ретінде осы элементтерді қамтуы мүмкін» ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясына түсіндірме жазба](#), 85-т.). Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: ЭЫДҰ, [Кеңестің жасанды интеллект бойынша ұсынымы](#), IV.1.4 бөлімі.

⁷⁰ Бұл қағидат «кез келген басқа бағдарламалық жүйелер сияқты ЖИ жүйелерінің «дизайны бойынша қауіпсіз және сенімді» болуын қамтамасыз етуге» бағытталған, бұл ЖИ саласындағы тиісті субъектілер қауіпсіздік пен сенімділікті техникалық сипаттамалар ретінде емес, негізгі талаптар ретінде қарастыруға тиіс дегенді білдіреді. «Олар ЖИ жүйесінің бүкіл өміршеңдік кезеңі бойына қауіпсіздік пен қорғау мәселелеріне баса назар аударуға тиіс» ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясына түсіндірме жазба](#), 87-т.).

⁷¹ «Түсініктілік» термині техникалық тұрғыдан мүмкін болған жағдайда және техниканың көпшілік танған даму деңгейін ескере отырып, жасанды интеллект жүйесінің не үшін ақпарат беретіні, болжамдарды тұжырымдайтыны, контент жасайтыны, ұсынымдар беретіні немесе шешімдер қабылдайтыны туралы жеткілікті түрде түсінікті түсіндірмелер беру қабілетін білдіреді... Мұндай жағдайларда ашықтық, мысалы, жасанды интеллект жүйесі ақпарат беру немесе шешім қабылдау кезінде ескеретін факторлардың тізбесі нысанында болуы мүмкін» ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясына түсіндірме жазба](#), 60-т.). Сондай-ақ келесі құжатты қараңыз: ЭЫДҰ, [Кеңестің жасанды интеллект бойынша ұсынымы](#), IV.1.3 бөлімі.

⁷² Түсіндірілу «жасанды интеллект жүйесінің өз болжамдарын қалай қалыптастыратынын немесе шешім қабылдайтынын немесе басқаша айтқанда, жасанды интеллект жүйелері жұмысы нәтижелерінің сарапшыларға да, қарапайым адамдарға да қолжетімді және түсінікті болу дәрежесін түсіну қабілетін білдіреді». «Бұл әзірлеушілерді, мүдделі тараптарды, түпкі пайдаланушыларды және оның әсеріне ұшырайтын тұлғаларды қоса алғанда, пайдаланушы адамдар үшін жасанды интеллект жүйелерінің ішкі құрылымының, қисыны мен шешім қабылдау процестерінің түсінікті және қолжетімді болуын қамтамасыз етуді көздейді» ([Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясына түсіндірме жазба](#), 61-т.).

⁷³ Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот бірқатар істерде озбырлықтан қорғау туралы атап өтті. Келесі сілтемелерде көрсетілген істерден басқа, мысалы, 2014 ж. 24 шілдедегі № [7511/13 «Хусейн \(Әбу Зубайда\) Польшаға қарсы»](#) ісінің 521-т. және одан әрі; 2014 ж. 16 қыркүйектегі № [29750/09 «Хасан Біріккен Корольдікке қарсы»](#) ісінің [ГК] 106-т.; 2014 ж. 3 шілдедегі № [13255/07 «Грузия Ресейге қарсы \(I\)»](#) ісінің 182-т. және одан әрі (АҚЕК 5-бабы); 2014 ж. 18 қыркүйектегі № [13006/13 «Ивинович Хорватияға қарсы»](#) ісінің 40-т. (АҚЕК 8-бабы) қараңыз. Еуропалық Одақ сотына қатысты, мысалы, «*Hoechst Комиссияға қарсы*» ісін, 1989 ж. 21 қыркүйектегі № [46/87 және № 227/88](#) бірлескен істерінің 19-т.; 2014 ж. 25 қарашадағы [T-402/13 «Orange Еуропалық комиссияға қарсы»](#) ісінің 89-т. қараңыз. Дискрециялық өкілеттіктер шектеріне қатысты Тиісті басқару туралы Еуропа Кеңесінің [CM/Rec\(2007\)7](#) ұсынымына қосымшаның 2.4-бабын («Заңдылық қағидаты») қараңыз, онда былай делінген: «[Мемлекеттік органдар] өз өкілеттіктерін белгіленген

1. Ортақ қорғану құралдары

Мемлекеттік, әсіресе әкімшілік органдар тарапынан озбырлық пен билікті асыра пайдаланудан қорғайтын құқықтық кепілдіктер бар ма? «Озбырлық» және «билікті асыра пайдалану» ұғымдары нақты анықталған ба?

- i. Бұл кепілдіктер міндетті күші бар құқықтың қайнар көздерінде (мысалы, конституцияда, статуттық заңдарда, ұлттық және халықаралық сот практикасында) бекітілген бе?
- ii. Мемлекеттік өкілеттіктерді асыра пайдаланудың немесе заңға қайшы пайдаланудың алдын алу, түзету және ол үшін жазалау тетіктері бар ма?
- iii. Мемлекеттік органдардың дискрециялық өкілеттіктерді жүзеге асыруына айқын құқықтық шектеулер бар ма?⁷⁴
- iv. Теңдік, шамаластық және заңдық болжалдарды қорғау сияқты жалпы материалдық-құқықтық қағидаттардың мемлекеттік/әкімшілік органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне қолданылуына кепілдік беріле ме?
- v. Өкілеттіктерді жүзеге асыруға сот бақылауы бар ма?
- vi. Омбудсмен функцияларын атқаратын мекеме тарапынан мемлекеттік/әкімшілік органдардың қызметіне қадағалау жүзеге асырыла ма?⁷⁵

65. Жалпы құқықтық мемлекет мемлекеттік органдар тарапынан, сондай-ақ елеулі дәрежеде жеке субъектілер тарапынан билікті бақылауды қамтамасыз етуге бағдарланады. Мұнда әкімшілік органдардың билікті асыра пайдалануына баса назар аударылады. Алайда, II бөлімде көрсетілгендей. А. 3 жоғарыда, мемлекеттік функцияларды жеке субъектілер жүзеге асыратын жағдайларда, мемлекеттік органдарға қатысты сияқты билікті асыра пайдаланудан қорғау шаралары қолданылуы керек.

66. Атқарушы және әкімшілік биліктің дискрециялық өкілеттіктеріне қандай да бір шектеулердің болмауы құқық үстемдігі қағидатына қайшы келеді. Демек, заңда озбырлықтың алдын алу үшін осындай дискрециялық өкілеттіктердің шектері нақты анықталуға тиіс.

67. Теңдік, шамаластық және заңдық болжалдарды қорғау сияқты мемлекеттік органдардың дискрециялық өкілеттіктерін шектейтін жалпы материалдық-құқықтық қағидаттар болуы керек (жоғарыдағы II.B.4 бөлімін қараңыз).

2. Процестік кепілдіктер

Мемлекеттік органдардың озбырлығы мен билікті асыра пайдалануына жол бермейтін процестік кепілдіктер бар ма?

- i. Мемлекеттік органдар «*audi alteram partem*» («екінші тарапты тыңдау») қағидатын сақтауға міндетті ме? Бұл қағидатты сақтамау сотта әкімшілік шешімдерге шағым

фактілер мен қолданылатын құқық оларға осы құқықты берген жағдайда ғана және тек осы өкілеттіктер берілген мақсаттарда жүзеге асырады».

⁷⁴ «Еуропа Кеңесі және құқық үстемдігі - шолу», [CM\(2008\)170](#), 2008 ж. 21 қараша, 46-т.; АҚЕС, «*Мэлоун Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі, № [8691/79](#), 1984 ж. 2 тамыз, 68-т.; «*Сегерстедт-Виберг және басқалар Швецияға қарсы*» ісі, № [62332/00](#), 2006 ж. 6 маусым, 76-т. (8-бап). Қазіргі қоғамның күрделілігі мемлекеттік қызметшілерге өз қалауы бойынша өкілеттіктер беру қажеттілігін еріксіз талап етеді. Швеция және Финляндия сияқты бірқатар мемлекеттерде мемлекеттік органдар объективтілікке («*sachlich*») ұмтылуға тиіс деген қағидат жай ғана кемсітушілікке тыйым салу шеңберінен шығады және мемлекеттік әкімшілікке деген сенім мен әлеуметтік капиталды нығайтатын маңызды фактор ретінде қарастырылады.

⁷⁵ Бұл мәселе бойынша келесі құжатты қараңыз: Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2019\)005](#), «Омбудсмен институтын қорғау мен көтермелеудің жалпы қағидаттары» («Венеция қағидаттары»).

- түсіру үшін заңды негіз бола ма?
- ii. Заң қоғамдық консультациялар өткізуді көздей ме, әлде, қалай болғанда да, көптеген тұлғалардың мүдделерін қозғайтын дискрециялық әкімшілік шешімдер қабылданғанға дейін оларды өткізуге жол бере ме?
 - iii. Себептерді көрсетпеу сотта мұндай шешімдерге шағым түсіруге жеткілікті негіз бола ма?
 - iv. Әкімшілік және жария құқық саласында шешім қабылдау үшін жауапты тұлғаларды заңдық жауапқа тартуға мүмкіндік беретін тетік бар ма?
 - v. Егер әкімшілік шешім ЖИ жүйесіне негізделген болса, ЖИ жүйесінің дәл осындай шешімді таңдауының себептерін түсіндіруге кепілдік беріле ме? Егер жүйе істен шықса, кім жауапты (мемлекеттік немесе жеке құрылымдар) болатыны анық па? Шешімнің қандай аспектілері жүйенің қалауы бойынша, ал қандай аспектілер адамның қалауы бойынша қалатыны анық па?
 - vi. Шын мәнісінде қылмыстық айып тағуға баламалы әкімшілік шаралар (ұлттық заңнамада осы әкімшілік шаралардың жіктелуіне қарамастан) қолданылған жағдайда, заңнама тиісті процестік кепілдіктерді, оның ішінде әділ сот талқылауының кепілдіктерін және тиімді құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді көздей ме?

68. Шешім мүдделерін қозғайтын адамдардың өз пікірін айтуы керек деп болжайтын «*Audi alteram partem*» («екінші тарапты тыңдау») қағидатын сақтау сияқты дискрециялық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың алдын алатын процестік кепілдіктер болуға тиіс.

69. Жоспарлау саласында немесе экологиялық мәселелерге қатысты көптеген адамдардың мүдделерін қозғайтын дискрециялық әкімшілік шешімдерді қабылдау кезіндегі демократиялық басқарудың негізгі элементтерінің бірі ретінде түпкілікті шешімдер қабылдау кезінде мүдделі тараптардың кең тобының пікірлерін есепке алуды қамтамасыз ету және қоғамдық қолдаудың негізін құру үшін қоғамдық консультациялар өткізуге жәрдемдесу керек.

70. Негізінде, шешімдерді уәждеу міндеті әкімшілік шешімдерге де қолданылады.⁷⁶ Алайда, бұл міндеттің өз шектеулері бар. Шын мәнісінде, ол қандай да бір шешім әсер еткен тұлғаға осы шешімнің не үшін қабылданғанын немесе сотта істі қарау мәнмәтінінде оның неліктен істе жеңгенін немесе жеңілгенін білуге мүмкіндік береді. АҚЕС атап өткендей, «[соттың] өз шешімін уәждеу міндеті өтініш беруші ұсынған әрбір дәлелге егжей-тегжейлі жауап беруді көздемейді, тек осы істі қараудың нәтижесі үшін шешуші мәнге ие дәлелдерге нақты және айқын жауап беруді талап етеді».⁷⁷

71. Кез келген дискрециялық өкілеттіктер сот немесе өзге де тәуелсіз бақылауға жатқызылуға тиіс. Қолда бар құқықтық қорғау құралдары түсінікті және оңай қолжетімді болуы керек. Сондай-ақ, омбудсменге немесе дауларды соттан тыс шешудің басқа түріне жүгіну мүмкіндігін көздеу орынды болуы мүмкін.

72. Әкімшілік және жария құқық саласында шешім қабылдайтын тұлғалар заңдық жауапкершілікте болуға тиіс.

73. Алгоритмдер негізінде шешімдер қабылдау және жасанды интеллектіні пайдалану құқық үстемдігі саласында жаңа проблемалар туғызады. Есеп берушілік қағидаты ЖИ жүйелері мемлекеттік органдардың шешім қабылдауында маңызды рөл атқаратын жағдайларда (атап айтқанда, сот жүйесінде ЖИ пайдалану туралы сөз болғанда, төмендегі II.F 4 бөлімін қараңыз) шешуші мәнге ие болады. Бұл жүйенің ұсыным беру себептерін нақты түсіндіруді білдіреді. Егер бұл себептер азаматтардың назарына жеткізіліп, оларға

⁷⁶ Мысалы, [Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар хартиясының](#) 41.2.с бабын қараңыз. Сондай-ақ әділ сот талқылауына арналған төмендегі II.F.3.v бөлімін қараңыз.

⁷⁷ АҚЕС, 2021 ж. 14 желтоқсандағы № [11200/19](#), «*Мельгарехо Мартинес де Абельяноса Испанияға қарсы*» ісі, 41-т.

түсінікті болған жағдайда ғана қамтылған тұлғалар тиісті органдарға шағым бере алады.⁷⁸ Есеп берушілік қағидаты сонымен қатар «міндеттерді нақты бөлу қажеттілігін көрсетеді».⁷⁹ Мұндай жүйелерді пайдалану кезінде проблемалар туындаған жағдайда кімнің жауапты екенін нақтылау, сондай-ақ мемлекеттік органдар пайдаланатын ЖИ жүйесінің кез келген заңға қайшы әрекеттері үшін кімнің (мемлекеттік немесе жеке субъект) жауапты екенін анықтауға мүмкіндік беретін рәсімдерді әзірлеу қажет⁸⁰. Бұдан өзге, мүдделі тұлға ЖИ жүйесі қабылдаған немесе ұсынған шешімдерді сәйкестендіріп, даулай алу үшін жеткілікті ақпараттың болуын қамтамасыз ету қажет⁸¹. Есеп берушілік пен ЖИ жүйелерін пайдаланғаны үшін жауапкершілікті белгілеу кезінде мемлекеттік шешімнің қандай аспектілері ЖИ жүйесінің автоматтандырылған жұмысының нәтижесі болатынын және қандай аспектілер адамдар қабылдайтын шешімдерге байланысты екенін нақтылау маңызды. Мемлекеттік әкімшілік органдарының қызметкерлері ЖИ жүйелерін пайдалану бойынша арнайы оқытудан өтуі қажет.

74. АҚЕС сот практикасына сәйкес, шын мәнісінде қылмыстық айып тағуға әкелтін әкімшілік шаралар олардың ұлттық заңнамадағы жіктелуіне қарамастан, әділ сот талқылауы туралы талаптардың қолданыс аясына түседі.⁸²

3. Сыбайлас жемқорлық⁸³ және мүдделер қақтығысы

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бойынша барабар шаралар қабылданып жатыр ма?

- i. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік қызметшілерге қатысты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған мінез-құлықтың ерекше қағидалары қолданыла ма? Осы шараларды сақтамағаны үшін тиімді, барабар және тежеуші санкциялар көзделген бе?
- ii. Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары секторларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша неғұрлым нақты шаралар қабылданды ма?
- iii. Сыбайлас жемқорлық және онымен байланысты қылмыстар халықаралық стандарттарға сәйкес қылмыстық ретінде жіктелді ме? Осы құқық бұзушылықтар

⁷⁸ ЭЫДҰ, [Кеңестің жасанды интеллект бойынша ұсынымы](#), IV.1.5 бөлімі.

⁷⁹ [Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға түсіндірме](#) жазба, 68-т.

⁸⁰ Бұл да сонда: «Басқаша айтқанда, жасанды интеллект жүйелерінің өміршеңдік кезеңі шеңберіндегі қызмет үшін жауапты барлық субъектілер өздерінің мемлекеттік немесе жеке ұйымдар екеніне қарамастан, жасанды интеллект жүйелері мәнмәтінінде жауапкершілікті тиімді анықтауды қамтамасыз ету үшін әрбір Тарапта қолданылатын қағидалар жүйелеріне, құқықтық нормаларға және басқа да тиісті тетіктерге бағынуға тиіс».

⁸¹ Бұл да сонда, 69-тармақ: «Есеп берушілік және жауапкершілік қағидаты ашықтық пен қадағалау қағидатынан ажырағысыз, өйткені ашықтық пен қадағалау тетіктері есеп беру мен жауапкершілікті жасанды интеллект жүйелерінің қалай жұмыс істейтінін және нәтижелерді қалай шығаратынын неғұрлым түсінікті ете отырып қамтамасыз етеді». «Мүдделі тараптар негізгі процестер мен алгоритмдерді түсінгенде адам құқықтарының бұзылуын қоса алғанда, адам құқықтарына, демократияға немесе заң үстемдігіне теріс әсер еткен жағдайда жауапкершілікті қадағалау және анықтау оңайырақ болады».

⁸² АҚЕС, «*Николета Георге Румынияға қарсы*» ісі, № [23470/05](#), 2012 ж. 3 сәуір, 25-26-тармақтар; «*Балсите-Лидейкене Литваға қарсы*», № [72596/01](#), 2008 ж. 4 қараша, 56-61-тармақтар; «*Лутц Германияға қарсы*», № [9912/82](#), 1987 ж. 25 тамыз, 54-55-тармақтар; «*Өзтүрік Германияға қарсы*», № [8544/79](#), 1984 ж. 21 ақпан, 49-т.; «*Энгель және басқалар Нидерландыға қарсы*», №№ [5100/71](#), [5101/71](#), [5102/71](#), [5354/72](#) және [5370/72](#), 1976 ж. 8 маусым, 82-83-тармақтар.

⁸³ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (ГРЕКО) [«Бағалаудың үш кезеңінен алынған қорытындылар \(2000–2010 жж.\) - тақырыптық мақалалар»](#); [«Депутаттар, соттар және прокурорлар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласындағы бағалаудың төртінші кезеңінің үрдістері мен тұжырымдары туралы есеп»](#) (2017 ж.); [«Орталық билік органдары \(жоғарғы атқарушылық функциялар\) және құқық қорғау органдары саласындағы бағалаудың бесінші кезеңінің негізгі қағидаттары, үрдістері және сын-қатерлері туралы есеп»](#) (2025) құжаттарын қараңыз.

	үшін тиімді, барабар және тежеуші санкциялар көзделген бе? Сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс үшін шығарылған үкімге қосымша шаралар қолданылуы мүмкін бе?
iv.	Жоғарыда көрсетілген қылмыстың алдын алу шаралары мемлекеттік қызметшілердің барлық санаттарына қолданыла ма? Мемлекеттік қызметшілердің белгілі бір санаттарына кірістер, активтер мен мүдделер туралы ақпаратты үнемі ашып отыру сияқты қосымша шаралар және (немесе) олардың лауазымда болу немесе өкілеттік мерзімінің басында және соңында қосымша талаптар қолданыла ма?
v.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және мемлекеттік секторда адалдықты қамтамасыз етуге жауапты органдардың жеткілікті кадрлық және қаржылық ресурстары, сондай-ақ қажет болған жағдайда - тергеу өкілеттіктері мен тиісті мамандану деңгейі бар ма? Бұл органдардың атқарушы және заң шығарушы биліктен жеткілікті жедел тәуелсіздігі қамтамасыз етілген бе?
vi.	Сыбайлас жемқорлық фактілерін ашуды көтермелеуге бағытталған шаралар, атап айтқанда ақпар берушілерді қорғау жөніндегі заңдар мен саясат, сондай-ақ бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған жедел желілер және азаматтар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін басқа да шаралар қабылданды ма?
vii.	Елдегі істердің жай-күйі осы саладағы халықаралық мониторинг нәтижелеріне сәйкес келе ме? Мемлекет өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін өз бетінше бағалауды жүргізе ме және қажет болған жағдайда жағдайды түзету бойынша барабар шаралар қабылдай ма? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күш-жігердің тиімділігін немесе тұтастығын бұзатын құбылыстарға қатысты шаралар қабылданып жатыр ма? ⁸⁴

75. Сыбайлас жемқорлық қоғамның сенімін кетіреді, институттарды әлсіретеді және озбырлық пен билікті асыра пайдалануға әкеледі. Бұдан өзге, сыбайлас жемқорлық заңды тең қолдану қағидатын бұзуы мүмкін. Осылайша, бұл құқық үстемдігінің негіздерін бұзады. Сыбайлас жемқорлық проблемасы биліктің барлық үш тармағын қамтығанымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын сот, прокурорлық және құқық қорғау органдары үшін ерекше алаңдаушылық туғызады. Түрлі халықаралық конвенцияларда және басқа да құжаттарда көзделген алдын алу және жазалау шараларын тиімді сақтау және жүзеге асыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте шешуші мәнге ие.⁸⁵

76. Алдын алу мақсатында мемлекеттік лауазымды адамдардың барлық санаттарына (мысалы, мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде сайланған және тағайындалған лауазымды адамдарға, судьяларға, прокурорларға және т.б.) мыналарды қамтитын нақты мінез-құлық⁸⁶ қағидалары қолданылуға тиіс: 1) қоғамдық өмірде адалдық пен параға сатылмаушылыққа (риясыздық, бейтараптық және т.б.) жәрдемдесу; 2) сыйлықтар және өзге де пайдалар; 3) мемлекеттік ресурстарды пайдалану; 4) жария етуге арналмаған ақпаратты пайдалану; 5) үшінші тараптармен және мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне (үкімет пен парламенттің жұмысын қоса алғанда) ықпал етуге ұмтылатын тұлғалармен

⁸⁴ Мысалы: заң шығару процесімен айла-шарғы жасау, сот шешімдері мен санкцияларын сақтамау және орындамау, иммунитеттер беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа да уәкілетті органдардың заңның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне араласу, соның ішінде саяси қорқыту, белгілі бір мемлекеттік институттарды өз мүдделеріне пайдалану, сыбайлас жемқорлық жағдайларын жариялайтын журналистер мен азаматтық қоғам өкілдерін қорқыту.

⁸⁵ [Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы](#); Еуропа Кеңесінің [Сыбайлас жемқорлық туралы қылмыстық құқық](#) жөніндегі конвенциясы (Еуропа Кеңесінің № 173 шарттар сериясы); сондай-ақ Сыбайлас жемқорлықтың [азаматтық-құқықтық аспектілері](#) жөніндегі конвенцияны (Еуропа Кеңесінің № 174 шарттар сериясы), Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық аспектілері жөніндегі конвенцияға [қосымша хаттаманы](#) (Еуропа Кеңесінің № 191 шарттар сериясы), Мемлекеттік лауазымды адамдарға арналған мінез-құлық кодекстері туралы [CM/Rec\(2000\)10](#) ұсынымын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жиырма басшылыққа алынатын қағидаты туралы [CM/Res \(97\)24](#) қарарын қараңыз.

⁸⁶ Мұндай мінез-құлық қағидаларында олардың сақталуын бақылау және орындалуын қамтамасыз ету туралы ережелер болуға тиіс. Келесі құжатты қараңыз: ГРЕКО, «Мемлекеттік қызметшілерге арналған мінез-құлық кодекстері: ГРЕКО тұжырымдары мен ұсынымдары», [Greco\(2019\)5](#).

байланыстар; және 6) мүдделер қақтығысы. Соңғысы мемлекеттік қызметшінің өзінің қызметтік міндеттерін риясыз және объективті атқаруына ықпал етуге қабілетті немесе ықпал ету көрінісін қалыптастыратын жеке мүдделілігі (үшінші тұлғаға, мысалы, туысына немесе жұбайына қатысты болуы мүмкін) болған жағдайларда орын алуы мүмкін.⁸⁷ Мемлекеттік лауазымды адамдарға қатысты осындай мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу мақсатында олардың мемлекеттік лауазымына сәйкес келмейтін лауазымдар мен қызмет түрлерін айқындайтын нормалар, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты алдын ала ашу туралы талаптар және мүдделердің нақты, ықтимал немесе жорымал қақтығысы болған жағдайда өздігінен бас тарту қағидалары қолданылуға тиіс. Лоббистік қызметті⁸⁸ және сайлау науқанын қаржыландыруды бақылауды реттейтін заңдар мен нормативтік актілер мүдделер қақтығысының алдын алуда және оларды реттеуде маңызды рөл атқарады. Бұдан өзге, лауазымды адамдардың белгілі бір санаттарына (мысалы, жоғары лауазымды шенеуніктерге немесе сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары деп саналатын салаларда жұмыс істейтіндерге) олардың кірістері, активтері мен мүдделері туралы ақпаратты ашу талаптары сияқты қатаң қағидалар (бұл ретте ақпаратты ашу туралы есептер тиісті деңгейде бақылаумен қатар жүруі керек), оларды тағайындау кезінде адалдыққа қойылатын ерекше талаптар, «айналмалы есіктерді» немесе «пантуфляжды» шектеу үшін лауазымынан босатылғаннан кейінгі кәсіби шеттету мен шектеулер қолданылуға тиіс.

77. Мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен параға сатылмаушылығын қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық құқық нормалары халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілуге тиіс (мысалы, пассивті және белсенді сыбайлас жемқорлық, ықпалын теріс пайдаланғаны, қызмет бабын асыра пайдаланғаны, қызметтік міндеттерін орындамағаны үшін жаза енгізу жолымен), бұл ретте мұндай қылмыстар жасағаны үшін тиімді, барабар және тежеуші санкциялар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық нәтижесінде алынған кірістерді тәркілеу, мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айыру (және т.б.) сияқты қосымша шараларды қолдану мүмкіндігі көзделуге тиіс. Тергеу және активтерді қайтару саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу керек.⁸⁹ Құқық қорғау органдары болсын немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі мекемелер болсын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жауапты органдар өз функцияларын орындау үшін қажетті ресурстарға ие болуға және биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтарынан жеткілікті жедел тәуелсіздікке ие болуға тиіс.⁹⁰

D. Тежемелер мен теңестірімелер жүйесі

1. Институционалдық тежемелер мен теңестірімелер

Конституция негізгі конституциялық органдар арасындағы тежемелер мен теңестірімелер жүйесіне кепілдік бере ме?

- i. Конституция биліктің бөлінуіне кепілдік бере ме? Ол негізгі конституциялық органдар арасындағы тежемелер мен теңестірімелер жүйесін көздей ме?

⁸⁷ Біріккен Ұлттар Ұйымының [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы](#), атап айтқанда 8.5-бап; [CM/Rec\(2000\)10](#), Қосымша - Мемлекеттік лауазымды адамдарға арналған үлгілік мінез-құлық кодексі, 13-бап және одан әрі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жиырма басшылыққа алынатын қағидаттары туралы [CM/Res \(97\) 24](#) қарарын қараңыз.

⁸⁸ Мемлекеттік шешімдер қабылдау мәнәсініндегі лоббистік қызметті құқықтық реттеу туралы Еуропа Кеңесінің [CM/Rec\(2017\)2](#) ұсынымы және түсіндірме жазба; Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2013\)011](#), Демократиялық жүйедегі институционалдық емес субъектілердің рөлі туралы баяндама (Лоббизм).

⁸⁹ Біріккен Ұлттар Ұйымының [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының](#) 43-49-баптары; [Сыбайлас жемқорлық](#) туралы [қылмыстық құқық жөніндегі конвенцияның](#) 25-31-баптары (Еуропа Кеңесінің № 173 шарттар сериясы).

⁹⁰ Атап айтқанда, Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2023\)046](#), Грузия - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросына қатысты ережелері бойынша қорытындының 17-тармағын қараңыз, онда сыбайлас жемқорлықты тергеуге және қудалауға жауапты тұлғаларда әдетте тәуелсіздік деңгейі неғұрлым жоғары болуға тиіс, алайда нақты «алдын алу» функцияларын орындау (сайлау науқандарын қаржыландыру және мүлік пен кірістерді декларациялау саласында) тәуелсіздіктің және мұндай органның саяси бейтараптығын қабылдаудың қосымша кепілдіктерін талап етуі мүмкін деп атап көрсетілген.

- ii. Конституциялық органдар арасындағы бейілді ынтымақтастық қағидаты сақтала ма? Ынтымақтастық сәтсіз болған жағдайда тосқауыл қоюдың алдын алу тетіктері көзделген бе?
- iii. Заңнамада және іс жүзінде сот билігінің тәуелсіздігіне кепілдік берілген бе?
- iv. Заң шығарушы және атқарушы билік шараларын конституциялық бақылаудың тәуелсіз және тиімді жұмыс істейтін жүйесі бар ма?⁹¹
- v. Конституцияда немесе Парламент регламентінде парламенттік азшылықтың құқықтарына кепілдік беріле ме?
- vi. Конституция жергілікті (және өңірлік) өзін-өзі басқаруға кепілдік бере ме?
- vii. Өз еркімен жұмыстан босатылуға жеткілікті кепілдіктерді қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік қызмет бар ма?
- viii. Адам құқықтары мен сайлау құқығының сақталуын мониторингтеу саласында тәуелсіз, саяси емес органдар бар ма? Конституцияда олардың тәуелсіздігіне кепілдік берілген бе?

78. Биліктің, әсіресе сот билігінің тәуелсіздігінде көрініс табатын түрде бөлінуі конституциялық демократияның негізге алынатын қағидаттарының бірі болып табылады. Өз кезегінде, тежемелер мен теңестірімелер жүйесі демократиялық институттардың жұмыс істеуінің, азшылық топтардың құқықтарын қорғаудың және заң үстемдігінің қажетті кепілі болады. Бұл тежемелер мен теңестірімелер жүйесі институционалдық тетіктер мен өзара қатынастарды ғана емес, сонымен қатар институттардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға және шешім қабылдаудың талқылау процесіне жәрдемдесуге қабілетті берік және тиісті түрде қорғалған азаматтық кеңістік түріндегі институционалдық емес тетіктерді (еркін БАҚ, тәуелсіз ғылыми мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қамтуға тиіс.

79. Тиімді жұмыс істейтін тежемелер мен теңестірімелер жүйесі мемлекеттік институттардың тиімділігіне нұқсан келтірмейді. Тиімділік пен «тежемелер мен теңестірімелер» жүйесі бірін-бірі өзара нығайтатын құбылыстар ретінде қарастырылғаны жөн. Тежемелер мен теңестірімелер жүйесі мемлекеттік органдардың бейілді ынтымақтастығының саяси міндеттемесіне қайшы келмейді, өйткені ол тек биліктің әртүрлі тармақтары арасында өкілеттіктердің тиісінше бөлінуін қамтамасыз етеді. Бейілді ынтымақтастық қағидаты әртүрлі конституциялық органдар арасындағы шиеленістерді реттеуді тиімді тетігі бола алады.⁹² Алайда, бұл қағидаты сақтамау қаупі бар болғандықтан, бір конституциялық орган екіншісінің жұмысына тосқауыл қоя алатын болса, заңнамада тосқауыл қоюдың алдын алатын тиісті тетіктер көзделуге тиіс.⁹³

80. Парламенттік, жартылай президенттік және президенттік саяси жүйе арасындағы таңдау - конституциялық заң шығарушының қарап шешуіне қалдырылатын саяси шешім. Дегенмен, сот билігінің тәуелсіздігі және тиімді конституциялық бақылаудың болуы⁹⁴ саяси режимді таңдауға қарамастан, барлық тежемелер мен теңестірімелер жүйелерінің ажырамас бөлігі болады.

81. Сот билігі мен конституциялық бақылаудан басқа, тежемелер мен теңестірімелер жүйесі, әсіресе адам құқықтарының сақталуын, сайлау құқығын мониторингтеу және бұқаралық ақпарат

⁹¹ Егжей-тегжейлі ақпаратты конституциялық бақылауға қатысты төмендегі G өлшемшартынан қараңыз.

⁹² Мысалы, Венеция комиссиясы, [CDL-AD \(2012\)026](#), Румыния үкіметі мен парламентінің басқа мемлекеттік институттарға қатысты қабылдаған іс-әрекеттерінің конституциялық қағидаттар мен құқық үстемдігі қағидатына сәйкестігі туралы, сондай-ақ Конституциялық сотты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы № 47/1992 Заңға түзетулер енгізу туралы үкіметтің төтенше қаулысы және Румынияда референдум ұйымдастыру туралы № 3/2000 Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы үкіметтің төтенше қаулысы туралы қорытындының 73-т. және одан әрі; [CDL-AD\(2022\)053](#), Черногория - Черногория Президенті туралы заңға өзгерістер енгізу туралы заң бойынша шұғыл қорытындының 29-т. қараңыз.

⁹³ Сондай-ақ, осы мәселе бойынша төменде келтірілген конституциялық бақылауға қатысты G өлшемшартын қараңыз. Кейбір елдерде конституциялық соттарға әртүрлі конституциялық органдар арасындағы ықтимал шиеленістерді шешуге уәкілеттік берілген. Алайда, бұл, атап айтқанда, конституциялық соттың жұмысына кедергі келтіретін жағдайларда, тосқауыл қоюға қарсы іс-қимыл тетіктеріне қажеттіліктің күшін жоймайды.

⁹⁴ Жазбаша конституциясы бар елдер үшін.

құралдарының қызметін реттеу саласында саяси билікті асыра пайдалану қаупін қадағалай алатын және азшылық топтардың мүдделерін қорғауға ықпал ете алатын мажоритарлық қағидатқа негізделмеген басқа да тәуелсіз органдарды қамтуы мүмкін. Тәуелсіз орталық банк те тежемелер мен теңестірімелер жүйесі элементтерінің бірі болуы мүмкін.⁹⁵

82. Жергілікті және өңірлік деңгейде өзін-өзі басқару демократияның дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар институционалдық тежемелер мен теңестірімелер жүйесінің ажырамас бөлігі болады. Бұл тұрғыда субсидиарлық қағидатын сақтау маңызды: егер белгілі бір мәселе жергілікті немесе өңірлік деңгейде неғұрлым тиімді шешілуі мүмкін болса, орталық билік органдары араласудан тартынуға тиіс.

83. Кәсіби мемлекеттік қызмет сонымен қатар көпшілік тарапынан саяси билікті асыра пайдалануға қарсы қосымша кепілдік бола алады. Кәсіби мемлекеттік қызметшілер негізсіз жұмыстан шығарудан қорғалуға тиіс. Өртүрлі юрисдикцияларда мемлекеттік қызметшілер штатын жасақтаудың әртүрлі тәсілдері қолданылуы мүмкін. Алайда, үкіметке бағынатын әкімшіліктің жоғарғы деңгейлеріндегі шектеулі мерзімге тағайындаулар немесе саяси тағайындаулар өздігінен құқық үстемдігі қағидатына қайшы келмейді.

2. Азаматтық кеңістік үшін құқықтық шеңберді қамтамасыз ету

Азаматтық кеңістікті дамытуға және қорғауға ықпал ететін құқықтық база бар ма?

- i. Қолданыстағы заңдар мен саяси шаралар азаматтық кеңістікке байланысты негізгі құқықтарды (атап айтқанда, сөз бостандығын, жиналыс бостандығын және қауымдастық бостандығын) тану мен қорғауды көздей ме? Бұл құқықтардың шектелуі адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келе ме? Негізгі кепілдіктер конституцияда бекітілген бе? Заңдар мен саясат қоғамның барлық топтары үшін қандай да болмасын кемсітушіліксіз азаматтық кеңістікті тиімді қорғауды қамтамасыз ете ме?
- ii. Азаматтық қоғам ұйымдарының құрылуы, қызметі және одан әрі жұмыс істеуі заңнамалық қорғаумен қамтамасыз етіле ме? Құқықтық және саяси шеңберлер азаматтық қоғам субъектілерінің тәуелсіздігі мен плюрализмін қорғауды қамтамасыз ете ме? Бұл азаматтық қоғам ұйымдарының қаржыландыруға қол жеткізуіне негізсіз шектеулердің болмауына кепілдік беретін заңнаманы қабылдауды қамти ма?
- iii. Пікір айту бостандығына негізсіз араласпай және адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкес кепілдік беріле ме? Ақпаратты алу және оған қол жеткізу құқығына кепілдік беріле ме?
- iv. Бұқаралық ақпарат құралдарының плюрализмін қамтамасыз ететін конституциялық және құқықтық кепілдіктер бар ма? БАҚ меншік құрылымының ашықтығын реттейтін және БАҚ нарығында шоғырланудың алдын алуға бағытталған қағидалар бар ма? Заң бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын, соның ішінде редакциялық тәуелсіздік пен ақпарат көздерін қорғай ма? БАҚ қызметкерлеріне ақпарат пен жария құжаттарға қол жеткізуге кепілдік берілген бе? Елеулі әлеуметтік ықпалы бар онлайн платформалар құқық үстемдігі қағидаттарын сақтауға тиіс пе? Тәуелсіз реттеуші органдардың осы платформалардың қызметін реттейтін қағидаларды сақтауына және осы органдардың шешімдерін сотта қайта қаралуына кепілдік беретін шаралар бар ма?
- v. Заң ақпар берушілерді қорғай ма?
- vi. БАҚ қызметкерлері үшін жеке өмірге қол сұғылмаушылық пен сөз бостандығын, соның ішінде аңду мен SLAPP талаптарынан қорғайтын заңдар бар ма?⁹⁶

⁹⁵ Венеция комиссиясына мүше кейбір мемлекеттердің конституцияларында және (немесе) органикалық заңдарында тәуелсіз орталық банктер конституциялық қоғамдық игілік болып табылатын ақшалай тұрақтылықты қамтамасыз ету тетігі ретінде тікелей айтылады. ЕО-ға мүше мемлекеттер үшін орталық банктердің тәуелсіздігі Еуропалық одақтың жұмыс істеуі туралы шартта бекітілген.

⁹⁶ SLAPP талаптары - бұл «қорқыту құралы болатын, жауапкерді қудалау немесе қорқыту мақсатында қозғалатын немесе жүргізілетін және алдын алуға, тежеуге, шектеуге немесе қоғамдық мүддені білдіретін мәселелер бойынша еркін пікір білдіргені үшін, сондай-ақ

vii. Заңнама жиналыс бостандығы құқығын көздей ме және оны қорғауды қамтамасыз ете ме? Іс-шаралар өткізу туралы хабарлау немесе оларды өткізуге рұқсат алу тәртібі жиналыс бостандығы құқығын жүзеге асыру үшін негізсіз кедергілер туғызбай ма? Жиналыстарға тыйым салудың немесе оларды тоқтатудың негіздері жеткілікті айқын және болжамды ма? Жиналыс өткізу қағидаларын бұзғаны үшін санкциялар барабар түрде қолданыла ма?

84. Тежемелер мен теңестірімелер жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті орнықты азаматтық кеңістік құқықтық және мәдени кепілдіктерді қажет етеді. Қолайлы саяси және құқықтық мәдениетсіз (төмендегі II.H.2.b бөлімін қараңыз) құқықтық кепілдіктерді толық көлемде іске асыру мүмкін емес.

85. Сөз, жиналыс және қауымдастық бостандығы конституцияда бекітіліп, әдеттегі заңнама мен сот практикасы арқылы қосымша қорғалуға тиіс. Бұл бостандықтардың шектеулері адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес келуге тиіс.

86. Азаматтық қоғам ұйымдарын құруға және олардың қызметіне жәрдемдесу, бұл ұйымдарды негізсіз араласудан қорғау, сондай-ақ еркін және плюралистік бұқаралық ақпарат құралдары үшін кепілдіктерді қамтамасыз ету ерекше маңызға ие.

87. Аналогтық және цифрлық әлемде сенімді азаматтық кеңістікті қамтамасыз ету өте маңызды. Сондықтан заңның үстемдігі тұжырымдамасына енгізілген тежемелер мен теңестірімелердің көпшілік мақұлдаған қағидаттарын цифрлық азаматтық кеңістікке көшіру және бейімдеу қажет.⁹⁷ Қазіргі қоғамдағы онлайн платформалар орындайтын маңызды қоғамдық функцияны ескере отырып, олардың айтарлықтай әлеуметтік ықпалы барлары жеке субъектілер ретінде қарастырылуы мүмкін, олардың шешімдері қарапайым азаматтарға мемлекеттік органдардың шешімдері сияқты әсер етеді (II.A.3 бөлімін қараңыз). Сондықтан, құқық үстемдігі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында осы платформалар үшін жауапкершілік жүйесін құру өте маңызды. Осы мақсатқа жетудің бір жолы осы платформалар өз пайдаланушыларына қоятын пайдалану шарттарына тиісті құқықтық талаптарды қосу болуы мүмкін. Қалай болғанда да, кейбір онлайн платформалардың әлеуметтік ықпалы адам құқықтарының сақталуын, сондай-ақ өз ойын еркін білдіруге және қоғамдық пікірталасқа қатысуға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді бағалау және азайту жүйесін құруға негіз болады. Сол сияқты, елеулі әлеуметтік ықпалы бар платформаларға контентті модерациялау тетіктерін және платформаның басқа функцияларын қолдану нәтижесінде туындайтын кемсітушілік салдарлардың тәуекелдерін бағалау және азайту бойынша заңдық міндеттемелер жүктелуге тиіс. Бұл жүйені тәуелсіз реттеуші органдар қамтамасыз етуге тиіс және ол медиация сияқты дауларды баламалы реттеудің қолданыстағы тетіктерімен қатар кейіннен сотта қайта қаралуға тиіс.

88. Ақпар берушілер көбінесе сыбайлас жемқорлық фактілерін ашумен байланыстырылғанымен (II.C.3.vi бөлімін қараңыз), жалпы олар қоғамдық мүдделерге елеулі қауіп-қатерлерге немесе нұқсан келтіруге назар аударуға тартуда маңызды рөл атқарады, сол арқылы институционалдық билікке қатысты тежеу тетігін қамтамасыз етеді.⁹⁸ Ақпар берушілердің ақпарат беруіне және оларды қудалаудан қорғауға жәрдемдесуге бағытталған заңдар мен нормативтік актілерді қабылдау қажет.

жұртшылықтың қатысуымен байланысты құқықтарды жүзеге асырғаны үшін жазалауға бағытталған сот қуынымдары» ретінде анықталатын жұртшылықтың қатысуына қарсы стратегиялық талаптар. Келесі құжатты қараңыз: Еуропа Кеңесі, Жұртшылықтың қатысуына қарсы стратегиялық талаптарды (SLAPP талаптары) қолдануға қарсы іс-қимыл туралы [CM/Rec\(2024\)2](#) ұсынымы; Қоғамдық қызметке қатысушы тұлғаларды сотта істі қараудағы анық негізсіз талаптардан немесе теріс әрекеттерден қорғау туралы 2024 жылғы 11 сәуірдегі (ЕО) [2024/1069](#) директивасы («Жұртшылықтың қатысуына қарсы стратегиялық талаптар»).

⁹⁷ БҰҰ Бас Ассамблеясы, «Цифрлық дәуірдегі жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы», 2020 жылғы 16 желтоқсандағы [A/RES/75/176](#) қарары, БҰҰ Бас Ассамблеясының жұмысы туралы есеп, 75-ші сессия, № 49 толықтыру, 3-т.: «(...) адамдардың офлайн ортадағы құқықтары онлайн ортада да қорғалуға тиіс (...)».

⁹⁸ Еуропа Кеңесі, Бұзушылықтар туралы хабарлаушы адамдарды қорғау туралы [CM/Rec\(2014\)7](#) ұсынымы; Одақ заңнамасын бұзу туралы хабарлаушы адамдарды қорғау туралы (ЕО) [2019/1937](#) директивасы.

Е. Теңдік және кемсітушіліктің болмауы**1. Кемсітушілікке жол бермеу⁹⁹**

Кемсітпеушілік қағидатының сақталуы қамтамасыз етіле ме?

- i. Конституцияда нақты белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеу қағидаты мен құқығы көзделген бе?
- ii. Заң шынымен де кемсітушіліктен тиімді қорғауды қамтамасыз ете ме?
- iii. Конституция және (немесе) заңнама тікелей және жанама кемсітушілікті¹⁰⁰ анықтай ма және оған тыйым сала ма, сондай-ақ мұндай кемсітушіліктің¹⁰¹ әртүрлі көріністерін тани ма?
- iv. Мемлекеттік органдардың негізсіз кемсітушіліктің алдын алу және ол үшін жазалану, сондай-ақ мұндай әрекеттер жеке адамдарға арасындағы қарым-қатынастарда орын алған жағдайларда да өтемақы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі заңды міндеті бар ма? Жалпы жеккөрушілік¹⁰² салдарынан болатын қылмыстарға және жалпы негізінен жеккөрушілік тіліне¹⁰³ қарсы күрестің тиімді құқықтық базасы бар ма?
- v. Мемлекеттік органдар зорлық-зомбылық жағдайларында, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа кемсітушілік себептері (гендерлік, нәсілдік, діни, ЛГБТИ-фобиялық немесе басқа) түрткі болды деп ойлауға негіз болатын жағдайларда себептерге тиімді және тиісінше тергеу жүргізуге міндетті ме?

89. АҚЕК-те бекітілген кемсітпеушілік қағидаты заң тарапынан кез келген негізсіз тең емес қарым-қатынасқа тыйым салуды талап етеді, сондай-ақ барлық адамдарға жынысы, гендері,

⁹⁹ Мысалы, АҚЕК 14-бабын; АҚЕК № 12 хаттамасын; Стамбул конвенциясының 4-бабының 2 және 4-тармақтарын; АСҚХП 12 және 26-баптарын; АҚАК 24-бабын; АфАҚХХ 2 және 19-баптарын қараңыз.

¹⁰⁰ Тікелей кемсітушілік деп қандай да болсын сәйкестендірілетін сипаттама немесе мәртебе негізінде ұқсас немесе айтарлықтай ұқсас жағдайлардағы адамдармен қарым-қатынастағы айырмашылық түсініледі (мысалы, АҚЕС, 2010 ж. 16 наурыздағы № [42184/05](#), «*Карсон және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы*» ісінің [ГК] 61-т. қараңыз). Жанама кемсітушілік жалпы саясаттың немесе бейтарап ұстанымдарда тұжырымдалғанына қарамастан, белгілі бір топқа ерекше кемсітушілік әсер ететін шараның пропорционал емес жағымсыз салдары ретінде көрінуі мүмкін (мысалы, АҚЕС, 2016 ж. 24 мамырдағы № [38590/10](#) «*Бяо Данияға қарсы*» ісінің [ГК] 103-т. қараңыз).

¹⁰¹ Мұндай кемсітушіліктің әртүрлі көріністеріне алымсақтық (мақсаты немесе нәтижесі адамның қадір-қасиетіне қол сұғу және (немесе) қауіп төндіретін, дұшпандық, кемсітетін, қорлайтын немесе жағымсыз ахуал қалыптастыру болып табылатын қорғалатын белгілердің бірімен байланысты ұнамсыз мінез-құлық), кемсітушілік белгілері (қорғалатын белгілердің бірі бойынша адамдарға жағымсыз қарауды талап ету), қайта-қайта кемсітушілік (бір-бірінен бөлек бірнеше белгі бойынша кемсітушілік), тоғыспалы кемсітушілік (бұл белгілер бір-бірінен ажырағысыз болатындай және кемсітушіліктің ерекше түрлерін тудыратындай әрекет ететін және өзара әрекеттесетін бірнеше белгі бойынша кемсітушілік) және байланыстары бойынша кемсітушілік (оның «қорғалатын белгісі» бар басқа адаммен байланысының болуы себебінен адамға жағымсыз қарау) жатады. Осы әртүрлі көріністердің анықтамалары, сондай-ақ АҚЕС және (немесе) ЕОС тиісті сот практикасын Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар жөніндегі агенттігі мен Еуропа Кеңесінің «[Кемсітпеушілік туралы еуропалық заңнама жөніндегі анықтамалығынан](#)» (2018) қараңыз.

¹⁰² Жеккөрушілік салдарынан болған қылмыс бір немесе бірнеше нақты немесе болжалды жеке қасиеттерге немесе мәртебеге негізделген өшпенділік себебімен жасалған қылмыстық жазаланатын әрекет. [CM/Rec\(2024\)4](#) қосымшасы - Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге жеккөрушілік салдарынан болған қылмыстарға қарсы күрес туралы ұсынымы, 2-т.

¹⁰³ «Жеккөрушілік тілі» деп қандай да бір адамға немесе адамдар тобына қатысты зорлық-зомбылыққа, жеккөрушілікке немесе кемсітушілікке арандататын, мұндай әрекеттерді насихаттайтын, тарататын немесе ақтайтын не олардың нақты немесе таңылған жеке қасиеттері немесе мәртебесі негізінде олардың қадір-қасиетін кемсітетін сөздердің барлық түрлері түсініледі. [CM/Rec\(2022\)16](#) қосымшасы - Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге жеккөрушілік тіліне қарсы күрес туралы ұсынымы, 1.2-т.

нәсілі, терісінің түсі, тілі, діні, саяси немесе өзге де нанымдары, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, ұлттық азшылыққа тиістілігі, мүліктік жағдайы, тууы немесе өзге мәртебесі сияқты белгілері бойынша тікелей және жанама түрде кемсітушіліктен тең және тиімді қорғауға кепілдік береді. «Өзге мәртебе» ұғымы кең мағынаға ие және АҚЕС пікірінше, адамның жасын, гендерлік сәйкестігін, сексуалды бағдарлығын, денсаулық жағдайы мен мүгедектігін, отбасылық жағдайын және неке мәртебесін, сондай-ақ жұмысқа орналасу мен тұруға байланысты мәртебесін қамтиды (бірақ олармен шектелмейді). Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар хартиясында және Еуропалық Одақ Сотының сот практикасында, сондай-ақ басқа да шарттық органдар мен халықаралық соттардың практикасында осыған ұқсас қағидаттар бекітілген. Тиісті жағдайларда байырғы халықтарды қорғау да көзделген.¹⁰⁴

2. Заң алдындағы теңдік

Заң алдындағы теңдікке кепілдік берілген бе?

- i. Конституция заңнамалық актілерде (соның ішінде нормативтік актілерде) заң алдындағы теңдік қағидатының сақталуын талап ете ме?¹⁰⁵ Онда айырмашылықтардың объективті түрде негізделуі керектігі көзделе ме?
- ii. Теңдік қағидатын бұзатын заңнамаға сотта дау айтуға бола ма?
- iii. Ерекше заңдық артықшылықтарға ие адамдар немесе топтар бар ма? Бұл ерекшеліктер және (немесе) артықшылықтар заңды мақсатқа негізделген бе және шамаластық қағидатына сәйкес келе ме?
- iv. Кемсітушілік салдарларын анықтау мақсатында заң жобалары мен стратегиялық құжаттардың ықпалды бағалаудан өткізілу керектігі туралы талап бар ма?

90. Теңдік қағидаты заңдардың әділ және кемсітусіз тұжырымдалуға тиіс дегенді білдіретін «заңдағы теңдік» ұғымын да, заңды қолдану кезінде бірдей талаптар сақталуға тиіс дегенді білдіретін «заң алдындағы теңдік» ұғымын да қамтиды (төмендегі II.E.3 бөлімін қараңыз).

91. Заңнама теңдік қағидатын сақтауы керек: ол ұқсас жағдайларға бірдей және әралуан жағдайларға - әр түрлі болуы, сондай-ақ ықтимал кемсітушіліктің кез келген негіздеріне қатысты теңдікке кепілдік беруі керек. Қарым-қатынастағы барлық айырмашылықтар немесе айтарлықтай әртүрлі жағдайлардағы адамдармен қарым-қатынаста айырмашылықтардың болмауы кемсітушілік емес. Тек «объективті және орынды негіздемеден» айырылған жағдайлар ғана кемсітушілік болып саналады¹⁰⁶.

92. Нақты жағдайды қарастырған кезде келесі сұрақтарды қойған жөн: (а) ұқсас немесе айтарлықтай ұқсас жағдайлардағы адамдармен қарым-қатынаста айырмашылық болды ма, не айтарлықтай әртүрлі жағдайлардағы адамдармен қарым-қатынаста айырмашылық болмады ма және (б) егер солай болса, мұндай айырмашылық немесе айырмашылықтың болмауы объективті түрде негізді ме? Атап айтқанда, i) ол заңды мақсатқа жетуді көздей ме және ii) қолданылатын құралдар көздеген мақсатқа орынды шамада барабар ма?

3. Заң алдындағы теңдік

¹⁰⁴ Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің [№ 23 жалпы тәртіптегі ескертуі](#), 27-бап (Азшылық топтардың құқықтары); Адам құқықтары жөніндегі америкааралық комиссия, «*Авас Тинни Никарагуаға қарсы*» атты *Майагна (Сумо) қауымының ісі*, 2001 жылғы 31 қаңтардағы шешім, [сериясы - C № 79](#), 154-т. қараңыз.

¹⁰⁵ Мысалы, Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2014\)010](#), Румыния - Конституцияны қайта қарау туралы заң жобасы бойынша қорытындысының 41-42 тармақтарын; [CDL-AD\(2013\)032](#), Тунис Республикасы Конституциясының түпкілікті жобасы бойынша қорытындысының 44-т. және одан әрі қараңыз: теңдік қағидаты азаматтармен шектелмеуге тиіс және кемсітпеушілік туралы ортақ ескертпені қамтуға тиіс.

¹⁰⁶ АҚЕС, «*Молла Сали Грекияға қарсы*» ісі [ГК], № [20452/14](#), 2018 ж. 19 желтоқсан, 135-т.; «*Фабрис Францияға қарсы*» [ГК], № [16574/08](#), 2013 ж. 7 ақпан, 56-т.; «*Д.Х. және басқалар Чехияға қарсы*» [ГК], № [57325/00](#), 2007 ж. 13 қараша, 175-т.

Заң алдындағы теңдікке кепілдік берілген бе?

- i. Ұлттық заңнама заңның жеке қасиеттеріне немесе мәртебесіне қарамастан барлық адамдарға бірдей қолданылуын көздей ме?^{107?}¹⁰⁸ Ол айырмашылықтардың объективті түрде негізделуге, орынды мақсатқа жетуді көздеуге және шамаластық қағидатына сәйкес келуге тиіс екенін көздей ме?¹⁰⁹
- ii. Заңнаманы кемсітушілікпен немесе тең құқықсыз қолданудан немесе оның салдарынан қорғаудың тиімді құралы бар ма?¹¹⁰

93. Құқық үстемдігі барлығының заңға жалпыға бірдей бағынуын болжайды. Бұл заң бірдей және дәйекті түрде қолданылуы керек дегенді білдіреді. АҚЕС сот практикасына сәйкес кемсітпеушілік қағидаты «негіз салушы сипатқа» ие және құқық үстемдігі қағидатымен, сондай-ақ әралуандық пен әлеуметтік бейбітшілік құндылықтарымен қатар Конвенцияның негізін құрайды.¹¹¹ Тең қарым-қатынас қағидаты барлық демократиялық институттардың негізін құрауға тиіс.¹¹²

4. Оң іс-әрекеттер

¹⁰⁷ Жеке қасиеттерге немесе мәртебеге өзгелерімен қатар мыналар: адамның жынысы, гендері, нәсілі, терісінің түсі, тілі, діні, саяси немесе өзге нанымдары, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, ұлттық азшылыққа немесе байырғы халыққа тиістілігі, мүлктік жағдайы, тууы, сексуалдық бағдарлығы, гендерлік сәйкестігі, жыныстық сипаттамалары, жасы, денсаулық жағдайы, мүгедектігі, отбасылық жағдайы немесе өзге мәртебесі кіреді. Атап айтқанда, АСҚХП 26-бабын; АҚЕК 14-бабын; АҚЕК № 12 хаттамасын; Стамбул Конвенциясының 4-бабын; Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар хартиясының 20-21-баптарын; Нәсілшілдік пен төзбеушілікке қарсы күрес жөніндегі Еуропалық комиссияның ЛГБТИ адамдарға қатысты төзбеушілік пен кемсітушіліктің алдын алу және оған қарсы күрес туралы [№ 17 жалпы бағдарламалық ұсынымын](#) (2023); Интерсексуал адамдардың тең құқықтары туралы [CM/Rec \(2025\)7](#) ұсынымын, Қосымша, 2а тармағын қараңыз.

¹⁰⁸ Мысалы, АҚЕК № 12 хаттамасының 1.2-бабында заң шығарушы ғана емес, «кез келген мемлекеттік билік органы» теңдік қағидатын сақтауға міндетті екені айқын көрсетілген. АСҚХП 26-бабында: «Барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болмасын кемсітусіз заңмен тең қорғалуға құқылы» делінген. «Тең қарым-қатынас қағидаты Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар хартиясының 20 және 21-баптарында бекітілген Еуропалық Одақ жалпы құқық қағидаты болып табылады» (ЕОС, 2010 ж. 14 қыркүйектегі [C-550/07 P](#) «Akzo Nobel Chemicals және Akros Chemicals Комиссияға қарсы» ісі, 54-т.).

¹⁰⁹ Егер жағдай салыстыруға келмесе және (немесе) ол объективті және орынды негіздемеге негізделсе, айырмашылыққа жол беріледі: АҚЕС, 2014 ж. 26 шілдедегі № [37359/09](#) «Хампяйнен Финляндияға қарсы» ісінің 108-т. қараңыз: «Сот өз практикасында 14-баптың шеңберінде сұрақ туындауы үшін тиісті түрде ұқсас жағдайлардағы адамдармен қарым-қатынаста айырмашылық болуы керек деп анықтады. Қарым-қатынастағы мұндай айырмашылық, егер оның объективті және орынды негіздемесі болмаса, яғни егер ол заңды мақсатқа жетуді көздемесе немесе егер қолданылатын құралдар мен көзделген мақсаттың арасында орынды шамаластық болмаса, кемсітушілік болып табылады. Уағдаласушы мемлекеттер басқаша ұқсас жағдайлардағы айырмашылықтар айналымдағы айырмашылықты және қаншалықты дәрежеде ақтайтынын бағалау кезінде қалауы бойынша қарау құқығына ие (№ [13378/05](#) «Берден Біріккен Корольдікке қарсы» ісінің [ГК] 60-тармағын қараңыз, ЕОС 2008)».

¹¹⁰ АҚЕК 13-бабын; АСҚХП 2.3-бабын; АҚАК 25-бабын; АфАҚХХ 7.1.а бабын қараңыз.

¹¹¹ АҚЕС, 2014 ж. 1 шілдедегі № [43835/11](#) «S.A.S. Францияға қарсы» ісі [ГК], 149-т.

¹¹² АҚЕС, 2016 жылғы 17 мамырдағы №№ [42461/13 және 44357/13](#) «Карачони және басқалары Венгрияға қарсы» ісі, 147-т.: «Кейбір жағдайларда жеке адамдардың мүдделері топтың мүдделеріне бағынуы керек болса да, демократия көпшіліктің пікірі әрқашан басым болуы керек дегенді ғана білдірмейді: азшылық топтардың өкілдерімен әділетті және тиісті қарым-қатынасты қамтамасыз ететін және үстем жағдайын асыра пайдаланудың алдын алатын теңгерімге қол жеткізу қажет (...)». Сот сонымен қатар Демократиялық парламенттегі оппозицияның құқықтары мен міндеттеріне қатысты рәсімдік башылыққа алынатын қағидаттар туралы ЕКПА 1601 (2008) қарарының 5-тармағына сілтеме жасай отырып, парламенттің барлық мүшелеріне бірдей қарау қажеттілігін атап өтеді.

Заңнамалық база оң әрекеттерді қабылдау мүмкіндігін көздей ме?

- i. Конституциялық нормалар нақты немесе тарихи теңсіздікті жою мақсатында халықтың әртүрлі топтарына саралап қарауға бағытталған оң іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік бере ме?
- ii. Конституция мемлекеттік органдарды шынайы теңдікке қол жеткізу үшін жағдай жасауға міндеттей ме?
- iii. Заңнамалық база шешім қабылдаушы органдарға теңгерімді қатысуға ықпал ететін тетіктерді көздей ме?

94. Кемсітушілікке тыйым салу мемлекетті нақты теңсіздікті жою мақсатында әралуан топтарға әртүрлі қарау әдістерін қолдану құқығынан айырмайды. Бұдан өзге, белгілі бір жағдайларда мұндай теңсіздікті сараланған тәсіл арқылы жою әрекетінен бас тартудың өзі кемсітушілікке тыйым салудың бұзылуына әкелуі мүмкін. Мемлекеттерге жүктелген кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі кері міндетпен қатар, бұл тыйым салу кемсітушіліктің алдын алу, жолын кесу және жазалау жөніндегі оң міндеттемелерді де білдіруі мүмкін.¹¹³

95. Теңдік бұл жай ғана формалды өлшемшарт емес, ол нақты тең қарым-қатынасқа әкелуі керек. Осы мақсатқа жету үшін кейбір айырмашылықтарға жол беруге болады. Мысалы, оң іс-әрекеттер теңсіздіктің немесе оқшауландудың бұрынғы көріністерін жою мақсатында белгілі бір жағдайларда нақты теңдікті қамтамасыз ету тәсілі болуы мүмкін.¹¹⁴ Саяси және қоғамдық шешімдер қабылдау процесіне теңдестірілген қатысу - әділеттілік мәселесі, бірақ ол неғұрлым сапалы және тиімді саясатты әзірлеуге, сондай-ақ барлық адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға да ықпал етеді.¹¹⁵

96. «Заңда нәсілдік кемсітушілікке тыйым салудың адамдар белгісіне [белгілі бір топқа тиістілігі] байланысты тап болатын қысым көрсетушіліктің алдын алуға немесе орнын толтыруға не олардың өмірдің барлық салаларына толыққанды қатысуына жәрдемдесуге бағытталған уақытша арнайы шараларды сақтауға немесе қабылдауға кедергі келтірмейтінін көзделуге тиіс. Бұл шаралар алға қойылған мақсаттарға қол жеткізгеннен кейін жалғастырылмауға тиіс».¹¹⁶ Жынысына байланысты кемсітушілікке және кемсітушіліктің басқа түрлеріне осыған ұқсас тәсілді қолдануға болады.¹¹⁷

5. Теңдік, кемсітпеушілік және жаңа технологиялар

¹¹³ Мысалы, АҚЕС, 2004 ж. 13 шілдедегі № [69498/01](#) *Пла және Пуцернау Андорраға қарсы*» ісінің 62-т.; 2013 ж. 29 қаңтардағы № [11146/11](#) *«Хорват және Кисс Венарияға қарсы»* ісінің 104-т. қараңыз.

¹¹⁴ [Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның](#) (НҚЖК) 1.4 және 2.2-баптарын; [Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның](#) (ӘҚЖК) 4-бабын; [Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның](#) (МҚК) 5.4-бабын; Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Еуропа Кеңесі конвенциясының 4.4-бабын (Стамбул конвенция) қараңыз.

¹¹⁵ Еуропа Кеңесі, Әйелдер мен ерлердің саяси және қоғамдық шешімдер қабылдау процесіне теңдестірілген қатысуы туралы [CM/Rec\(2003\)3](#) ұсынымы. Сондай-ақ, [CDL-PI\(2019\)005](#) «Венеция комиссиясының сайлау жүйелері мен гендерлік өкілдікке қатысты қорытындылары мен баяндамаларының жинағын» қараңыз.

¹¹⁶ [Еуропалық комиссияның нәсілшілдік пен төзбеушілікке қарсы күрес бойынша \(НТЕК\) № 7 ұсынымы](#) (2003), 5-т.

¹¹⁷ Кейбір құрылымдық, атап айтқанда гендерлік теңсіздікке байланысты кемшіліктер оң шаралар қабылдауға түрткі болды. Мұндай шаралар жүйелі және тарихи теңсіздік олқылықтарының орнын толтыруға арналған және кемсітушілік емес. Мысалы, БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының (1979 ж.) 4-бабының 1-тармағын қараңыз: «Қатысушы мемлекеттердің ерлер мен әйелдер арасындағы нақты теңдікке қол жеткізуді жеделдетуге бағытталған уақытша арнайы шаралар қабылдауы бұл термин осы Конвенцияда айқындалатын мағынада кемсітушілік болып саналмайды, бірақ ешбір жағдайда тең емес немесе уақыты жағынан алшақтатылған стандарттардың сақталуына әкелмейді. Бұл шаралар мүмкіндіктер теңдігі мен тең қарым-қатынас мақсаттарына қол жеткізілген кезде тоқтатылуға тиіс».

Жаңа технологияларды пайдаланған кезінде кемсітушіліктің болмауы толық қамтамасыз етіле ме?

- i. Жаңа технологияларға тең қол жеткізуге кепілдік бар ма?
- ii. ЖИ жүйелерінің бүкіл өміршеңдік кезеңінде кемсітушілік ағат пікірлерден аулақ болуға мүмкіндік беретін қолданыстағы тетіктер бар ма?
- iii. ЖИ жүйелерінің тең емес немесе кемсітушілік әрекеттеріне шағым түсіруге мүмкіндік беретін қорғау тетіктері бар ма?
- iv. Теңдік пен кемсітушіліктің болмауы ЖИ жүйесін пайдалануға рұқсат бермес бұрын бағалануы қажет өлшемшарттар ма?
- v. Сайлау процестері барысында үміткерлерге және (немесе) партияларға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін нақты тетіктер бар ма?

97. Жаңа технологияларға тең қол жеткізудің болмауы теңдік пен кемсітпеушілік құқығы үшін елеулі салдарларға әкеп соғуы мүмкін. Бұл теңсіздік теңсіздіктің бұрыннан бар көріністерін күшейтіп, нығайтуы мүмкін басқа әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлармен де байланысты. Сондықтан мемлекеттік органдар жаңа технологияларға қол жеткізудің тең мүмкіндіктерін белсенді түрде қамтамасыз етуге тиіс.

98. Жасанды интеллект жүйелерін пайдаланудың теңдікті қамтамасыз етуге және кемсітушілікке¹¹⁸ қарсы күреске ықтимал әсері барған сайын кеңінен мойындалуда. Бұл әсер пайдаланылатын деректерде, жүйе құрылған модельде, оның архитектурасында, нәтижелерде, өзін-өзі оқыту процесінде немесе шешім қабылдаушы адамның ЖИ жүйелерінде қандай да бір техникалық ағат пікірліліктің болуын қалай растайтындығында кемсітушілік теріс пікірлер салдарынан пайда болуы мүмкін. Бұл құбылысты еңсеру үшін ағат пікірлілікті жоюға арналған әмбебап тәсілдің жоқ екенін ескере отырып, әр елдің¹¹⁹ нақты жағдайларына бейімделуге тиіс кешенді саясат қажет¹²⁰.

99. ЖИ жүйелерімен өзара іс-қимыл кезінде тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтар ЖИ жүйелерінің өміршеңдік кезеңі шеңберіндегі қызметпен байланысты кемсітушілік нәтижесінде келтірілген материалдық және моральдық залалды өтеуді қоса алғанда, нақты құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізе алуға тиіс. Атап айтқанда, бұл құралдар олардың ұсынымдары тең емес қарым-қатынастың қандай да бір түріне әкеп соқтыратын жағдайларда ЖИ жүйелерінің негізді түсініктеме беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. ЖИ тарапынан әрбір тең емес қарым-қатынасқа тыйым салынбауы керек. Тек объективті негіздемесі жоқ қарым-қатынасқа ғана тыйым салу керек. Тең емес қарым-қатынастың негіздемесі жасанды интеллект жүйелерінің осы немесе басқа нәтижеге қалай қол жеткізгенін мүмкіндігінше түсіндіру жөніндегі міндеттемелерін күшейтуде болуға тиіс. Бұл тәсіл сонымен қатар ЖИ құралдарын әзірлеу және пайдалану процесіне «оң» шаралардың негіздемесі мен түсіндірмесін қосуға мүмкіндік береді.

100. Теңдік және кемсітпеушілік құқығын қамтамасыз ету барлық субъектілерден (соның ішінде жеке субъектілерден) ЖИ жүйелерін пайдаланудың салдарын ескеруді талап етеді. Кемсітушілік салдарлар мемлекеттік және жеке секторда ЖИ жүйесін пайдалану кезінде де туындауы мүмкін. ЖИ құралдарының кемсітушілік ағат пікірлеріне қарсы күрестегі жетістік көбінесе олардың жүйені әзірлеу және оқыту кезінде пайдаланылатын деректерде қаншалықты ескерілетініне байланысты. Сондықтан, ЖИ жүйесімен байланысты әсерлер мен тәуекелдерді теңдікті қамтамасыз ету және кемсітушілікке жол бермеу тұрғысынан алдын ала бағалау мұндай жүйені мемлекеттік органдар пайдалана бастағанға дейін ғана емес, сонымен қатар ЖИ жүйесінің бүкіл өміршеңдік кезеңінде де өте маңызды. Кейбір ЖИ жүйелеріне тән кемсітушілік салдарларға байланысты оларға тыйым салынуға тиіс.¹²¹

¹¹⁸ Негізгі құқықтар жөніндегі агенттік (ЕО), [«Алгоритмдердегі ағат пікірлілік». «Жасанды интеллект және кемсітушілік»](#) (2022 ж.); [Жасанды интеллект туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясы](#), 10-бабын қараңыз.

¹¹⁹ [Жасанды интеллект туралы негіздемелік конвенцияға түсіндірме жазба](#), 77-т.

¹²⁰ Негізгі құқықтар жөніндегі агенттік, [«Алгоритмдердегі ағат пікірлілік. Жасанды интеллект және кемсітушілік»](#), 78-т. қараңыз.

¹²¹ (ЕО) 2024/1689 регламентінің 5-бабында көзделген кемсітушілік бейіндеуге тыйым салуды қараңыз («Жасанды интеллект туралы заң»).

F. Сот төрелігіне қол жеткізу**1. Сот билігінің тәуелсіздігі мен бейтараптығы**

Сот билігінің тәуелсіздігі мен бейтараптығының жеткілікті және ықпалды конституциялық және құқықтық кепілдіктері бар ма?

- i. Конституцияда (немесе жазбаша конституциясы жоқ елдер үшін әдеттегі заңнамада) сот билігінің ішкі және сыртқы тәуелсіздігі мен бейтараптығының негізгі қағидаттары мен кепілдіктері бекітілген бе?
- ii. Судьялар белгіленген зейнет жасына жеткенге дейін тағайындала ма? Қызметтен шеттету негіздері тек заңда көзделген тәртіптік немесе қылмыстық нормалардың елеулі бұзылуымен шектеле ме немесе судья әрі қара сот функцияларын атқара алмайтын жағдайлармен шектеле ме? Заңнамада тиісті рәсім нақты жазылған ба? Жеке судьялардың сот мансабына қатысты шешімдер бойынша тәуелсіз органда құқықтық қорғану құралдары бар ма?
- iii. Судьяларды тағайындау және қызмет бабында жоғарылату ашық және тәуелсіз рәсім шеңберінде қабілеттілікке, біліктілікке, тәжірибеге және адалдыққа бағытталған объективті өлшемшарттарды пайдалана отырып, еңбегіне қарай жүргізіле ме? Тәуелсіз Сот кеңесі немесе мүшелерінің кем дегенде жартысы өз әріптестері¹²² сайлаған судьялардан тұратын теңгерімді құрамы бар және тағайындау, қызмет бабында жоғарылату, тәртіптік шаралар қолдану және лауазымынан шеттету мәселелеріне жауапты өзге ұқсас орган, не өзге ұқсас орган бар ма? Мұндай органның тәуелсіздігінің жеткілікті, атап айтқанда оны саяси ықпалдан қорғайтын кепілдіктері бар ма? Егер Сот кеңесі болмаса, құқықтық мәдениетте қалыптасқан және тәуелсіздікке тиімді кепілдік беретін сот органдарының тиісті қатысуын қамтамасыз ететін басқа жүйе бар ма?
- iv. Судьялардың құқықтары (сөз бостандығы, қауымдастық бостандығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, меншік құқығы, сот төрелігіне қол жеткізу және т.б.) қамтамасыз етіле ме? Судьялардың құқықтарының негізді шектеулерінің шегін анықтайтын айқын қағидалар бар ма? Судьялар ықтимал қауіптер мен шабуылдардан қорғаумен қамтамасыз етілген бе?
- v. Нақты соттар мен судьялар арасында істерді бөлудің тиісті жүйесі, сондай-ақ бұл үшін және сол сияқты соттың тәуелсіздігі мен бейтараптығын қамтамасыз ете отырып, тиісті жағдайларда жекелеген судьялардың өздігінен бас тартуы үшін анық және ашық өлшемшарттар бар ма?
- vi. Шын мәнінде сот билігінің қаржылық тәуелсіздігі қамтамасыз етілген бе? Судьялардың жалақысы әділ және жеткілікті ме және соттарға олардың тиісінше жұмыс істеуі үшін жеткілікті қаражат бөліне ме? Бұл мәселеде толық ашықтық бар ма?
- vii. Заң бір мезгілде сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, құқықтық және тәртіптік жауапкершілікті (оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін) көздей ме?

101. Барлық халықаралық шарттар мен ұлттық конституцияларда бекітілген сотта істің әділ қаралу құқығы істі тәуелсіз және бейтарап сот қарауға тиіс деп болжайды. Сот билігінің

¹²² Еуропа Кеңесі, Судьялардың тәуелсіздігі, тиімділігі және жауапкершілігі туралы [CM/Rec\(2010\)12](#) ұсынымы, 27-т.; АҚЕС, «Гржеңда Польшаға қарсы» ісі [ГК], № [43572/18](#), 2022 ж. 15 наурыз, § 305; сондай-ақ өзге де қорытындылармен қатар Венеция комиссиясы, [CDL-AD \(2017\)018](#), Болгария - Сот жүйесі туралы заң бойынша қорытынды, 14-т.; [CDL-AD \(2018\)028](#), Мальта - Конституциялық тетіктер, биліктің бөлінуі және сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының тәуелсіздігі туралы қорытынды, 42-т.; [CDL-AD \(2021\)043](#), Кипр - Сот жүйесін реформалау туралы үш заң жобасы бойынша қорытынды, 53-т.; [CDL-AD\(2022\)020](#), Ливан - Сот органдарының тәуелсіздігі туралы заң жобасы бойынша қорытынды, 45-т. қараңыз.

тәуелсіздігі - сотта істің әділ қаралу құқығын іске асырудың қажетті шарты, сондай-ақ заң үстемдігінің ажырамас алғышарты. Оның маңыздылығын ескере отырып, сот билігі тәуелсіздігінің негізгі қағидаты кез келген конституцияда бекітіліп, бастапқы заңнамада көрсетілуге тиіс.

102. Егер ішкі заңнама судьяларды олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын тікелей қозғайтын мәселелерде тиісті кепілдіктерден айырса, судьялар заңның үстемдігін қамтамасыз ете алмайды.¹²³ Сот билігінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін ең көп таралған шаралардың қатарына судьяларды тағайындау тәртібін өзгерту, судьяларды ауыстыру, сондай-ақ үміткерлерді тағайындаудан немесе олардың кандидатуралары бойынша дауыс беруден бас тарту жатады.¹²⁴ Бұдан өзге, сот билігі тәуелсіздігінің кепілдігі, судьяларды тағайындау рәсімінің адалдығы мен ашықтығы және соттар мен судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жауапты кез келген ұлттық органның дербестігі арасында айқын өзара байланыс бар.¹²⁵

103. Тәуелсіздік сот билігінің сыртқы және ішкі қысымнан еркіндігін білдіреді. Судьяларға, атап айтқанда атқарушы билік тарапынан саяси ықпал немесе айла-шарғылар, сондай-ақ әріптес судьялар (мысалы, соттардың төрағалары немесе сот алқалары, жоғары тұрған соттар, сот кеңестері немесе тіпті сот қауымдастықтары) тарапынан нұсқаулар берілмеуге немесе қысым көрсетілмеуге тиіс.¹²⁶ Тағайындалуы заңсыз араласумен келегейленген және ішкі соттар тарапынан тиімді тексеруден өтпеген судьяның сотта істі қарауға қатысуы «заңмен құрылған сотқа» қол жеткізу туралы талапты бұзуды білдіреді.¹²⁷ Бұдан өзге, бейтараптық судьяның шешім қабылдағанда жеке немесе идеологиялық ойларды басшылыққа алмайтынын білдіреді.

104. «Тәуелсіздік» термині кәсіби және моральдық адалдықтың көрінісі ретінде судьяның сыртқы қысымға қарсы тұра алуын, сондай-ақ судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін олардың тағайындау рәсімін, сондай-ақ судьяны тағайындаудың бастапқы кезеңінде де, оның өз міндеттерін атқаруы барысында да мемлекеттік биліктің басқа тармақтары тарапынан заңсыз ықпалдан қорғаудың және (немесе) шектеусіз іс-әрекет бостандығының кепілі болуы тиіс кәсіби еңбегіне қарай іріктеу өлшемшарттарын қамтитын институционалдық және жедел тетіктер кешенін білдіретін рухани күйді сипаттайды.¹²⁸

¹²³ ЕОС, *Португалия судьяларының кәсіподағы*, [C-64/16 ісі](#), 2018 ж. 27 ақпан, 35-38 және 44-45-тармақтар; *А. К. және басқалар (Жоғарғы сот Тәртіптік палатасының тәуелсіздігі)*, [C-585/18 ісі](#), 2019 ж. 19 қараша, 119-130-тармақтар.

¹²⁴ Басқа шараларға мыналар кіруі мүмкін: судьялардың зейнет жасын төмендету, соттың юрисдикциясын немесе оған қол жеткізуді шектеу, кворумға неғұрлым жоғары талаптар қою, сот құрамын кеңейту, юрисдикцияны басқа сотқа беру, істерді бөлу тәртібін өзгерту, сот жүйесін қадағалау тетіктерін өзгерту, судьялардың лауазымдарын іріктеп сақтау, сот шешімдерін жою және, ақырында, шеттетілген судьялардың өкілеттіктерін олар билік қабылдайтын шараларды бейілді түрде қолдай алатындай етіп қалпына келтіру. Шолуды келесі еңбектен қараңыз: С. Бисария және М. Роджерс / International IDEA, *«Қарсылық тетіктерін құру. Демократиялық институттар және кері серпіліс қаупі»* (2023 ж. 27 қазан). Бұл шаралардың өзі әрқашан Венеция комиссиясының стандарттарына қайшы келмесе де және әрдайым жүйелі проблемалар туғызбаса да, көбінесе дәл солардың жиынтығы сот билігінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді.

¹²⁵ АҚЕС, 2022 ж. 15 наурыздағы № [43572/18](#) «Грженда Польшаға қарсы» ісі [ГК], 264-тармақ және 298–309-тармақтар. Ұлттық сот билігі кеңесіне қатысты: бұл да сонда, 300-309 және 345-346-тармақтар.

¹²⁶ АҚЕС, «Гудмундур Андри Астрадссон Исландияға қарсы» ісі [ГК], № [26374/18](#), 2020 ж. 1 желтоқсан, 220-234-тармақтар; «Речкович Польшаға қарсы» ісі, № [43447/19](#), 2021 ж. 22 шілде, 216-220 және 276-277-тармақтар; «Долинска-Фицек және Озимек Польшаға қарсы» ісі, № [49868/19](#) және 57511/19, 2021 ж. 8 қараша, 348-349-тармақтар; ЕОС, *А.К. және басқалар (Жоғарғы сот Тәртіптік палатасының тәуелсіздігі)*, [C-585/18](#), 2019 ж. 19 қараша, 123-125-тармақтар; *W.Ż. (Польша Жоғарғы сотының Төтенше бақылау және қоғамдық істер палатасы - Тағайындау)*, [C-487/19](#), 2021 ж. 6 қазан, 108-111 және 124-130-тармақтар; *Krajowa Rada Sądownictwa (Сот лауазымында болуды жалғастыру)*, [C-718/21](#), 2023 ж. 21 желтоқсан, 46-58 және 60-77-тармақтар; «R» S.A. және AW «Т» sp. z o.o., [C-225/22](#), 2025 ж. 4 қыркүйек, 47-50 және 56-57-тармақтар.

¹²⁷ АҚЕС, 2020 ж. 1 желтоқсандағы № [26374/18](#) «Гудмундур Андри Астрадссон Исландияға қарсы» ісі [ГК], 287–289-тармақтар.

¹²⁸ АҚЕС, «Гудмундур Андри Астрадссон Исландияға қарсы» ісі [ГК], № [26374/18](#), 2020 ж. 1 желтоқсан, 234-т.; ЕОС, «А.К. және басқалар (Жоғарғы сот Тәртіптік палатасының тәуелсіздігі)» ісі, [C-585/18](#), 2019 ж. 19 қараша, 123-т.; «Румыния судьяларының форумы»

105. Судьяларды тағайындау және шеттету тәртібіне келетін болсақ, Сот кеңесі немесе осындай мәселелерді шешуге жауапты ұқсас органның құрамын, өкілеттіктері мен мүшелерінің тағайындалу тәртібін тұтас ұғынып, ескеру қажет. АҚЕС және Еуропалық Одақ Сотының соңғы сот практикасында көрсетілгендей, Кеңестің немесе ұқсас органның тәуелсіздігіне кепілдік беру қажет.¹²⁹ Сот мансабына қатысты шешімдерді тәуелсіз органдар тікелей не олардың ұсынымдары негізінде қабылдауға тиіс. Судьялар заңға сәйкес олардың еңбегін әділ бағалағаннан кейін қабілеттері, адалдығы мен тәжірибесі негізінде тағайындалуға және қызмет бабында жоғарылатылуға тиіс. Басқа мемлекеттік органдарды тарту нәтижесінде саясаттандыру тәуекелдеріне, сондай-ақ судьялар ғана қатысқан жағдайда жеке мүдделілік пен корпоративизмнің көріну тәуекелдеріне жол бермеу қажет.

106. Ақтайтын дәлелді себептер (сынақ мерзімі, қайта сайлану мүмкіндігі, жас шектеулерінің өзгеруі - мұның бәрі ерекше мұқияттылықпен қарауды қажет ететін және тиісті кепілдіктер болған жағдайда ғана негізді болуы мүмкін мәселелер) болған жағдайларды қоспағанда, өкілеттік мерзімін анықтауға сыртқы ықпалға жол берілмеуге тиіс.¹³⁰ Бұл судьяларды олардың келісімінсіз басқа сотқа ауыстыруға да қатысты.¹³¹

107. Тәртіптік жазаларға әкеп соқтыратын бұзушылықтар, сондай-ақ олардың құқықтық салдарлары заңнамада нақты бекітілуіне тиіс, ал тәртіптік жазалар шамаластық қағидатына сәйкес болуға тиіс. Тәртіптік жүйе әділ және ашық тыңдау өткізуді, сондай-ақ, әдетте, тәуелсіз сот органында шағым түсіру мүмкіндігін көздей отырып, процестік әділеттілік талаптарына сәйкес келуге тиіс. Тыңдауды өткізуден бас тарту тек ерекше жағдайларда ғана негізді болуы мүмкін.¹³² Судьяның шешімі, оның ішінде заңды түсіндіру, фактілерді бағалау немесе дәлелдемелерді талдау қараниеттілік, қызметтік міндеттерін қасақана орындамау немесе ауыр теріс қылық жағдайларын қоспағанда, тәртіптік жауапкершілікке әкеп соқпауға тиіс.¹³³

108. Сот кеңесінің құрамына келетін болсақ, саясаттандырудан және корпоративизмнен аулақ болу қажет.¹³⁴ Судьялар мен заңгер емес сот мүшелері арасындағы оңтайлы

қауымдастығы, [C-83/19](#), [C-127/19](#), [C-195/19](#), [C-291/19](#), [C-355/19](#) және [C-397/19](#) біріктірілген істері, 2021 ж. 18 мамыр, 195-200, 206-207-тармақтар.

¹²⁹ Жоғарыдағы 126-сілтемені қараңыз.

¹³⁰ Атап айтқанда келесі құжаттарды қараңыз: АҚЕС, «Паяк және басқалар Польшаға қарсы» ісі, № [25226/18](#), 2023 ж. 24 қазан, 186–200-тармақтар; «Бака Венгрияға қарсы» ісі, № [20261/12](#), 2016 ж. 23 маусым, 117-т. және одан әрі; ЕОС, «Комиссия Польшаға қарсы» ісі (Жоғарғы соттың тәуелсіздігі), [C-619/189](#), 2019 ж. 24 маусым, 71-79-тармақтар; «Комиссия Польшаға қарсы» ісі (Жалпы юрисдикциядағы соттардың тәуелсіздігі), [C-192/18](#), 2019 ж. 5 қараша, 113-115 және 126-130-тармақтар.

¹³¹ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2010\)004](#), Сот жүйесінің тәуелсіздігі туралы баяндама - I бөлік: Судьялардың тәуелсіздігі, 43-т.; [CDL-AD\(2022\)010](#), 2021 жылдың желтоқсанында Грузияның жалпы юрисдикциядағы соттары туралы органикалық заңға енгізілген түзетулер туралы қорытынды, 43-т.; [CDL-AD \(2018\)033](#), «Бұрынғы югославиялық Македония Республикасының» соттары туралы заңға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы бойынша қорытынды, 21-23-тармақтар; [CDL-AD\(2015\)026](#), 2015 жылдың шілдесінде Конституциялық комиссияның Жұмыс тобы ұсынған сот жүйесіне қатысты Украина Конституциясына түзетулер туралы қорытынды, 24-т.; [CDL-AD\(2013\)034](#), Украина судьяларының тәуелсіздігін нығайту мақсатында Конституцияға түзетулер туралы заң жобасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар туралы қорытынды, 17-т.

¹³² АҚЕС, 2018 ж. 6 қарашадағы №№ [55391/13](#), [57728/13](#) және [74041/13](#) «Рамос Нунес де Карвалью э Са Португалияға қарсы» ісі, 187-192-тармақтар, атап айтқанда 190-т.

¹³³ ЕСКК, Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі туралы [№ 27 \(2024\) қорытынды](#), 12-ұсыным.

¹³⁴ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2018\)003](#), Молдова Республикасының конституциясына (сот билігі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң бойынша қорытынды, 56-т.; [CDL-AD\(2021\)043](#), Кипр, Сот жүйесін реформалау туралы үш заң жобасы бойынша қорытынды, 50-т.; [CDL-AD \(2024\)009](#), Босния және Герцеговина - Жоғары Сот және прокурорлық кеңес туралы заң жобасы бойынша алдыңғы қорытындылардың жалғасы ретінде аралық қорытынды, 28-т.; [CDL-AD\(2025\)038](#), Испания - Сот жүйесінің бас кеңесіне мүше судьяларды сайлау тәртібі туралы қорытынды, 40 және 66-тармақтар.

теңгерімді табу қажет.¹³⁵ Биліктің басқа тармақтарының қатысуы Кеңес мүшелеріне және бүкіл сот жүйесіне заңсыз қысым жасау қаупін тудырмауға тиіс.¹³⁶

109. Істерді ұтымды бөлуді екі аспектінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Оның бірі жалпы сотқа қатысты. Екінші аспект осы істі қарайтын нақты судьяға немесе сот алқасына қатысты. Шешім қабылдау кезінде тәуелсіздік пен бейтараптықты қамтамасыз ету және нығайту мақсатында осы екі мәселенің де заңмен тиісті түрде және ашық реттелгені орынды. Бұдан өзге, субъективті және объективті бейтараптықты қамтамасыз ете отырып, жеке судьяға қарсылық білдіруді реттейтін тиісті және ашық өлшемшарттар көзделуі қажет. Осылайша, сот төрелігі тек орындалып қана қоймай, барлығына анық болуы керек деген қағидаттың сақталуы қамтамасыз етіледі.

110. Сот жүйесінің өз міндеттерін адал және тиімді атқара алуы, сол арқылы қоғамның сот төрелігі мен заң үстемдігіне деген сенімін нығайта алуы үшін сот билігінің мемлекеттік органдар мен жеке адамдардан тәуелсіздігін қамтамасыз етуде жеткілікті ресурстардың болуы өте маңызды.¹³⁷ Атқарушы биліктің сот жүйесінің бюджетін қысқарту құқығы - сот жүйесі ресурстарының қалай негізсіз қысымға ұшырауы мүмкін екендігінің бір мысалы. Сот жүйесінің қаржылық тәуелсіздігінің нақты көріністерінің бірі - әділетті және жеткілікті жалақы.¹³⁸ Бұл сот билігінің биліктің басқа тармақтарынан ғана емес, жеке адамдардан да тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралы болады.¹³⁹

111. Сот билігінің тәуелсіздігі - бұл судьялардың артықшылығы емес, билікті бөлу қағидатының аса маңызды элементі және тараптардың сотта істің әділ қаралу құқығының кепілі.¹⁴⁰ Алайда, бұл судьяларды құқық бұзушылықтар үшін жауапқа тарту мүмкіндігін жоққа шығармайды. Судьялардың тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтін, соның ішінде сыбайлас жемқорлық¹⁴¹ үшін құқықтық және тәртіптік жауапкершілігін қамтамасыз ету қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайту үшін шешуші мәнге ие.¹⁴²

2. Сот процесінің басқа қатысушыларының тәуелсіздігі мен бейтараптығы

Сот процесінің басқа қатысушыларындағы тәуелсіздігі мен бейтараптығы жеткілікті дәрежеде ме?

- i. Мемлекеттік құрылым шеңберінде прокуратура жеткілікті дербестікке ие ме? Заң прокурорды тек заңға сәйкес, дәйекті түрде және дәлелдемелер негізінде әрекет етуге міндеттей ме?
- ii. Прокуратура басшысын тағайындауды және лауазымынан босатуды қоса алғанда,

¹³⁵ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2018\)003](#), Молдова Республикасының Конституциясына (Сот билігі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң бойынша қорытынды, 56-т.; [CDL-AD\(2023\)039](#), Болгария Конституциясына түзетулер жобасы бойынша қорытынды, 48-т.; сондай-ақ [CDL-PI\(2025\)002](#), Венеция комиссиясының соттарға қатысты қорытындылары мен баяндамалары жинағының 4.2-бөлігін қараңыз.

¹³⁶ [CDL-INF\(1999\)005](#), Болгариядағы сот жүйесін реформалау туралы қорытынды, 28-т.; сондай-ақ, мысалы, [CDL-AD\(2007\)028](#), Венеция комиссиясының судьяларды тағайындау туралы баяндамасының 33-т.; [CDL-AD\(2010\)026](#), министрлердің Сот кеңесіне қатысуына қатысты Украина сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заң жобасы бойынша бірлескен қорытындының 97-т. қараңыз.

¹³⁷ Еуропа Кеңесі, Судьялардың тәуелсіздігі, тиімділігі және міндеттері туралы [CM/Rec\(2010\)12](#) ұсынымы, 33-т. және одан әрі; [CDL-AD\(2010\)004](#), 52-т. және одан әрі.

¹³⁸ ЕОС, *Португалия судьяларының кәсіподағы*, [C-64/16](#), 2018 ж. 27 ақпан, 44-52-тармақтар.

¹³⁹ [CDL-AD\(2012\)014](#), Босния мен Герцеговинадағы құқықтық анықтылық және сот билігінің тәуелсіздігі туралы қорытынды, 81-т. қараңыз.

¹⁴⁰ ЕСКК, Сот билігінің жағдайы және қазіргі заманғы демократияда оның мемлекеттік биліктің басқа тармақтарымен өзара қатынастары туралы [№ 18 \(2015\) қорытынды](#), 10-т.

¹⁴¹ Сондай-ақ, судьяларға қатысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес жөніндегі алдын алу шаралары мен қылмыстық құқық шараларына арналған II.C.3 бөлімін қараңыз.

¹⁴² *Атап айтқанда*, Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2017\)002](#), Молдова Республикасы, судьялардың қылмыстық жауапкершілігі мәселелері бойынша «*Amicus Curiae*» куәлігін қараңыз.

- прокурорларды тағайындау, қызмет бабында жоғарылату, оларға тәртіптік шаралар қолдану және оларды ауыстыру саясатсыздандырылған ба? Егер прокурорларды тағайындау/сайлау, оларды қызмет бабында жоғарылату, тәртіптік мәселелер және басқа лауазымға ауыстыру бойынша мәселелерді шешу немесе сараптамалық қорытындылар беру үшін прокурорлар кеңесі құрылса, бұл органның қазіргі саяси көпшіліктен және прокуратураның өзінен тәуелсіздігі жеткілікті дәрежеде бола ма?
- iii. Прокурорлар олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ұзақ мерзімге тағайындала ма? Жеке прокурорларда олардың прокурорлық мансабына (тағайындау, ауыстыру, жоғарылату, жұмыстан шығару) қатысты кез келген шешімдерден қорғайтын тиімді құқықтық құралдар бар ма?
- iv. Прокуратураға оның тәуелсіз және тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ресурстар жеткілікті мөлшерде бөліне ме?
- v. Егер прокурорлар жекелеген істер бойынша атқарушы биліктен нұсқаулар алуы мүмкін болса, мұндай нұсқаулардың ерекше сипатта болуы, қатаң регламенттелуі, уәждеделуі және жазбаша түрде ресімделуі, сондай-ақ оларға дау айту немесе шағым түсіру қамтамасыз етіле ме? Егер прокурорлар жекелеген істер бойынша аға прокурорлардан нұсқаулар алуы мүмкін болса, бұл нұсқаулардың оларға жазбаша түрде берілуі және олардың пікірінше заңға қайшы деп танылғандарына шағым түсіру қамтамасыз етіле ме? Прокуратураның қызметі тиімді сот бақылауына жата ма?
- vi. Елде тараптарға консультация беруге және көмек көрсетуге жауапты танылған, ұйымдастырылған және тәуелсіз адвокаттық кәсіп бар ма және заңнамада тәуелсіздік, адалдық және құпиялылық қағидаттарының сақталуына, сондай-ақ кәсіби әдептің тиісінше сақталуына кепілдік беру үшін осы кәсіптің қызметін тиісті реттеу көзделген бе?
- vii. Адвокаттардың қызметін реттейтін тиімді, тәуелсіз және әділ тәртіптік рәсімдер бар ма?
- viii. Заңгерлерді араласудан және олардың жұмысындағы кедергілерден қорғайтын және оларға тиімді заңгерлік консультациялар беруге және өкілдік етуге мүмкіндігін беретін тиісті кепілдіктер бар ма?

112. Прокуратураның екі жақты жауапкершілігі бар: бір жағынан ол айыптауды қолдауға, ал екінші жағынан жеткілікті құқықтық немесе дәлелдемелік негіздері жоқ істердің не процестік құқықты теріс пайдаланумен байланысты істердің сотқа өтіп кетпеуін қадағалауға тиіс.

113. Прокуратураны ұйымдастыруды реттейтін, әсіресе прокурорларды тағайындау жөніндегі өкілеттіктерге, сондай-ақ прокуратураның ішкі құрылымына қатысты бірыңғай стандарт жоқ. Алайда, прокуратура органдарын заңсыз саяси ықпалдан қорғау үшін жеткілікті дербестікті қамтамасыз ету қажет. Прокуратура заңға сәйкес әрекет етуге міндетті болғанымен, оған қоғамдық мүдделерді ескере отырып, қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау кезінде белгілі бір қарау еркіндігін беру керек.

114. Нақты жағдайлар жөніндегі нұсқаулықтың нұсқаулары әдетте қажетсіз.¹⁴³ Егер мұндай нұсқауларға тыйым салынбаса, олар қатаң реттелуге тиіс, бұл ретте мұндай нұсқаулар уәжді болуға, жазбаша түрде ресімделуге, тиісті прокурордың шағым беруіне жатуға және қоғамдық бақылау үшін ашық болуға тиіс.¹⁴⁴ Сондай-ақ прокуратура ішінде дербестікті қамтамасыз ету қажет. Прокурорлар өз қалауы бойынша қатаң иерархиялық нұсқауларға бағынбауға тиіс және олардың заңға қайшы келетін нұсқауларды орындамау мүмкіндігі болуы керек.¹⁴⁵

¹⁴³ Бұрын Венеция комиссиясы, мысалы, министрді нақты жағдайларда қылмыстық қудалаудан бас тарту туралы нұсқау беру құқығынан айыруды немесе қалай болғанда да, бұл прерогативті нақты анықталған ерекше мән-жайлармен шектеуді ұсынған болатын. Келесі құжатты қараңыз: [CDL-AD\(2023\)029](#), Нидерланды - Сот билігінің атқарушы биліктен тәуелсіздігінің құқықтық кепілдіктері туралы Венеция комиссиясы мен Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары және заң үстемдігі жөніндегі Бас директорының (DGI) бірлескен қорытындысы, 72-т.

¹⁴⁴ Бұл да сонда, 67-т.; Прокуратураның қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі рөлі туралы Еуропа Кеңесінің [CM Rec \(2000\) 19](#) ұсынымы, 11-16-беттер.

¹⁴⁵ Венеция комиссиясы осыған байланысты жалпы нұсқаулар мен нақты істерге қатысты

115. Прокуратура органдары үшін ресурстарды жеткілікті мөлшерде бөлу олардың тәуелсіз және тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Прокурорларға берілетін сыйақының жеткілікті болуы - олардың тәуелсіздігінің маңызды элементі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кепілі.

116. Заңгерлер барлық демократиялық мемлекеттердің сот төрелігі жүйелерінде шешуші рөл атқарады. Олар құқық үстемдігі қағидатын сақтау үшін, атап айтқанда, адам құқықтарын қорғау мақсатында баршаның сот төрелігіне қол жеткізуін және сотта істің әділ қаралу құқығын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Бұл заңнама адвокаттардың тәуелсіздігінің негізгі қағидаттарын бекітетінін және адвокаттық кәсіпке қол жеткізу «Біріккен Ұлттар Ұйымының адвокаттардың рөліне қатысты негізгі қағидаттарында»¹⁴⁶ және Адвокат кәсібін қорғау туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясында танылғандай, заң көмегіне құқықтың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті түрде ашық екенін білдіреді.¹⁴⁷ «Негізгі қағидаттар» мен Конвенция адвокаттардың атқарушы биліктен тәуелсіз болуға және өз функцияларын қысым көрмей немесе әділетсіздік танытпай орындай алуға тиіс деген қатаң халықаралық консенсусты көрсетеді. Ұлттық және халықаралық сот практикасында да тәуелсіз адвокатураның заңның үстемдігін қамтамасыз етудегі негізгі рөлі дәйекті түрде танылады.¹⁴⁸

117. Кәсіби әдеп сонымен қатар, *атап айтқанда*, «адвокат тәуелсіздігін сақтап қалуға, клиенттерге бейтарап консультациялар беру және олардың мүдделерін білдіру кезінде осындай тәуелсіздік қамтамасыз ететін қорғауды қолдануға тиіс» дегенді білдіреді.¹⁴⁹

3. Әділ сот

Сот жүйесі АҚЕК 6-бабының талаптарына немесе басқа халықаралық шарттардың ұқсас ережелеріне сәйкес сотта істің әділ қаралуын қамтамасыз ете ме¹⁵⁰?

i. Азаматтар соттарға тек теорияда ғана емес, іс жүзінде де нақты қол жеткізе ала

нұсқаулар арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді, бұл ретте соңғылары ерекше кепілдіктерді талап етеді, атап айтқанда: (i) нақты іс бойынша аға прокурор беретін барлық нұсқаулар уәжді болуы және жазбаша түрде ресімделуі керек; (ii) нұсқаудың заңдылығына күмән туындаған жағдайда төмен деңгейдегі прокурор соттың немесе прокурорлар кеңесі сияқты тәуелсіз органның бұл нұсқауды қайта қарауына бастамашылық етуге құқығы болуға тиіс; (iii) заңда істің тараптары аға прокурор берген нұсқауларға қол жеткізе алатындығы нақты бекітілуге тиіс. Келесі құжатты қараңыз: Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2017\)028](#), Польша - Жаңа редакциядағы Прокуратура туралы заң бойынша қорытынды, 112) т.; [CDL-AD\(2010\)040](#), Сот жүйесінің тәуелсіздігіне қатысты еуропалық стандарттар туралы баяндама: II бөлік - Прокуратура, 57-60-тармақтар.

¹⁴⁶ Бұл [Негізгі қағидаттарды](#) БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер 1990 жылдың 27 тамызы мен 7 қыркүйегі аралығында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі Сегізінші Конгресінде қабылдады.

¹⁴⁷ [Адвокат кәсібін қорғау туралы Еуропа](#) Кеңесінің Конвенциясы (Еуропа Кеңесінің № 226 шарттар сериясы) қудалау, қорқыту немесе шабуыл түрінде болсын не олардың кәсіби міндеттерін атқаруына араласу түрінде болсын, өздерінің кәсіби қызметін жүзеге асыратын адвокаттарға жасалған шабуылдар санының артуына жауап ретінде әзірленді. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі Сегізінші Конгресінде (Гавана, Куба, 1990 ж. 27 тамызы мен 7 қыркүйегі аралығы) қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының адвокаттардың рөліне қатысты негізгі қағидаттарында» баяндалған қағидаттарды көрсетеді.

¹⁴⁸ Канада Жоғарғы соты, «Канада (Бас прокурор) Канаданың Заң алқалары федерациясына қарсы» ісі [2015], [1 SCR 401](#), 102-т.; АҚЕС, «Никула Финляндияға қарсы» ісі, [№ 31611/96](#), 2002 ж. 21 наурыз, 45-т.; «Стур Нидерландыға қарсы» ісі, [№ 39657/98](#), 2003 ж. 28 қазан, 36-т.; «Эльчи және басқалар Түркияға қарсы» ісі, [№ № 23145/93 және 25091/94](#), 2004 ж. 24 наурыз, 669-т.; «Морис Францияға қарсы» ісі [ГҚ], [№ 29369/10](#), 2025 ж. 23 сәуір, 132–139-тармақтар.

¹⁴⁹ Халықаралық заңгерлер қауымдастығы - [Заңгерлердің халықаралық мінез-құлық қағидаттары](#) (2024), 1-т.

¹⁵⁰ Мысалы, АСҚХП, 14-бап; АҚАК, 8-бап.

- ма?
- ii. Тыңдалу құқығы мен тараптардың теңдігіне кепілдік берілген бе? Сырттай сот талқылауы кезінде негізгі құқықтар сақтала ма? Егер адам сотта істі қарау туралы хабардар етілмесе, кез келген жағдайда істің қайта қаралу құқығына кепілдік беріле ме?¹⁵¹
 - iii. Қорғалу құқығына, оның ішінде тиімді заң көмегі арқылы кепілдік беріле ме, бұл ретте заңды өкілдікке қол жеткізу, соның ішінде мұндай өкілдікті қамтамасыз ету үшін тегін заң көмегін көрсетуге қатысты объективті және жеткілікті ашық түрде реттеле ме?
 - iv. Қылмыстық сот ісін жүргізуде, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың жария мәлімдемелерін және оқиғалардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын ескере отырып, кінәсіздік презумпциясына кепілдік беріле ме?
 - v. Сот шешімдерін уәждеу міндеті бар ма? Егер жоқ болса, онда қандай сот шешімдері бұл міндеттен алынып тасталуы мүмкін екендігі анықталған ба?
 - vi. Сот шешімдері тиімді және жедел түрде шығарыла ма және олар уақтылы орындала ма? Шын мәнінде сотта істі қараудың орынды мерзімі сақтала ма? Сотта істі қарау жеткілікті негіздерсіз созылатын, сот шешімдері орындалмайтын немесе қорғалу құқығы бұзылатын жағдайларда тиімді құқықтық қорғау құралдары бар ма? Шешімдер, атап айтқанда мемлекеттік лауазымды адамдардың немесе саяси қайраткерлердің іс-әрекеттері нәтижесінде сақталмаған немесе орындалмаған жағдайда санкциялар немесе өзге де құқықтық салдарлар көзделген бе?
 - vii. Сотта істі қараудың жариялылығына кепілдік беріле ме?

118. Жеке тұлғаның жеке немесе мемлекеттік субъектілердің іс-әрекеттеріне шағым түсіруінің қолжетімді және тиімді мүмкіндігінің болу құқығы (*locus standi*) формалды талаптар, мерзімдер және сот алымдары орынды шамада болуы керек дегенді білдіреді.

119. Жеке адамдардың, әдетте, сотта істі қарауды өз бетінше қозғауға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан құқықтық көмек шешуші мәнге ие және әркімге қолжетімді болуы керек. Заң көмегі оны алуға мүмкіндігі жоқ адамдарға да көрсетілуге тиіс.

120. Соттарға қол жеткізу құқығы шеңберінде орны толмас зиян келтірілген жағдайда алдын ала сипаттағы шараларға, сондай-ақ төтенше жағдайларда сот төрелігіне қол жеткізуге кепілдік берілуге тиіс.

121. Сот шешіміне шағым түсіру құқығы көбінесе конституциялық немесе заңнамалық деңгейде, атап айтқанда қылмыстық-құқықтық саладағы ұлттық заңнамамен кепілдік берілетін құқық үстемдігінің жалпы қағидаты болып табылады.

122. Кінәсіздік презумпциясы қылмыстық процесте сотта істің әділ қаралу құқығын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Кінәсіздік презумпциясына кепілдік беру үшін дәлелдеу ауыртпалығы айыптау жағында болуы керек.¹⁵² Талап етілетін дәлелдемелерге

¹⁵¹ Айыпталушының қатысуынсыз жүргізілетін сотта істі қарау өздігінен Конвенцияның 6-бабына қайшы келмесе де, сот төрелігінен бас тарту, егер оның өзінің сотқа келу және қорғалу құқығынан бас тартқаны немесе соттан жалтарғысы келгені анықталмаса, құқық тұрғысынан да, фактілер тұрғысынан да сырттай сотталған адам кейіннен оны тыңдаған соттан айыптаудың мәні бойынша істің қайта қаралуына қол жеткізе алмаған жағдайда да орын алады (АҚЕС, 2006 ж. 1 наурыздағы № [56581/00](#) «Седжович Италияға қарсы» ісі [ГК], 82-т.). Бұл істі бастапқы қарау кезінде де, істі қайта қарау кезінде де айыпталушының сот залында болу құқығын қамтамасыз ету міндеті 6-баптың негізгі талаптарының қатарына жататындығымен түсіндіріледі (АҚЕС, 2005 ж. 24 наурыздағы № [9808/02](#) «Стоичков Болгарияға қарсы» ісі, 56-т.).

¹⁵² «Дәлелдеу ауыртпалығы айыптау жағында»: АҚЕС, «Барбера, Мессега және Хабардо Испанияға қарсы» ісі, № [10590/83](#), 1988 ж. 6 желтоқсан, 77-т.; «Телфнер Австрияға қарсы» ісі, № [33501/96](#), 2001 ж. 20 наурыз, 15-т.; «Гранде Стивенс және басқалар Италияға қарсы» ісі, №№ [18640/10](#), [18647/10](#), [18663/10](#), [18668/10](#) және [18698/10](#), 2014 ж. 4 наурыз, 159-т.

қатысты қағидалар мен практика анық және әділ болуы керек.

123. Сот шешімдерін, оның ішінде, егер ол атқарушы биліктің іс-әрекеттеріне қатысты болса, л атқарушы билік тиісінше және тиімді түрде сақтауға және орындауға тиіс. Егер сот шешімдері орындалмаса, сотта істің әділ қаралу құқығы мен жалпы заң үстемдігінде ешбір мән қалмас еді.

124. Сот жүйесі қоғамнан шеттетілген және құпияға толы әлдебір жүйе ретінде қабылданбауға тиіс. Интернетте, атап айтқанда, сотқа қалай жүгінуге болатындығы туралы қолжетімді ақпараттың болуы - жұртшылықтың сот жүйесімен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етудің бір тәсілі. Ақпарат бүкіл халыққа, соның ішінде осал топтарға оңай қолжетімді болуы, сонымен қатар ұлттық азшылық топтардың және (немесе) көшіп-қонушылардың тілдерінде берілуі керек. Төменгі сатыдағы соттар бүкіл ел бойынша біркелкі бөлінуге және олардың ғимараттарына оңай қолжетімді болуға тиіс.

4. Сот жүйесіндегі цифрлық технологиялар

Цифрлық технологиялар заң үстемдігі қағидаттарына, соның ішінде сотта істің әділ қаралу құқығына сәйкес пайдаланыла ма?

- i. Сот жүйесінде цифрлық технологияларды және жасанды интеллект жүйелерін пайдалану заңмен реттеле ме?
- ii. Сот органдары жинайтын дербес деректер арнайы құқықтық нормалармен қорғалған ба?
- iii. Заңнамада сот жүйесін әкімшілік басқаруды жақсартуға бағытталған және судьяға фактілерді анықтауға және заңды нақты істерге қолдануға көмектесуге арналған цифрлық технологияларды енгізу мен пайдалану арасындағы айырмашылық көрсетілген бе?
- iv. Судьяға фактілерді бағалауға және заңнаманы нақты істерге қолдануға көмектесуге арналған ЖИ жүйелерін енгізген және пайдаланған жағдайда, заңнамада мыналар көзделе ме:
 - a. судьяның түпкілікті шешімінің тек жүйенің ұсынымдарына ғана негізделмеуі, яғни ол толық автоматтандырылған шешім қабылдауға тыйым сала ма?
 - b. жасанды интеллект жүйесі сәйкес келуі тиіс ең төмен талаптар, атап айтқанда: адам құқықтарын (әсіресе кемсітпеушілік қағидаты) және сот билігінің тәуелсіздігін сақтау, ашықтық, қауіпсіздік, сенімділік (дәлдік пен анықтық) және үйлесімділік?
 - c. реттелетін қауіпсіз орталарда (реттеуші «құмсалғыштарда») алдын ала тестілеуді жүргізу?
 - d. тәуелсіз органдардың мұндай жүйелерге алдын ала бағалау және кейіннен мониторинг жүргізуі?
- v. Судьяға фактілерді бағалауға және заңды нақты істерге қолдануға көмектесуге арналған ЖИ жүйелерін енгізген және пайдаланған жағдайда, заңнамада жеке тұлғалардың мұндай жүйені енгізуге, оның конструкциясына, оны нақты істе пайдалануға, сондай-ақ сотта істі қарау барысында ол берген нақты ұсынымдарға дау айту құқығы көзделе ме?

125. Сот жүйесінде цифрлық технологияларды пайдалану оның тиімділігін арттырып, азаматтардың құқықтарын неғұрлым сенімді қорғауға ықпал етуі мүмкін, алайда ол сонымен қатар азаматтардың құқықтары үшін мынадай қауіптерге әкелуі мүмкін: сотта істің әділ қаралу құқығының кепілдіктерін әлсірету, қалыптасқан ағат пікірлілік пен соқыр сенімдердің жаңғыруы, нығаюы және күшеюі, деректердің қорғалу құқығына қысым жасау, сот процесіне қатысушылардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзу, жәбірленушілердің құқықтарына қысым жасау немесе азаматтардың технологияларға қол

жеткізуіндегі теңсіздік. Цифрлық технологияларды пайдаланумен байланысты артықшылықтар да, тәуекелдер де оларды сот жүйесіне енгізуді заңмен бекітуді және басқарудың ашық тетіктерімен және адам тарапынан тұрақты бақылаумен сүйемелдеуді талап етеді (барлық мемлекеттік органдар ЖИ пайдаланған жағдайдағыдай, жоғарыдағы II.A.9.iv-v бөлімін қараңыз).

126. Сот төрелігі жүйесінде ЖИ жүйелерін пайдалануды реттейтін заңнама бойынша бірқатар нақты сұрақтар туындайды. Сот жүйесіндегі барлық ЖИ жүйелері ең алдымен сот жүйесінің тиімділігін арттыру және азаматтардың құқықтарын нығайту мақсатын көздеуге тиіс. Жұртшылықтың сенімін сақтап тұру және есеп берушілікті қамтамасыз ету үшін оларды пайдалану ашық, негізді болуы және тәуелсіз бақылауға алынуы керек (жоғарыдағы II.A.9.iv-v және II.B.5.ii-iii бөлімдерін қараңыз).

127. Сот төрелігін әкімшілік басқаруды жетілдіру үшін пайдаланылатын ЖИ жүйелері мен сот функцияларын жүзеге асыру кезінде пайдалануға арналған жүйелер арасындағы айырмашылықты көрсету керек. Алғашқылары мемлекеттік органдардың ЖИ жүйелерін пайдалануына қойылатын жалпы талаптардың қолданыс аясына түсуі керек болса, кейінгілері азаматтардың сотта істің әділ қаралу құқығына кепілдік беру үшін мұқият енгізуді талап етеді. Сот саласында пайдаланылатын ЖИ жүйелері жағдайында адамның бақылауы мен есеп беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ЖИ жұмысының нәтижелері толық қадағалануға және түсінікті болуға тиіс (жоғарыдағы II.C.2 бөлімін қараңыз).

128. Адамға бағдарланған ЖИ тергеуге, фактілерді анықтауға және заңды нақты істерге қолдануға қатысты барлық сот шешімдерін судьялар өз жауапкершілігімен қабылдауға тиіс дегенді білдіреді. ЖИ жүйелері шешім қабылдау процесін жеңілдеті отырып, судьяларға белгілі бір міндеттерді (мысалы, құқықтық ақпаратты іздеу, дәлелдемелерді жинау және жіктеу, сот шешімдеріндегі стандартты жолдарды алдын ала толтыру, мерзімдер туралы хабарламалар жіберу және т.б.) шешуге көмектесуі мүмкін, алайда ЖИ жүйесінің шешімдерді толық автоматтандырылған түрде қабылдауына жол берілмеуге тиіс. Осылайша, оларды тергеу, фактілерді анықтау және заңды нақты істерге қолдану үшін пайдаланған кезде олар белгілі бір талаптарға сәйкес келуге тиіс.

129. Сот төрелігі саласында ЖИ жүйелерін пайдаланған кезде ерекше назар аударуды талап ететін адам құқықтарына деректердің қорғалу, теңдік, кемсітпеушілік, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, сот төрелігіне қол жеткізу, кінәсіздік презумпциясы құқығы және сотта істің әділ қаралуы құқығы, соның ішінде қорғалу құқығы кіреді. Заңда ЖИ жүйесі осы құқықтар үшін төндіретін қауіптерді нақты бағалау көзделуге және оларды кеңінен қолдану басталғанға дейін қауіпсіз құқықтық орталарда (құмсалғыштарда) тестілеу қамтамасыз етілуге тиіс. Сот процесіне қатысушылардың барлығы тәуекелдерді бағалауға, ЖИ жүйелерін алдын ала тестілеуге және оларды мониторингтеуге қатысуға тиіс. Жасанды интеллект жүйелерінің бүкіл өміршеңдік кезеңі бойына (жоғарыдағы II.A.9 және II.B.5 бөлімін қараңыз), әсіресе бұл жүйелер сот шешімдеріне ықпал етуі мүмкін жағдайларда (мысалы, жүйенің құрылымы, шешім қабылдау қисыны және (немесе) пайдаланылған дереккөздер туралы ақпаратты ашуды талап ету арқылы) ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

130. Заңнамада ЖИ жүйелерінің жұмыс істеуінен туындаған адам құқықтары бұзылған жағдайда қолжетімді және тиімді құқықтық қорғау құралдары көзделуге тиіс.¹⁵³ Бұл құқықтық қорғау құралдары: (i) мемлекеттік органдардың қандай да бір жүйені енгізу туралы шешіміне; (ii) оның құрылымына; (iii) оны нақты жағдайда қолдануға; және (iv) осы жағдайда оның негізінде жасалған тұжырымдарға дау айтуға мүмкіндік беруі керек.¹⁵⁴ Бұл шаралар тиімді болуы үшін

¹⁵³ [Жасанды интеллект, адам құқықтары, демократия және заңның үстемдігі](#) туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясының 14-бабын (Еуропа Кеңесінің № 225 шарттар сериясы) қараңыз.

¹⁵⁴ «ЮНЕСКО-ның ЖИ және сот органдары үшін құқық үстемдігі жөніндегі жаһандық нұсқаулығына» сәйкес (2024, 136-бет): «ЖИ бар ағат пікірлілікті күшейте немесе өршіте алу фактісі елеулі алаңдаушылық тудырады. Бостандық, қауіпсіздік және сотта істің әділ қаралу құқығы адамның физикалық бостандығына немесе жеке қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда, мысалы, полицияның болжамдық бақылау әдістерін қолдану, қайталану қаупін бағалау және үкім шығару

адамдар ЖИ жүйесінің қалай тұжырымдар жасағаны немесе нақты ұсынымдар қалыптастырғаны туралы түсінікті ақпаратқа қол жеткізуге тиіс (жоғарыдағы II.B.5 бөлімін қараңыз).

131. Мемлекеттік органдардың ЖИ жүйелерін кез келген пайдалануына келер болсақ (жоғарыдағы II.A.3 және II.A.9 бөлімдерін қараңыз), сот жүйесінде қолданылатын ЖИ жүйелері басқарудың ашық тетіктеріне бағынуы керек. Бұған жобалық шешімдерге, дереккөздерге, шешім қабылдау процестеріне және белгілі шектеулерге қатысты құжаттама кіреді. Тәуелсіз қадағалаушы органдарға осы жүйелерді үнемі тексеріп отыруға өкілеттік берілуге тиіс, ал мұндай тексерулердің нәтижелері есеп берушілікті қамтамасыз ету мақсатында көпшілікке қолжетімді болуы керек.

G. Конституциялық бақылау

1. Конституциялық бақылау

Тежемелер мен теңестірімелер жүйесі тәуелсіз конституциялық бақылауды қамти ма?

- i. Конституцияда ¹⁵⁵конституцияның сақталуына сот бақылауы көзделе ме? Ол мамандандырылған Конституциялық сот құруды көздей ме?
- ii. Егер Конституцияға сәйкестікті тексеруді қандай да бір басқа орган жүргізсе, онда мұндай бағалаудың тәуелсіздігіне қандай кепілдіктер бар? Олар конституцияда бекітілген бе?
- iii. Егер елде мамандандырылған Конституциялық сот болса, конституцияда оның құрамы, юрисдикциясы, судьялардың мәртебесі және оларға қол сұғылмаушылық кепілдіктері, шағым түсіру құқығы бар адамдар тобы, сондай-ақ Конституциялық соттың қызметі негізделуі тиіс конституциялық қағидаттар бекітілген бе? Сот өзінің процестік нормаларын белгілей ала ма?

132. Конституция ең жоғары құқықтық норма бола отырып, оның қағидаттарын қорғауға, биліктің бөлінуін қамтамасыз етуге және оған кепілдік берілген құқықтарды қорғауға қабілетті қорғаушының болуын талап етеді. Орталықтандырылған немесе орталықсыздандырылған тетік түрінде болсын, конституцияның сақталуына сот бақылауы көпшіліктің пікірі бойынша конституцияның сақталуын қамтамасыз етудің және адам құқықтарын қорғаудың тиімді құралы болып саналады. Осыған байланысты конституциялық сот төрелігі барлық мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің Конституцияға сәйкестігін, сондай-ақ Конституциялық сот немесе ұқсас орган қабылдайтын шешімдердің биліктің барлық тармақтары үшін міндеттілігін қамтамасыз ете отырып, конституциялық демократияның басты элементі және құқық үстемдігінің айқындаушы өлшемшарты болып қала береді.

133. Венеция комиссиясы конституциялық сот төрелігінің бірыңғай моделі жоқ екенін бірнеше рет атап өтті. Ұлттық жүйелер айтарлықтай ерекшеленеді және институционалдық тетіктердің кең ауқымын көрсетеді. Жалпы Комиссия конституциялық соттың немесе ұқсас органның құрылуын мақұлдады.¹⁵⁶ Бұл ретте ол туралы жалпы талап жоқ екенін атап өтіп, ол мұндай органды жеке мекеме ретінде құру нақты елде құқық үстемдігін тиімді қамтамасыз етуге ықпал етуі мүмкін деген пікір білдірді. Егер конституциялық соттың немесе ұқсас органның орнына конституциялық бақылаудың соттан тыс нысаны көзделсе, мұндай бақылауды жүзеге асыратын органның саяси араласудан еркін болуын қамтамасыз ету қажет. Жеке конституциялық соттың немесе ұқсас органның болуы конституциялық құқықтарды қорғаудың жалғыз құралы болып саналмайтын жағдайларда, бұл өлшемшарттың негізгі мақсаты осындай органдар жұмыс

кезінде бұзылуы мүмкін. ... «Қара жәшік» типті ЖИ жүйесі заңгерлерге - судьяларға, адвокаттар мен прокурорларға жүйе жұмысы нәтижелерінің негізін құрайтын қисынды түсінуге мүмкіндік бермейді, бұл қабылданған шешімді негіздеуді және оған шағым түсіруді қиындатады».

¹⁵⁵ Жазбаша конституциясы бар елдер үшін.

¹⁵⁶ Венеция комиссиясы, [CDL-INF\(97\) 2](#), Украина - Украина Конституциясы бойынша қорытынды, XII тарау; [CDL-AD\(2010\)044](#), Украина - Украинадағы конституциялық ахуал туралы қорытынды, 52-тармақ; [CDL-AD \(2016\)025](#). Қырғызстан - «Конституцияға түзетулер мен өзгерістер енгізу туралы» Қырғыз Республикасының заң жобасы бойынша бірлескен қорытынды, 47-т.; [CDL-AD\(2022\)004](#) Чили - Жаңа Конституцияны әзірлеу және қабылдау мәселесі бойынша қорытынды, 52-т.

істейтін юрисдикциялар үшін негізгі мәселелерді айқындау болады. Мұндай мамандандырылған органдары жоқ юрисдикцияларда басқа өлшемшарттарда, атап айтқанда сот төрелігіне қол жеткізуге қатысты F өлшемшартында бекітілген тәуелсіздік, бейтараптық пен тиімділіктің негізгі қағидаттары шешуші мәнге ие болуы мүмкін. Бұл бөлімдегі мәселелер ең алдымен конституциялық соттарға қатысты болғанымен, олар конституциялық бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті ұқсас органдарға да қатысты қолданылады.

134. Мамандандырылған Конституциялық соты бар елдерде оның құрамы, юрисдикциясы, судьялардың мәртебесі және оларға қол сұғылмаушылық кепілдіктері, сотқа жүгінуге құқығы бар адамдар тобы, сондай-ақ Конституциялық соттың қызметі негізделуі тиіс конституциялық қағидаттар оларды үкіметтегі уақытша саяси көпшілік топтардың оларды өзгертуге ықтимал әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ету үшін конституциялық деңгейде бекітілуге тиіс. Сол сияқты, мамандандырылған Конституциялық сотты құру көзделмеген жағдайларда тәуелсіз конституциялық бақылаудың кепілдіктері конституцияда (немесе жазбаша конституциясы жоқ елдер үшін өзге де тиісті заңнамада) бекітілуге және қажет болған жағдайда негізгі заңмен толықтырылуға тиіс. Регламентті Конституциялық соттың өзі Конституция (және орынды болған жағдайда Конституциялық сот туралы заң) шеңберінде оның дербестігінің көрінісі ретінде әзірлеуге тиіс. Конституциялық сот заң шығарушының араласуынсыз жинақталған тәжірибені ескере отырып, оған өзгерістер енгізе алуға тиіс.¹⁵⁷

135. Заң қабылданғаннан кейін конституциялық бақылаудан басқа, заң қабылданғанға дейін конституциялық бақылау тетігі де көзделуге тиіс. Конституцияға сәйкестікті алдын ала тексеру заң жобасын әзірлеу кезеңінде атқарушы билікте не конституциялық құқық жөніндегі сарапшылардың қатысуымен парламенттік комитетте жүргізілуі мүмкін.

2. Құрамы мен мақсаты

Конституциялық сот судьяларының құрамы мен оларды тағайындау тәртібі Конституциялық соттың тәуелсіздігіне жеткілікті кепілдіктер бере ме?

- i. Тағайындау рәсімі Конституциялық сот судьяларының тәуелсіздігіне жеткілікті кепілдіктер бере ме? Атап айтқанда, егер конституциялық судьяларды парламент сайласа, бұл үшін білікті көпшілік талап етіле ме? Мүмкін болатын саяси тығырықтан шығудың конституциялық тетіктері бар ма? Бос лауазымдарға үміткерлер ұзақ уақыт болмаған жағдайда мекеме жұмысында сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейтін судьяның өкілеттік мерзімін оның мирасқоры табылғанға дейін ұзарту көзделе ме?
- ii. Конституциялық сот судьяларының біліктілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін кәсіби талаптар қандай? Олардың бейтараптығына қандай кепілдіктер бар?
- iii. Тәуелсіздіктің тағы қандай кепілдіктері көзделген? Судьяны негізсіз лауазымынан шеттетуден қорғайтын тиісті шаралар бар ма?
- iv. Конституциялық соттың судьясы лауазымын атқаруға байланысты қандай да болсын шектеулер бар ма? Парламенттің әрекет етуші мүшелерін немесе саяси партиялармен байланысты адамдарды Конституциялық соттың судьясы лауазымына тағайындауға тыйым салу заң жүзінде бекітілген бе? Ол практикада қатаң сақтала ма? Өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін немесе одан кейін басқа лауазымдық міндеттерді орындауға қатысты қандай да болсын басқа шектеулер бар ма? Судьялардың бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша басқа да шаралар көзделген бе?

136. Конституциялық соттың құрамы және оның судьяларын сайлау тәртібі соттың тәуелсіздігі мен беделін қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Конституциялық соттар

¹⁵⁷ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2004\)023](#) Әзірбайжан - Әзірбайжан Конституциялық сотының регламенті бойынша қорытынды, 5-6-тармақтар.

әдетте судьялардың едәуір санынан, көбінесе 8-ден 15-ке дейін адамнан тұрады.¹⁵⁸

137. Плюралистік демократияда әртүрлі ерекшеліктерді (гендерлік теңдік, жас, саяси әралуандық, сондай-ақ этникалық, тілдік немесе діни тиістілік) ескеретін теңдестірілген және әралуан құрам институттың бейтараптығы мен инклюзивтілігі, демек оның заңдылығы туралы түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ, атап айтқанда көпұлтты немесе көптілді мемлекеттерде оның шешімдерінің танылуына ықпал етеді. Конституциялық соттың судьяларын іріктеу процесіне бірқатар мемлекеттік органдар мен саяси қайраткерлерді тарту Соттың қабылданатын тәуелсіздігін нығайту ісінде өзінің тиімділігін дәлелдеді.¹⁵⁹

138. Конституциялық сот судьяларын іріктеу заңда белгіленген объективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Осы өлшемшарттарды анықтау кезінде заңдық құзыреттілікке, тәуелсіздікке және адалдыққа ерекше назар аудара отырып, кәсіби қасиеттерге басымдық беру керек. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, конституциялық соттар заң саласында айтарлықтай тәжірибесі немесе жұмыс өтілі бар құқық саласындағы мамандардан - судьялардан, адвокаттардан немесе университет профессорларынан тұрады.¹⁶⁰ Кәсіби біліктіліктен басқа, конституциялық соттардың мүшелігіне үміткерлер адалдық пен жоғары моральдық қасиеттерді көрсетуге тиіс.¹⁶¹

139. Конституциялық сот судьяларының өкілеттік мерзімі әдетте ұзақ: ол белгілі бір мерзімге не міндетті зейнет жасына жеткенге дейін, ал кейбір жүйелерде тіпті өмір бойына белгіленеді. Өкілеттік мерзімі Сот құрамының ұдайы және ішінара жаңартылуын қамтамасыз етуге тиіс. Кезең-кезеңмен жаңарту кейінгі парламенттік көпшілікке тағайындауларға қатысуға мүмкіндік береді. Ұзартылуға жатпайтын ұзақ мерзімдер, әдетте, атап айтқанда, тағайындаушы органдардан тәуелсіздікті қамтамасыз етуге барынша ықпал етуші деп саналады.¹⁶² Конституциялық сот судьяларының өкілеттік мерзімі туралы конституциялық ережелерге өзгерістер енгізілген жағдайда өкілеттік мерзімінің кез келген қысқартылуы жаңа ережелер күшіне енгеннен кейін тағайындалған судьяларға ғана қолданылуға тиіс.¹⁶³

140. Судьяларды парламент сайлайтын жағдайларда білікті көпшілік (мысалы, дауыстардың үштен екі немесе бестен үш бөлігі) туралы талап саясаттандыруға қарсы институционалдық кепілдік болады. Ең алдымен білікті көпшілік негізінде келісімге қол жеткізуге кедергі келтірместен, мұндай процестің созылып кетуіне жол бермеу үшін тығырыққа тірелудің алдын алу тетігі (мысалы, парламенттегі бірнеше сәтсіз дауыс беруден кейін басқа бейтарап органдардың үміткерлерді ұсынуы) көзделуі керек. Тығырыққа тірелудің алдын алу механизмін әзірлеудің бірыңғай моделі жоқ. Венеция

¹⁵⁸ Венеция комиссиясы, [CDL-STD\(1997\)020](#), «Конституциялық соттардың құрамы», III тарау, «Конституциялық соттардың құрамы туралы сауалнамаға жауаптардың салыстырмалы кестесі», 35-т. және одан әрі.

¹⁵⁹ Венеция комиссиясы, [CDL-STD\(1997\)020](#), бұл *дасонда*, 10, 21-беттер; [CDL-AD \(2005\)039](#), Босния және Герцеговина - Босния және Герцеговина Конституциялық сотында дауыс берудің ұсынылатын қағидалары бойынша қорытынды, 3-т.

¹⁶⁰ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)015](#), Босния және Герцеговина - Конституциялық сотқа судьяларды сайлау тәртібі туралы қорытынды, 8-20-тармақтар.

¹⁶¹ Венеция комиссиясы, [CDL-STD \(1997\)020](#), «Конституциялық соттардың құрамы» - «Демократия ғылымы мен техникасы», № 20 (1997), 10-т.; [CDL-AD \(2016\)001](#), Польша - Польша Конституциялық трибуналы туралы 2015 жылғы 25 маусымдағы Заңға түзетулер бойынша қорытынды, 119-т.; [CDL-AD\(2017\)011](#), Армения - Армения Конституциялық соты туралы конституциялық заң жобасы бойынша қорытынды, 12-13-тармақтар.

¹⁶² Венеция комиссиясы, [CDL-STD\(1997\)020](#), «Конституциялық соттардың құрамы» - «Демократия ғылымы мен техникасы», № 20 (1997), 21-т.; [CDL - AD\(2020\)016](#), Армения - Конституциялық сот судьяларының өкілеттіктеріне қатысты Конституцияға түзетулер жобасы мәнмәтінінде үш құқықтық мәселе бойынша қорытынды, 35 және 38-тармақтар; [CDL-AD\(2025\)005](#), Молдова Республикасы - Конституциялық сот туралы заң жобасы бойынша қорытынды, 37-т.

¹⁶³ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2020\)016](#), Армения - Конституциялық сот судьяларының өкілеттіктеріне қатысты Конституцияға түзетулер жобасы мәнмәтінінде үш құқықтық мәселе бойынша қорытынды, 39-т.

комиссиясы Конституциялық соттың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында сот мүшелеріне олардың мирасқорлары тағайындалғанға дейін өз міндеттерін атқаруын жалғастыруды ұсынады.¹⁶⁴

141. Сот билігі тәуелсіздігінің негізгі кепілдіктерінің бірі - Конституциялық сот судьяларының *шеттемілмейтіндігі*.¹⁶⁵ Судьяның өкілеттігін тоқтату жағдайлары нақты айқындалуға, анық, егжей-тегжейлі және нақты құқықтық нормаларда бекітілуге¹⁶⁶ және қатаң процестік кепілдіктермен сүйемелденуге тиіс. Түпкілікті шешімді Конституциялық соттың өзі қабылдауы керек, ең дұрысы - ол оның әрекет етуші мүшелері дауыстарының білікті көпшілігімен қабылдануға тиіс.¹⁶⁷

142. Конституциялық сот судьяларына, әдетте, бір мезгілде басқа лауазымдарды қоса атқаруға тыйым салынады. Лауазымдардың сыйыспаушылығы туралы қағидалар қатандық дәрежесімен ерекшеленеді, бірақ саяси және мемлекеттік, соның ішінде министр, парламент депутаты, жоғары лауазымды мемлекеттік қызметші немесе саяси партияның көшбасшысы сияқты лауазымдарға қатысты, ал конституциялық сот судьяларына өздерінің ғылыми қызметін сақтап қалуға жиі рұқсат етіледі. Бұл қағидалар заңнамада және тиісті жағдайларда конституцияда бекітілуге тиіс.¹⁶⁸

143. Сот төрағасын сыртқы орган тағайындай алады немесе басқа судьялар өз қатарынан сайлай алады, бұл ретте екінші нұсқа, әдетте, Конституциялық соттың тәуелсіздігінің сенімді кепілі болып саналады.¹⁶⁹ Президентті парламент немесе қандай да бір басқа сыртқы орган тағайындаса да, оның тәуелсіздігінің кепілдіктерін қамтамасыз ету қажет. Егер Сот төрағасы белгіленген мерзімде сайланбаса немесе тағайындалмаса, уақытша төрағаның міндетін кім атқаратынын анықтайтын нақты қағидалар белгіленуі керек.

3. Конституциялық сот төрелігіне қол жеткізу

Конституциялық сотқа жүгіну шарттары және қайта қаралуға жататын актілердің қолданылу аясы тиімді конституциялық бақылауды қамтамасыз ете ме?

- i. Заңнама және барлық өзге де нормативтік актілер Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан тексерілуге жата ма?
- ii. Егер нормативтік актілердің конституцияға сай болуын қайта қарау мүмкіндігі туралы қағидалардан тыс жайттар болса, онда бұл ерекшеліктер негізделген бе?
- iii. Азаматтар олардың мүдделерін қозғайтын жекелеген актілерге және жалпы актілерге қатысты конституциялық сот төрелігіне (тікелей немесе жанама) нақты қол жеткізе ала

¹⁶⁴ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2022\)054](#), «Украинаның кейбір заңнамалық актілеріне Украина Конституциялық Сотының судьясына үміткерлердің конкурстық негізде іріктеу рәсімін жетілдіруге қатысты өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы бойынша қорытынды, 58, 59 және 67-тармақтар; [CDL-AD\(2021\)048](#), Сербия - Сот жүйесіне қатысты конституциялық түзетулердің қайта қаралған жобасы бойынша шұғыл қорытынды, 49-т.; [CDL-AD\(2024\)002](#), Босния және Герцеговина - Босния және Герцеговина Конституциялық сотының жұмыс істеуіне қатысты кейбір мәселелер бойынша қорытынды, 22-т.

¹⁶⁵ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2019\)024](#), Армения - Сот кодексіне және басқа да бірқатар заңдарға түзетулер енгізу туралы Венеция комиссиясы мен Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары және заң үстемдігі жөніндегі бас директоратының (DGI) бірлескен қорытындысы, 58-т. Сондай-ақ, бұл мәселе бойынша сот билігінің тәуелсіздігі туралы жоғарыдағы II.F.1 бөлімін қараңыз.

¹⁶⁶ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2005\)015](#), Украина - Конституцияға түзетулер бойынша қорытынды, 46-т.; [CDL-AD\(2017\)011](#), Армения - Армения Конституциялық соты туралы конституциялық заң жобасы бойынша қорытынды, 19-т.

¹⁶⁷ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2005\)015](#), Украина - Конституцияға түзетулер бойынша қорытынды, 46-т.; [CDL-AD\(2016\)025](#), Қырғызстан - Қырғыз Республикасының «Конституцияға түзетулер мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы бойынша бірлескен қорытынды, 54-т.

¹⁶⁸ [CDL-STD\(1997\)020](#), «Конституциялық соттардың құрамы» - «Демократия ғылымы мен техникасы», № 20 (1997), 15-т.

¹⁶⁹ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2011\)016](#), Венгрия - Жаңа Конституция бойынша қорытынды, 94-т.

ма?

iv. Конституциялық сотта істерді қарау рәсімі бейтараптыққа, процестік нормалар мен тиімділікке жеткілікті түрде кепілдік бере ме?

144. Конституциялық соттардың құзыреті, әдетте, нормативтік актілер мен институционалдық мәселелердің кең ауқымына қолданылады. Оларға әдетте кәдімгі және жалпы заңдарды, конституциялық заңдарды, қаулыларды, заң шығарушы органдардың және басқа органдардың ішкі регламенттерін қарау, сондай-ақ халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкестігін тексеру жатады. Конституциялық соттар сонымен қатар билік тармақтары арасында нормативтік-құқықтық өкілеттіктерді бөлуге қатысты дауларды, соның ішінде орталық билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы немесе биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтары арасындағы шиеленістерді қарай алады. Сайлау дауларына қатысты мәселелер көптеген конституциялық соттардың құзыретіне жатады. Бұдан өзге, мұндай мәселелерге сайланбалы өкілдердің мәртебесіне, саяси партиялардың негізгі құқықтары мен заңдылығын қорғауға қатысты мәселелер кіруі мүмкін. Кейбір жүйелерде конституциялық соттар төтенше жағдай енгізудің немесе заң шығарушы палаталарды таратудың алдында міндетті консультациялар сияқты консультативтік функцияларды да атқарады. Бұған қоса, ықтимал конституциялық емес заңдарды соттың қайта қарауынан қорғау (төтеншелік немесе шеттету туралы ережелер арқылы) конституцияның үстемдігіне тікелей қол сұғушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.¹⁷⁰

145. Конституциялық бақылаудың тиімділігі үшін сот қорғауына қол жеткізу шешуші мәнге ие. Жеке шағым ең тиімді қорғану құралы болып шықты. Конституциялық соттарға тікелей жеке қол жеткізу негізгі құқықтарды қорғауды күшейтуге ықпал еткенімен, бұл көбінесе соттарға жүктеменің едәуір артуына әкеледі. Осы проблеманы шешу үшін жеке шағымдарды қарауды көздейтін жүйелер, әдетте, қолайсыз немесе анық негізсіз істерді іріктеуге мүмкіндік беретін процестік кепілдіктерді қамтиды. Жанама жеке қол жеткізудің бірқатар артықшылықтары (жіберуші органның заң сараптамасы тиімді сүзгі болады) бар және Венеция комиссиясы әртүрлі тетіктердің теңгерімділігін қамтамасыз ете отырып, жанама қол жеткізуді тікелей қол жеткізудің қандай да бір түрімен ұштастыруды орынды деп санайды.¹⁷¹ Конституциялық шағым берер алдында барлық қолжетімді құқықтық қорғау құралдарының сарқылуы туралы талап Конституциялық соттың шамадан тыс жүктелуінің алдын алуға арналған және конституциялық шағым беру тетігінің қосалқы сипатын көрсетеді.

146. Жеке қол жеткізу нысандарының бірі бойынша қозғалған істерді қарау үшін шағын судьялар алқаларын құру сотқа жүктемені азайтудың пайдалы тәсілі бола алады, бұл ретте пленарлық отырыс жаңа немесе маңызды мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда ғана өткізіледі. Алқа құрамы толық құрамның теңгерімін көрсетуге тиіс. Конституциялық сотты құру туралы заңда палаталардың қарама-қайшы шешімдері болған жағдайда пленарлық отырыстың шешім шығару мүмкіндігінің көзделгені маңызды. Өйтпесе, Конституциялық соттың сот практикасының біртұтастығына қауіп төнеді. Бұдан өзге, істерді палаталар арасында бөлу кезінде немесе судьялар алқаларының құрамын жасақтау кезінде ағат пікірліліктің кез келген ықтималдығына жол бермеу үшін айқын қағидалар белгіленуі керек.¹⁷²

147. Судьялардың ең аз санының қатысуын болжайтын нақты шешім қабылдау үшін қажетті кворум шешім қабылдау процесінің институционалдық заңдылығын және соттың алқалы орган ретінде тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Дауыс беруге қойылатын тым қатаң талаптар, әсіресе заңдардың конституцияға сәйкестігі туралы әдеттегі шешімдер қабылдау кезінде Соттың шешім қабылдау процесін қиындатып, оның тиімсіздігіне әкеп соғуы мүмкін.¹⁷³ Мұндай жағдайларда Сот өзінің негізгі функциясын орындауға -

¹⁷⁰ Бұл да сонда, 113-т.

¹⁷¹ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2010\)039rev](#), Әркімнің конституциялық сотқа жүгіну құқығы туралы мәселе бойынша зерттеу, 108-т.

¹⁷² Бұл да сонда, 225-т.

¹⁷³ Мысалы, Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)002](#), Босния және Герцеговина - Босния және Герцеговина Конституциялық сотының қызметіне қатысты жеке мәселелер бойынша қорытындының 16 және 17-тармақтарын қараңыз.

Конституцияның сақталуын қамтамасыз етуге қабілетсіз болып қалуы мүмкін. Процестің созылып кетуіне және дауыстар санының тең болуына жол бермеу үшін тығырыққа тірелудің алдын алу тетіктері көзделуі керек.

148. Тыңдаулар ашық және жабық режимде өткізілуі мүмкін. Ауызша тыңдаулар тараптар мен судьялардың арасындағы тікелей өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және сотта істі қарауды жеделдету сияқты маңызды функцияларды орындай алатынына қарамастан, ¹⁷⁴сот орынды болған жағдайда өз қалауы бойынша істі қарауды жазбаша түрде жүргізу құқығын өзінде қалдыруға тиіс. Бұл сотқа жеке шағымдармен көп міндет жүктемеу үшін маңызды болуы мүмкін.¹⁷⁵ Өтініш берушінің немесе іс жүргізуге бастамашы тараптың, қалай болғанда да, өз ескертулерін беру арқылы сотта сөз сөйлеу мүмкіндігінің болуы маңызды. Мұндай шаралар процестік әділдіктің сақталуына ықпал етеді және конституциялық процесс барысында барлық мүдделердің тиісті түрде ескерілетініне кепілдік береді.

4. Шешімдердің салдары

Конституциялық соттың шешімдері мен қаулыларының тиімді орындалуы қамтамасыз етіле ме?

- i. Мемлекеттік билік органдары мен азаматтар Конституциялық соттың шешімдері мен қаулыларын орындай ма? Конституциялық емес деп танылған құқықтық актіні қабылдау арқылы Конституциялық сот шешімдерінің күшін жоюға тыйым бар ма?
- ii. Парламент пен атқарушы билік Конституциялық соттың шешімдері мен уәждемелік бөлігін іс жүзінде ескере ме? Олар конституциялық сот анықтаған немесе қалыптастырған заңнамадағы немесе нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды орынды мерзімде жоя ма?
- iii. Конституциялық, жоғарғы және әдеттегі соттар ұлттық деңгейден жоғары органдардың, атап айтқанда ұлттық деңгейден жоғары соттардың шешімдерін орындауға міндетті ме? Бұл міндеттен тыс жайттар бар ма?
- iv. Егер конституцияға сәйкес келмеуі негізінде апелляция нәтижесінде жалпы сот шешімінің күші жойылса, істі қарау қайта бастала ма және ол Конституциялық сот баяндаған дәлелдерді ескере отырып, жалпы сотта қарала ма?

149. Конституциялық соттың шешімдерін жариялау премьер-министрдің, үкіметтің немесе қандай да бір басқа саяси органның қандай да болсын араласуына байланысты болмауға тиіс.¹⁷⁶ Конституциялық соттың шешімдері істің мәні бойынша барлық мемлекеттік билік органдары, соның ішінде мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың лауазымды адамдары, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болуы және адал орындалуы керек. Мұндай шешімдерді орындамау Конституция үстемдігі қағидатын бұзу болып есептеледі. Жаңа жекелеген заңдарды қабылдау кезінде басқа мемлекеттік органдар Конституциялық соттың шешімдерінде баяндалған құқықтық негіздемелерді ескеруге міндетті. Заң шығарушы органның заңнаманы қабылдау немесе оған өзгерістер енгізу кезінде Конституциялық соттың қаулыларын назарға алуы өте маңызды. Егер Конституциялық сот заңды конституцияға сәйкес келмейді деп таныса, бұл заң шығарушы органды Конституциялық сот конституцияға сәйкес келмейді деп таныған заңның мазмұнымен бірдей жаңа заң қабылдау құқығынан айырады.

150. Конституциялық соттың нормативтік актілердің күшін жою туралы шешімдерінің құқықтық

¹⁷⁴ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2004\)035](#), Ресей Федерациясы - «Ресей Федерациясының Конституциялық соты туралы» федералдық конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» федералдық конституциялық заң жобасы бойынша қорытынды, 4-т.

¹⁷⁵ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2008\)029](#), Қырғызстан - «Конституциялық іс жүргізу туралы» Заңға және «Конституциялық сот туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бойынша қорытынды, 44-т.

¹⁷⁶ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2016\)026](#), Польша - Конституциялық Сот туралы заң бойынша қорытынды, 82-т.

салдарлары юрисдикцияға байланысты ерекшеленуі мүмкін және көбінесе олардың қолданылу аясын реттейтін заңнамалық ережелерге байланысты болады.¹⁷⁷ «*Ex tunc*» (яғни кері күш) қағидатын қатаң қолдану кейбір жағдайларда ауыр әлеуметтік салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін.

151. Көптеген ұлттық конституцияларда халықаралық және ұлттық деңгейден жоғары құқық нормаларын сақтау міндеті бекітілген. Мұндай жағдайларда ұлттық конституциялық соттар ұлттық конституциялық қағидаттардың қорғаушылары ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық құқықтық жүйе шеңберінде халықаралық және ұлттық деңгейден жоғары құқықтың қорғаушылары ретінде де әрекет етеді. Құрылыстық Еуропада көптеген конституциялық соттар АҚЕК қорғайтын адам құқықтары мен басқа да конституциялық қағидаттардың сақталуын АҚЕС шешімдері беретін түсіндірмеде қамтамасыз етуге міндетті. ЕО-ға мүше мемлекеттер үшін конституциялық соттар кез келген басқа соттар сияқты ЕО заңнамасынан туындайтын құқықтар мен міндеттерді, соның ішінде ЕО құқық үстемдігі қағидатын, сондай-ақ мүше мемлекеттер ЕО заңнамасы шеңберінде әрекет ететін жағдайларда - ЕО негізгі құқықтар хартиясын сақтауға міндетті. Америка құрылығына келетін болсақ, Адам құқықтары туралы американдық конвенцияны ратификациялаған Америка мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер оны ұлттық деңгейде қолдануға міндетті, ал олардың Адам құқықтары жөніндегі америкааралық соттың (АҚААС) юрисдикциясын мойындағандары оның Конвенцияны түсіндіруін басшылыққа алуға міндетті. Дуалистік құқық жүйесі бар мемлекеттерде өзге де пікірлер болуы мүмкін, алайда мәнмәтіне байланысты тиісті ұлттық соттар тиісті жағдайларда ұлттық деңгейден жоғары органдардың шешімдерін ескеруге құқылы немесе тіпті міндетті болуы мүмкін.

Н. Құқық үстемдігі үшін ерекше сын-қатерлер

1. Құқық үстемдігін қалпына келтіру

Құқықтың құлдырау кезеңінен кейін оның үстемдігін қалпына келтіруге бағытталған шаралардың өзі құқық үстемдігінің жалпы стандарттарына сәйкес келе ме?

- i. Құқық үстемдігіне қатысты жағдайдың нашарлауының себептері мен салдарына жан-жақты диагностикалау жүргізілген бе? Қалпына келтіру шараларын іске асырудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлары бар ма?
- ii. Құқық үстемдігін қалпына келтіру халықаралық соттың міндетті шешімдерін немесе халықаралық қадағалаушы органның міндетті күші жоқ қорытындыларын орындау ниетіне негізделген бе?¹⁷⁸ Егер солай болса, осы ұйымдардың барлық тиісті талаптары немесе ұсынымдары тиісті түрде ескеріле ме?
- iii. Қалпына келтіру жөніндегі шаралар Конституцияның негізге алынатын қағидаттарына сәйкес келе ме?
- iv. Істердің жай-күйін қалпына келтіру жөніндегі шаралар Конституциялық сотқа қатысты бола ма? Егер солай болса, оның тәуелсіз орган және объективті төреші ретіндегі рөлі құрметтеле ме?
- v. Құқық үстемдігін қалай қалпына келтіру туралы шешімдер қабылдауға жұртшылықтың көңінен қатысуы қамтамасыз етілген бе?
- vi. Өртүрлі мүдделер арасындағы қақтығыстарды реттеу кезінде шамаластық қағидаты сақтала ма? Судьялардың субъективті құқықтары ескеріле ме? Құқықтары қалпына келтіруші сот төрелігі шараларымен қозғалатын

¹⁷⁷ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2010\)039rev](#), Әркімнің конституциялық сотқа жүгіну құқығы туралы мәселе бойынша зерттеу, 167-т.

¹⁷⁸ Венеция комиссиясының Польшадағы Конституциялық соттың реформасын бағалау тәсілін қараңыз: «(...) Конституциялық сот реформасының проблемасы мен мәнмәтінін назардан тыс қалдырмай, ол Польша Конституциялық сотының реформасын, ең алдымен, АҚЕС шешімдерін орындау шарасы ретінде қарастырады (...)» ([CDL-AD\(2024\)035](#), Польша - Конституциялық трибуналға қатысты Конституцияға түзетулер жобасы бойынша және Конституциялық Трибунал жөніндегі екі заң бойынша қорытынды, 18-т.).

- vii. судьялардың иелігінде қолжетімді құқықтық қорғау құралдары бар ма?
Құқықтық анықтылық қағидаты, «*res judicata*» (сот шешімдерінің тұжырымдылығы) қағидаты және судьялардың шеттетілмеу қағидаты сияқты құқық үстемдігінің негізгі қағидаттарынан ауытқу маңызды қажеттілікпен негізделген және шамалас болып табыла ма?

152. Тіпті тұрақты және берік болып көрінетін құқықтық жүйелер де заңның үстемдігіне нұқсан келтіретін өзгерістерден сақтандырылмаған. Мұндай өзгерістер құқық үстемдігі мәселелері бойынша осы бақылау тізімінде анықталған көптеген өлшемшарттарға әсер етуі мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, сот жүйесінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіру мұндай жағдайларда алғашқы және шешуші фактор болады, өйткені тәуелсіз соттар - құқық үстемдігінің негізгі кепілі.

153. Сот жүйесін елеулі өзгертетін реформаларға, әсіресе, егер олар соттардың кадрлық құрамына қатысты болса, кешенді тәсілді қолдану қажет. Реформалар жүйенің кемшіліктерін жою үшін қажет болуы мүмкін, бірақ бұл ретте олардың өзі құқық үстемдігінің негізгі қағидаттарына сәйкес келуге тиіс. Құқық үстемдігін қалпына келтіру міндетті түрде бұрынғы жағдайға оралуды білдірмейді және практика көрсеткендей, бұзылуға осал жүйені қайта құруға әкелмеуі керек. Керісінше, құқық үстемдігін кез келген қалпына келтіру болашаққа сенімді кепілдіктер қалыптастыру үшін жағдайдың нашарлауына әкелген кемшіліктердің өзін жоюға бағытталуға тиіс.

154. Биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының сот төрелігін жүзеге асыруға сәйкессіз және негізсіз араласуы құқықтық жүйеде тежемелер мен теңестірімелер жүйесінің жұмыс істеуіне қауіп төндіреді.¹⁷⁹ Сонымен қатар, бұл жеке адамның құқықтарын қорғауға қауіп төндіреді. Мысалы, АҚЕС және ЕО Соты, егер бұл тағайындаулар тиісті емес рәсімдерге негізделсе, судьяларды тағайындау кезінде елеулі бұзушылықтар болған жағдайда, «заңмен құрылған сот» құқығының мәніне қауіп төнуі мүмкін деп қаулы етті.¹⁸⁰ Судьялардың жұмысына қатысты реформалар олардың құқықтарын бұзуы да мүмкін (АҚЕК 6, 8 және 10-баптары).¹⁸¹

155. Конституциялық соттардың биліктің бөлінуін қамтамасыз етудегі және Конституциямен кепілдік берілген құқықтарды қорғаудағы маңызды рөлін ескере отырып, олардың құрамындағы, құзыретіндегі және жұмыс әдістеріндегі өзгерістер мұқият талданып, құқық үстемдігінің негізгі қағидаттарын ескеруге тиіс. Тіпті конституциялық көпшілік қабылдаған түбегейлі шаралар қажет болып көрінгенімен, бұл олардың болашақ конституциялық көпшілік үшін дәлел және үлгілілі оқиға болу қаупіне әкеп соқтырады.¹⁸² Конституциялық сот төрелігі институтына жұртшылықтың сенімін қалпына келтіру аса маңызды мәнге ие.¹⁸³

156. Жалпы құқықтық жүйе үшін сот билігі тәуелсіздігінің маңыздылығын ескере отырып, заң үстемдігін тиімді қалпына келтіру үшін орынды мерзімде одан ауытқу жағдайында, атап айтқанда өтпелі шаралар қабылдау арқылы құқықтық анықтылық сияқты қағидаттарды ескеру қажет (заңдық болжалдарға, «*res judicata*» (күшіне енген сот шешімінің күші) қағидатына, болжамдылыққа және бейретроактивтілікке қатысты жоғарыдағы II.B.1 және II.B.4 бөлімдерін

¹⁷⁹ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2017\)031](#), Польша - Ұлттық сот билігі кеңесі туралы заңға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы бойынша; Польша Президенті ұсынған Жоғарғы сот туралы заңға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы және Жалпы юрисдикциядағы соттарды ұйымдастыру туралы заң бойынша қорытынды, 129-т.

¹⁸⁰ Оның 2019 ж. 19 қарашадағы [C-585/18](#), А.К. (Жоғарғы сот Тәртіптік палатасының тәуелсіздігі) ісі бойынша алдын ала шешімін; 2021 ж. 15 шілдедегі [C-791/19](#), Комиссия Польшаға қарсы (Судьяларға қатысты тәртіптік режим) ісі бойынша Үлкен палатаның шешімін; және 2023 ж. 21 желтоқсандағы [C-718/21](#), Л.Г., бойынша Үлкен Палатаның шешімін, 59–62-тармақтарды қараңыз.

¹⁸¹ АҚЕС, «Грженда Польшаға қарсы» ісі [ГК], № [43572/18](#), 2022 ж. 15 наурыз; «Тулея Польшаға қарсы» ісі, № № [21181/19](#) және [51751/20](#), 2023 ж. 6 шілде.

¹⁸² Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)035](#), Польша - Конституциялық трибуналға қатысты Конституцияға түзетулер жобасы бойынша және Конституциялық трибунал туралы екі заң бойынша қорытынды, 34-т.

¹⁸³ Бұл да сонда, 35-т.

қараңыз).

157. Жоғарыда айтылғандай, құқық үстемдігін қалпына келтіру мақсатында қабылданатын кез келген шара құқық үстемдігінің жалпы талаптарына сәйкес келуге тиіс. Алайда, бұл тұрғыда құқық үстемдігінің әртүрлі - бір қарағанда бір-біріне қарама-қайшы элементтері арасындағы теңгерімді іздеу талап етілуі мүмкін.¹⁸⁴

158. Заңның үстемдігін қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы шешім қабылдаған кезде жүйенің кемшіліктерінің ауырлығын, оның қолданылу мерзімін, сондай-ақ қоғамның сеніміне қаншалықты зиян келтірілгенін ескеру қажет.¹⁸⁵

159. Судьяларды жұмыстан шығару немесе *ex tunc* шешімдерін мойындау (басынан бастап) сияқты түбегейлі шаралар қабылдау мұқият талдауды және жеке судьяларға қатысты кез келген шешімдерді сотта қайта қарау мүмкіндігі сияқты кепілдіктерді талап етеді.¹⁸⁶ Әйтпесе, мұндай шаралар құқықтық анықтылыққа нұқсан келтіруі және осылайша олар қызмет етуге арналған мақсаттарды жоққа шығаруы мүмкін.¹⁸⁷ Барлық қалпына келтіру шараларына қолданылатын басшылыққа алынатын қағидат орынды және объективті бақылаушының жүйенің жұмыс істеуінің тәуелсіздігіне сенімділігін қалпына келтіру болуға тиіс.

160. Құқық үстемдігін қалпына келтіру тиімді болуы үшін белгісіздік кезеңін барынша азайту мақсатында тиісті мәселелердің кешіктірілмей және ашықтық қағидаты негізінде шешілгені өте маңызды.¹⁸⁸

2. Құқықтық және азаматтық білім беру

а. Құқықтық білім беру

Заңгерлік білім адам құқықтарына, демократияға және заң үстемдігіне деген құрметті нығайтуға қаншалықты ықпал етеді?

- i. Конституциялық құқық құқықтану бойынша бакалавриат бағдарламасындағы міндетті пән бе? Демократия, құқық үстемдігі және адам құқықтары тақырыптары конституциялық құқық курсының міндетті бөлімдері болып табыла ма, сондай-ақ олар халықаралық жария құқық, ЕО құқығы, әкімшілік құқық, қылмыстық-процестік құқық және т.б. қоса алғанда, заң бағдарламасының басқа да тиісті пәндеріне енгізілген бе?¹⁸⁹

¹⁸⁴ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)018](#), Польша - Польша Ұлттық сот билігі кеңесі туралы заңға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы бойынша Венеция комиссиясы мен Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары және заң үстемдігі жөніндегі бас директоратының шұғыл бірлескен қорытындысы, 31-т.

¹⁸⁵ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)035](#), Польша - Конституциялық трибуналға қатысты Конституцияға түзетулер жобасы бойынша және Конституциялық трибунал туралы екі заң бойынша қорытынды, 18-т.

¹⁸⁶ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)029](#), Польша - Судьялардың мәртебесін реттейтін еуропалық стандарттар туралы Венеция комиссиясы мен Адам құқықтары және құқық үстемдігі жөніндегі бас директораттың бірлескен қорытындысы, 22-т. (және 36-т.); 42-45-тармақтар.

¹⁸⁷ Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)035](#), Польша - Конституциялық трибуналға қатысты Конституцияға түзетулер жобасы бойынша және Конституциялық трибунал туралы екі заң бойынша қорытынды, 38-т. және одан әрі.

¹⁸⁸ «Толыққанды жұмыс істейтін сот жүйесін жедел (қайта) құру қажеттілігі мысалы, сот бақылауының қандай да бір нысанының толық болмауын емес, процестік нормаларды қолданудағы кейбір өзгерістерді негіздей алатынын, бұл, бәлкім, АҚЕК 6-бабын бұзуы мүмкін» екенін айта кету керек (Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2024\)029](#), Польша - Судьялардың мәртебесін реттейтін еуропалық стандарттар туралы Венеция комиссиясы мен Адам құқықтары және құқық үстемдігі жөніндегі бас директораттың бірлескен қорытындысының 36-т. қараңыз).

¹⁸⁹ Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер үшін бұл Еуропа Кеңесінің демократия, адам құқықтары

- ii. Студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ету үшін бакалавриатта құқықты оқыту жеткілікті түрде тиімді ұйымдастырылған ба?
- iii. Заң мамандықтары бойынша бағдарламалар ұсынатын жаңа университеттер мен колледждерді құру заңнамамен реттеле ме? Жоғары оқу орындарында заңгерлік білім беру сапасын бақылаудың тиімді ішкі және сыртқы тетіктері бар ма?¹⁹⁰
- iv. Кәсіптік білім¹⁹¹ беретін университеттер мен басқа мекемелерде оқу бағдарламалары, оқытушыларды тағайындау, студенттерді оқуға қабылдау, басқару¹⁹² және қаржыландыру мәселелерінде олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін жеткілікті кепілдіктер бар ма?¹⁹³
- v. Университеттер және (немесе) кәсіптік ұйымдар заңгерлер үшін біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұсына ма? Мұндай курстар қаншалықты міндетті болады?¹⁹⁴

161. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Кеңесі және Еуропалық парламент сияқты бірқатар халықаралық ұйымдар мен олардың мекемелері жоғары сапалы заңгерлік білім беруді қамтамасыз ету қажеттілігін мойындайтын құжаттарды жариялады.¹⁹⁵ Нақты адам құқықтары саласына келетін болсақ, адам құқықтары 1948 жылғы «Адам құқықтарының

және құқық үстемдігі саласындағы құқықтық нормаларын, атап айтқанда Адам құқықтарын қорғау туралы еуропалық конвенцияны қамтиды. Мысалы, Еуропа Кеңесінің [OCEAN](#) (Еуропа Кеңесінің ашық академиялық желісі) бастамасын қараңыз, ол 46 мүше мемлекеттің университеттері мен ғылыми-зерттеу мекемелерін адам құқықтарын қорғау, демократия және құқық үстемдігі деген ортақ мақсаты төңірегінде біріктіреді. ЕО-ға мүше мемлекеттер үшін бұл ЕО конституциялық құқығының тиісті қағидаттарын да қамтиды.

¹⁹⁰ Мысалы, АҚЕС, 2013 ж. 2 сәуірдегі №№ [25851/09](#), [29284/09](#) және [64090/09](#) «Тарантино және басқалар Италияға қарсы» ісінің

48-52-тармақтарын қараңыз, онда Сот: «Жеке меншік оқу орындарына қолжетімділік үміткерлердің біліктілігіне және таңдалған мамандыққа сәйкестігіне қарамастан, олардың қаржылық мүмкіндіктері негізінде ғана берілмеуі үшін мемлекеттің осы секторды, әсіресе білім берудің ең төмен және барабар деңгейі бірінші дәрежелі мәнге ие болатып қарастырылып отырған оқыту салаларында қатаң түрде реттеуге құқығы бар» деп атап көрсетеді. Әрбір мемлекеттің сапаны ішкі және сыртқы бақылауды қалай ұштастыратындығы оның қалау еркіндігі шегінде болады. Қажет деп саналатын кез келген сыртқы бақылау шаралары шамадан тыс бюрократиялық және ауыртпалықты болмағаны, сондай-ақ академиялық еркіндікке қауіп төндірмегені маңызды.

¹⁹¹ Заңгерлік кәсіп кәсіби біліктілік болып саналатындықтан, адвокаттар кеңестері мен сот қауымдастықтары сияқты басқа субъектілердің академиялық еркіндікті сақтай отырып, жекелеген университеттік курстардың мазмұнына белгілі бір ықпалын тигізуге құқығы бар.

¹⁹² Венеция комиссиясы, [CDL-AD\(2021\)029](#), Венгрия - 2020 жылдың желтоқсанында Венгрия парламенті қабылдаған Конституцияға түзетулер бойынша қорытынды, 65-т.

¹⁹³ Академиялық еркіндік білім алу құқығы және сөз бостандығы сияқты әртүрлі танылған құқықтар түріндегі құқықтық негізге ие. Академиялық еркіндік туралы қосымша ақпаратты, мысалы, Білім алу құқығы туралы арнайы баяндамашы Фарида Шахидтің 2024 жылғы 24 маусымдағы [A/HRC/56/58](#) баяндамасынан қараңыз. Ол институционалдық және жеке аспектіден тұрады және академиялық қоғамдастықта да, одан тыс жерлерде де, соның ішінде жұртшылықпен қарым-қатынастарда да қолданылады.

¹⁹⁴ Мысалы, Адвокаттық қызметті жүзеге асыру бостандығы туралы Еуропа Кеңесінің № R(2000)21 ұсынымының II.2 бөлімін қараңыз: «Заңгерлік даярлық пен кәсіби әдептің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды кәсіпке жіберудің, сондай-ақ адвокаттардың үздіксіз білім алуын ұйымдастырудың міндетті шарты ретінде қабылдау керек».

¹⁹⁵ [Біріккен Ұлттар Ұйымының Адвокаттардың рөліне қатысты негізгі қағидаттары](#), 9-т. (1990); [Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары саласындағы білім беру және даярлау туралы декларациясы](#) (2011); Университетте білім беру және кәсіптік даярлау мәнмәнінде адам құқықтары туралы еуропалық конвенция туралы Еуропа Кеңесінің [Rec\(2004\)4](#) ұсынымы; Еуропа Кеңесінің демократиялық азаматтық бағытындағы білім беру және адам құқықтары саласындағы білім беру жөніндегі хартиясы туралы [CM/Rec\(2010\)7](#) ұсынымы; Еуропа Кеңесінің [HELP](#) бағдарламасы (Заңгерлерге арналған адам құқықтары саласындағы оқыту); Еуропалық парламенттің 2006 ж. 23 наурыздағы [P6 TA \(2006\) 0108](#) заңгерлік кәсіптер және құқықтық жүйелердің жұмыс істеуіне қоғамдық қызығушылық туралы қарары; ЮНЕСКО, Адам құқықтары саласындағы дүниежүзілік білім беру бағдарламасы.

жалпыға ортақ декларациясында» тұжырымдалған «адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық» тұжырымдамасына негізделген серпінді ұғым ретінде қарастырылатынын атап өту керек.¹⁹⁶ Адам құқықтарының мұндай серпінді тұжырымдамасы құқықтық білім берудің уақыт өте олардың дамуымен қатар жүруін талап етеді.¹⁹⁷ Бұл курстар академиялық еркіндікті, соның ішінде ғылыми қызмет бостандығын сақтай отырып оқытылуға тиіс. Академиялық еркіндік Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар хартиясында (13-бап), сондай-ақ қатысушы мемлекеттерді «ғылыми зерттеулер мен шығармашылық қызмет үшін қажетті еркіндікті құрметтеуге» міндеттейтін Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 15-бабының 3-тармағында тікелей бекітілген.¹⁹⁸

162. Сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін, мысалы, семинарларда проблемаға бағытталған оқыту, Сократ әдіс, заң консультациялары және т.б. сияқты көптеген оқыту әдістері бар. Заңгерлік білім беру жүйесінде дәрістер бұрынғысынша маңызды рөл атқарса да, бұл жүйенің едәуір бөлігі интерактивті оқыту әдістерінен тұруы керек.

b. Азаматтық білім беру

Жұртшылық адам құқықтарының, демократияның және құқық үстемдігінің маңыздылығын қаншалықты біледі?

- i. Мектеп білімінде демократия, адам құқықтары және құқық үстемдігі мәселелерінің қоғам үшін маңыздылығы қаншалықты атап көрсетіледі?
- ii. Азаматтық қоғам ұйымдары, соның ішінде заңгерлер қауымдастықтары құқық үстемдігі мен адам құқықтары мәселелері бойынша қоғамдық пікірталасқа қатыса ма?

163. Тәжірибе көрсеткендей, құқық үстемдігі кез келген басқа конституциялық құндылық сияқты берік және жалпы мәдениетке негізделуге тиіс. Жазбаша қағидаттар өзін-өзі толық қамтамасыз етпейді. Институционалдық кепілдіктер тиісті түрде жұмыс істеуі үшін конституциялық және әдеп құндылықтары заңгерлердің (судьялардың, прокурорлардың, мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін және жеке практикамен айналысушы заңгерлердің) және мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдардың қалыптасқан практикасының ажырамас бөлігі болуға тиіс. Атап айтқанда, сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету сапалы оқыту мен тәлімгерлікке байланысты. Неғұрлым жалпы мағынада құқық үстемдігі қағидаттарын сақтайтын мемлекеттік басқарудың тиімді және пәрменді жүйесі әлеуметтік капиталға ғана сүйеніп қоймай, сонымен қатар оның қалыптасуына ықпал етеді.¹⁹⁹ Адамның қадір-қасиетін құрметтеуді, сондай-ақ жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған бастауыш және орта мектеп білімі азшылық топтар мен жеке азаматтардың құқықтары көпшіліктің негізсіз қол сұғуынан қорғалған бейбіт қоғам құруда ерекше рөл атқарады. Керісінше, егер халық сот жүйесіне немесе мемлекеттік билік органдарына сенім білдірмесе және адам құқықтары мен құқық үстемдігін сақтаудың маңыздылығын түсінбесе, демократия мен құқық үстемдігінен ауытқу қаупі жоғары болады. Демек, азаматтық қоғам ұйымдары, соның ішінде заңгерлер қауымдастықтары

¹⁹⁶ Мысалы, «адам құқықтары» немесе «адам мен азаматтың құқықтары және міндеттері» туралы неғұрлым ерте ұғымдардан айырмашылығы.

¹⁹⁷ Мысалы, адам құқықтарын құрметтеу міндеттемесіне қатысты АҚЕК 1-бабы тұрақты міндеттеме болып табылады, бұл: қажет болған жағдайда мемлекет АҚЕС шешімінде көзделгендей, өз заңнамасын Конвенция талаптарына сәйкес келтіру үшін оған өзгерістер енгізуге міндетті дегенді білдіреді. Мемлекеттер сонымен қатар өздеріне ғана емес, басқа мемлекеттердің де мүдделерін қозғайтын сот шешімдерін ескеруге тиіс (мысалы, АҚЕС, 2009 ж. 9 маусымдағы № [33401/02](#) «Опуз Түркияға қарсы» ісінің 163-т. қараңыз).

¹⁹⁸ АҚЕС атап өткендей:» академиялық еркіндік ((...) пікір білдіру және іс-қимыл бостандығына, ақпарат тарату бостандығына, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу және білім мен ақиқатты қандай да болмасын шектеусіз тарату бостандығына кепілдік беруі керек» (2018 ж. 19 маусымдағы № [20233/06](#) «Кула Түркияға қарсы» ісі, 38-т.). Сондай-ақ, 2009 ж. 23 маусымдағы № [17089/03](#) «Сорғуч Түркияға қарсы» ісінің § 35, 2009 ж. 20 қазандағы № [39128/05](#) «Ломбарди Валлаури Италияға қарсы» ісінің 43-т. қараңыз.

¹⁹⁹ Мысалы, Бо Ротштейн, Дитлинд Штолпе, «Мемлекеттік басқару сапасы және әлеуметтік капитал: саяси институттар және жалпыланған сенім теориясы», QoG WORKING PAPER SERIES 2007:2 құжатын қараңыз.

(адвокаттар алқалары және т.б.) осы құндылықтарға қатысты жұртшылықты ағартуға мүмкіндік алуға және ұмтылуға тиіс. Бұдан өзге, барлық азаматтар үшін, әсіресе жастар үшін сапалы азаматтық білім беру құқық үстемдігі қағидаттарына негізделген институционалдық құрылымның ажырамас бөлігін құрайды.²⁰⁰

²⁰⁰ Мысалы, Венеция комиссиясының [«Құқық үстемдігі: практикалық нұсқаулық»](#) (2025 ж.) жарияланымын және Еуропалық комиссияның құқық үстемдігіне арналған [анимациялық роликтерін](#) қараңыз.